

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



*Қазақстан*  
**КОММУНИСТІ**

8

АВГУСТ

1969

# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН ҚП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және СЯСИА ЖҰРНАЛЫ

8 АВГУСТ 1969

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді

## М А З М Ұ Н Ы

Бас мақала — Партиялық демократия мен тәртіп . . . . . 3

### ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Б. Ермұқанов — Марксизм-ленинизм принциптеріне адалдық . . . . . 9  
Л. Байділдин — Социалистік революция теориясының жеңімпаз күші . . . . . 15  
Ө. Сейітов — Социалистік заңдылық қатаң сақталсын . . . . . 20

### ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Н. Кручина — Тыңдағы ерлік дастаны . . . . . 36  
П. Пахмурный — Орал осылай азат етілген . . . . . 33

### КӨСЕМНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

В. И. Ленин өмірбаянының қысқаша очеркі . . . . . 37  
Т. Ыдырысов — Алып тұлға, ардақты есім . . . . . 47

### ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

С. Еренов — Жұмысшы табының жеткіншектері . . . . . 52

### ҰЙЫМДАСТЫРУ-ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

Н. Хисматуллин — Штаттан тыс партия комиссиясы — ұйым тірегі . . . . . 57  
Р. Егізбаев — Бұқараның ой-пікірін біліп отыру керек . . . . . 62  
Сұраққа жауап . . . . . 67

### КОЛХОЗДЫҢ ҮЛГІ УСТАВЫНЫҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАУ

Р. Нұркеев — Колхоз басқармасының правосы жайында . . . . . 68

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Ш. Есмұрзаев — Маңғыстау мұнайы . . . . . 72

### СОЦИАЛИЗМ ЕЛДЕРІНДЕ

П. Кузьмин — Польша халқының бақыты . . . . . 76



# СОДЕРЖАНИЕ

Передовая — Внутрипартийная демократия и дисциплина . . . . .	3
---	---

## ЛЕНИНИЗМ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Б. Ермуханов — Верность принципам марксизма-ленинизма . . . . .	9
Л. Байдильдин — Ленинская теория социалистической революции в дей- ствии . . . . .	15
У. Сейтов — Неуклонно соблюдать социалистическую законность . . . . .	20

## ЛЕНИН И КАЗАХСТАН

Н. Кручина — Там, где рождалась целинная эпопея . . . . .	26
П. Пахмурный — Героическая оборона Уральска . . . . .	33

## СВЕТЛЫЙ ОБРАЗ ВОЖДА

Краткий биографический очерк о В. И. Ленине . . . . .	37
Т. Идрисов — Годы великой жизни . . . . .	47

## ВОПРОСЫ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ

С. Еренов — Молодая смена рабочего класса . . . . .	52
---	----

## ОРГАНИЗАЦИОННО-ПАРТИЙНАЯ РАБОТА

Н. Хисматулин — Внештатная комиссия — опора партийной организации . . . . .	57
Р. Егизбаев — Знать думы и настроения трудящихся . . . . .	62
Ответы на вопросы . . . . .	67

## ОБСУЖДЕНИЕ ПРОЕКТА ПРИМЕРНОГО УСТАВА КОЛХОЗА

Р. Нуркеев — О правах правления колхоза . . . . .	68
---	----

## НА ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ТЕМЫ

Ш. Есмурзаев — Нефть Мангышлака . . . . .	72
---	----

## В СТРАНАХ СОЦИАЛИЗМА

П. Кузьмин — Уверенная поступь народной Польши . . . . .	78
--	----

ГОС. БИБЛИОТЕКА  
КССР им. А. С. Пушкина  
Инв. № 16958

# ПАРТИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ МЕН ТӘРТІП

Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушы, бүкіл дүние жүзі пролетариатының кемеңгер көсемдері Карл Маркс, Фридрих Энгельс жұмысшы қозғалысының тарихын зерттеп, тап күресінің тәжірибесін жинақтады. Егер пролетариаттың барлық коммунистердің саяси белсенділігін күшейтетін және тап жауларымен кескілескен шайқаста әркез өзінің құрыш-тай берік бірлігін сақтай алатын партиясы болса, онда пролетариат революциялық күресте жеңіске қалай да ие болады деген қорытынды жасады олар. Мұндай партия құрудың принциптерін «Коммунистік партияның манифесінде», «Коммунистер одағының Уставында» алғаш рет белгілеп те берді.

Жаңа түрпатты партияны — пролетариаттың революцияшыл партиясын ұйымдастырудың бұл принципін Владимир Ильич Ленин жаңа жағдайға, Россия жағдайына байланысты өз еңбектерінде творчестволықпен оған әрі дамытты. Ол өзінің әлемге әйгілі «Біздің ұйымдастыру міндеттеріміз туралы жолдасқа хат», «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген еңбектерінде партияны құрудың басты принципі демократиялық централизм болуға тиіс екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Өйткені бұл — партияның шынайы табиғатын танытатын, оның көздеген мақсатын көрсететін жетекші принцип. Кезінде меньшевиктердің РСДРП-ның ұйымдық негізіне өршелене шабуыл жасауы да тегін емес-ті. Олар үстем таптың сойылын соқты. «Автономизм», «Өз бетінше ойлап, іс-әрекет жасауға еркіндік беру» деген сияқты бірденелерді желеу етіп, меньшевиктер пролетариаттың, пролетариат күрескерлерінің көңілін революциялық қозғалыстан басқа жаққа аударуға, партияға іріткі салып, оның бірлігін бұзуға тырысты. Сатқындар мен тап жауларының қара ниеттерін В. И. Ленин бастаған большевиктер аяусыз әшкерелеп отырды.

Жалпы оппортунистер мен жұмысшы қозғалысының түрлі-түсті қас жаулары маркстік-лениндік партиялардың бірлігін, олардың ішінде қатаң тәртіп болуын әсте де қаламайды. Оңшыл топтар ежелден партиялық централизмге қарсы, олар мұны «демократияны тұншықтыру», «азаттықты ауыздықтау» деп біледі. Дәл осының бір көрінісі Чехословакия Компартиясында байқалды. Оңшылдар мен азғын элементтер партия ішінде «демократиялық кеншілік», «тежеусіз еркіндік» болуын талап етіп, партияның бірлігін шайқалтпақ болды.

Ал марксизм-ленинизм принциптерінен ауа жайылған Мао Цзэ-дун тобы демократияға қарсы шығып, партияда, бүкіл елде әскери тәртіп орнатып отыр.

Түптеп келгенде бұл екеуінің де көздеген мақсаты бір, ол — партияның ұйымдық негізін бұзу, оның бірлігін нашарлату, сөйтіп коммунистік партиялардың қоғам өміріндегі авангардтық ролін әлсірету.

Бірақ коммунизм жауларының бұл жымьсқы әрекеттерінен ешнәрсе де шықпайды. Өйткені әділеттілікті ту етіп көтерген коммунистік қозғалыс бұл күндерде күдіретті күшке айналып отыр. Сол қуатты қозғалыстың көш басында ұлы Ленин негізін қалаған Совет Одағының Компартиясы келеді!

Демократиялық централизм біздің партияның, барлық маркстік-лениндік партиялардың мызғымас негізіне айналды. Лениндік бұл принциптердің өміршеңдігіне, беріктігіне тарихтың тартысты кезеңдері куә.

Партияның ұйымдық құрылымында ішкі демократия мен централизм бір-бірімен тығыз байланысты, біртұтас ұғым. Оларды бөле-жарып қарау бүкіл принципті жоққа шығарумен, бір бүтінді екі жарумен тең.

Коммунистік партияны демократиялық негізде құрудың өзі оның таптық табиғатынан, жұмысшылар мен еңбекшілер бұқарасының қоғам өміріндегі ролінен келіп шығады, яғни халық қоғамның қозғаушы күші болса, коммунистер бұқараның жетекшілері. Демек, олар партия саясатын белгілеуге, партияның басшы органдарын сайлауға, партияның қаулы-қарарларын жүзеге асыруға, ұйым өміріне, өндіріс процесіне белсене араласуға тиіс. Партиялық ішкі демократия әрбір коммунистің бұл ардақты борышын абыроймен атқаруына, өз бойындағы қабілеті мен дарынын толық ашуына мол мүмкіндік береді.

Партияның ұйымдық негізі КПСС Уставында белгіленген. Онда былай делінген:

— партияның ұйымдық құрылымының басшы принципі демократиялық централизм болып табылады, мұның мәнісі мынада:

— партияның басшы органдарының бәрі төменнен жоғарыға дейін сайланып қойылады;

— партия органдары өз партия ұйымдары алдында және жоғары органдар алдында мезгіл-мезгіл есеп беріп отырады;

— партия тәртібі қатаң сақталады және азшылық көпшілікке бағынады;

— жоғарғы органдардың шешімдерін төменгі органдар сөзсіз орындауға міндетті.

Партиялық ішкі демократияны нығайту — күн тәртібінен түспейтін түбегейлі мәселелердің бірі. Партия органдарының жоғарыдан төменге дейін сайланып қойылуының өзі, партиялық басшылықтың коллективтік болуы мен партия органдарының міндетті түрде жоғарғы органдар мен бұқара алдында есеп беріп отыруының өзі — партиялық демократияның басты сипаты. Бұл принцип — партия ұйымдарының бұлжымас заңы.

Қазір партия топтарынан бастап КПСС Орталық Комитетіне дейін сайланып қойылатын партия органдарында үш миллиондай коммунист жұмыс істейді. Соның сыртында қоғамдық негізде құрылған көптеген бөлімдер мен комиссиялардың жұмысына белсене араласып жүрген жүздеген мың партия мүшелері тағы бар. Тек біздің республиканың орталық, облыстық, қалалық, аудандық комитеттерінің құрамына сайланған коммунистердің саны 22 мыңнан астам. Өз жолдастарының сеніміне ие болған бұл коммунистер партия жұмысын жаңа сатыға көтеруде.

Партия органдарының сайланып қойылатындығы, олардың ауысып отыратындығы партияның демократиялық сипатын танытады. В. И. Ленин партияның басшы кадрларының ауысып отыруына айрықша мән берді. Әсіресе байырғы кадрлардың тәжірибесін жастарға мирас етуге қамқорлық жасау қажеттігін ескертті. Әрине, қабілетті жастардың партия қызметіне келуі партия ұйымдарының жұмысына соны серпін әкелетіні даусыз. Әйтседе партия органдарының құрамын жаңарту жөніндегі бұрынғы ережені КПСС Уставынан алып тастаудың дұрыс болғандығын қазір өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Партияның XXIII съезі бұл мәселені шешуді — кімді сайлауды, кімді сайламауды коммунистердің өз еркіне беру керек деп ұйғарды. Өйткені саяси білімі, іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеті, адамгершілік қасиеті жағынан кімнің партия органдарының құрамына кіруге лайық екенін өзгелерден гөрі коммунистер жақсы біледі. КПСС XXIII съезі осы принципті басшылыққа алды. Қазір партия кадрлары едәуір тұрақтандырылды. Егер 1965 жылы бастауыш ұйым секретарьларының 47,8 проценті ауысқан болса, өткен жылы республикамызда есеп беру-сайлау жиналыстарында бұрынғы секретарьлардың 29,5 проценті ғана ауысты.

КПСС Уставы партия органдарының коммунистер алдында үнемі есеп беріп отыруын талап етеді. Партияның XXIII съезі партия органдарының жұмысындағы бұл принциптің де шеңберін едәуір кеңейтті. Қазір аудандық, қалалық, облыстық комитеттер конференция аралықта-

рында өз жұмыстары жайлы коммунистер алдында дүркін-дүркін есеп беріп отыруды жиі қолданып жүр. Қостанай облысының Қарасу аудандық партия комитеті конференцияда айтылған сын-ескертпелердің орындалуы жайлы коммунистерге есеп берді. Аудандық партия комитетінің бірінші секретары А. В. Федякин жолдас басқарған бюро мүшелері колхоз-совхоздарға барып, партия жиналыстарында баяндама жасады. Ал Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті қалада, аудандарда партия активтерінің жиналысын өткізді. Облыстық комитеттің конференциядан кейінгі кезде жүргізген жұмыстары жайлы баяндады. Бұл жиналыстарға 2500 коммунист қатысты, 88 адам жарыссөзге шығып сөйледі. Партия активтері жетістіктермен қатар істегі кемшіліктердің бетін ашты. Ең бастысы — партия комитетінің партия активімен, коммунистермен байланысы нығая түсті.

Партия комитеттерінің міндеті партия жұмысының осындай жаңа формаларын қолдап, жетілдіру арқылы әрбір ұйымның жауынгерлік қабілетін көтеріп, олардың өндірістегі, қоғам өміріндегі жетекшілік ролін күшейту болуға тиіс.

Коллективтік басшылық — партиялық демократияның бір бөлігі. «Партия ұйымдарының жұмысты дұрыс істеуінің, кадрларды дұрыс тәрбиелеуінің, коммунистердің белсенділігі мен іскерлігін дамытудың сөзсіз шарты — коллективтік басшылық партия басшылығының ең жоғары принципі» екені КПСС Уставында атап көрсетілген. Мұның өзі совет халқының коллективтік көсемі, әрі ақылгөй жетекшісі ретіндегі біздің партияның табиғатына сай келеді.

Іске коллективтік басшылық ету коммунистік құрылыстың келелі мәселелерін жан-жақты ойластырып шешуге, қалың бұқараның тілегі мен талабын орындауға, соған орай тиімді шара қолдануға көмектеседі. Мұны соңғы кездегі партия комитеттері пленумдарының нәтижелері көрсетіп жүр. КПСС XXIII съезінен кейін партия тұрмысының лениндік нормаларын бұлжытпай сақтауға айрықша көңіл бөліне бастады. Партия комитеттерінің бюролары мен пленумдарының ролі едәуір көтерілді. Олардың сөз етер мәселелерінің шеңбері кеңейді. Өндірістің өзекті проблемалары, мәдениет пен тұрмыстың маңызды мәселелерімен қатар еңбекшілер бұқарасына коммунистік тәрбие берудің жайы да, партия тұрмысының алуан тақырыбы да коммунистер талқысына ұсыныла бастады. Айталық, Көкшетау облыстық партия комитеті өзінің соңғы пленумында «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты облыс партия ұйымдарында ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарды кеңінен жүргізу» мәселесін қойса, Лениногор қалалық комитеті пленумын жастарға коммунистік тәрбие беру тақырыбына арнады. Ал Талдықорған облыстық партия комитетінің пленумының күн тәртібі: «Бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсарту және олардың жауынгерлік қабілетін арттыру жөніндегі КПСС XXIII съезінің шешімдерін орындау туралы».

Әрине, көкейтесті мәселені таба білу, дер кезінде көтере білу маңызды. Әйтсе де жан-жақты әзірленбесе, мұқият ойластырылмаса, сол келелі мәселелердің өзі көңілдегідей нәтиже бере алмайды. Сондықтан да болар, Қызылорда облыстық партия комитеті соңғы пленумында талқылауға бүгінгі таңда аса бір қажет болып отырған тақырыпты — партиялық тәртіп пен мемлекеттік тәртіпті нығайтып, басшы қызметкерлердің өздеріне тапсырылған іске жауапкершілігін күшейту жөніндегі партия ұйымдарының жұмысын жақсарту мәселесін ұсына отырып, пленумды әзірлеуге баса көңіл бөлді. Облыстық комитеттің бір топ қызметкерлері, партия комитетінің мүшелері мен партия активтері жергілікті ұйымдарға жіберілді. Олар баяндамаға тиісті материалдар жинап қана қоймай, сонымен бірге өздері болған ұйымдардың жай-жағдайымен жете танысуға тырысты. Соның нәтижесінде пленумда көтерілген мәселе жан-жақты талқыланды.

Әрине, бұл көпке ортақ рецепт емес. Әрбір комитет, әрбір коллективтік орган тыңнан жол тартуына да болады. Бірақ олардың барлығына ортақ бір қасиет творчестволық іздену болуға тиіс. Өйткені партия ұйымы бұқарамен тығыз байланысты, соның мүддесін көздеп, соларға камқорлық ететін ұйым. Ал адамдар арасындағы қарым-қатынас әр кез творчестволық ізденуді талап етеді. Творчестволық жаңалық көзі — қалың бұқарада. Комитет мүшелерін, партия активтерін облыс, аудан, бастауыш партия ұйымдары алдында тұрған саяси-экономикалық келелі міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдыра білген партия ұйымдары ұтады.

Бірақ жағдай барлық жерде бірдей емес. Қайсыбір партия комитеттері өз жұмысын әлі де қайта құра алмай, ескі сарынмен келеді. Кейбір реттерде пленумдарда күнделікті жұмыс үстінде шешуге болатын мәселелер талқыланады. Тіпті бұл мәселелер де жан-жақты зерттелмейді, жүрдім-бардым әзірленіп, пленумға ұсыныла салады. Бұл, әрине, дұрыс емес.

Коллективтік басшылық принципі бастауыш партия ұйымының жұмысына да тән. Қазір совет халқы коммунистік құрылыстың күрделі міндеттерін жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізіп жатқан шақта әрбір коммунистің өз ісіне, өз коллективі мен бүкіл партия ісіне жауапкершілігін арттырмайынша партияның қоғамымыздағы жетекшілік, ұйымдастырушылық ролін көтеруге болмайды.

Коммунистердің белсенділігін арттыру бастауыш партия ұйымдарындағы жұмыстың дәрежесіне тікелей байланысты. Мұнда коммунистер саяси сана-сезімін көтеріп, идеялық жағынан шыңдалады, кемшілік атаулының қандайына болсын ешбір төзбейтін нағыз принциптілікке үйренеді. Партияда жоқ қалың бұқарамен қоян-қолтық араласып, олардың мұн-мұқтажы мен талап-тілектерін біліп, оларды жоғары партия органдарына жеткізіп отырады. Сөйтіп, еңбекші халық пен партия арасындағы байланысты күшейтіп, бірлікті нығайтады. Сондықтан да КПСС XXIII съезі бастауыш ұйымдардың жұмысын жандандырып, жана талаптар дәрежесіне көтеруді басты міндет етіп қойды. Съездің бұл нұсқауын орындай отырып, республикамыздың партия ұйымы бірқатар жұмыстар жүргізді. Орталық Комитеттің бюросында, облыстық, қалалық, аудандық комитеттердің пленумдарында партия тұрмысының мәселелері, әсіресе бастауыш және цехтық партия ұйымдарының жұмысы жиі талқыланатын болды. Мұның өзі партия комитеттерінің Коммунистік партияның негізі — бастауыш ұйымдарға, оның ішкі ұйымдық жұмысын жақсартуға, сөйтіп оларды қалың бұқараның нағыз саяси жетекшісі етуге айрықша көңіл бөліп отырғандығының айғағы.

Қазір республикада 16 331 бастауыш партия ұйымы бар. Олардың көпшілігі өндірістің ұйтқысы, жаңаның жаршысы, жақсының қолдаушысы, қалың бұқараның ақылшысы, саяси тәрбиешісі. Сондай ұйымның бірі — Қостанай облысындағы Ленин орденді «Федоровский» совхозының партия ұйымы. Совхоз коммунистерінің басым көпшілігі шаруашылықтың шешуші саласында тікелей өндірісте істейді. Олар социалистік жарыстың ұйтқысы, еңбек озаттары. Совхоздағы саяси-бұқаралық, мәдени-көпшілік жұмысына мұрындық болып отырған да партия комитеті, коммунистер.

Әрине, бастауыш ұйымдардың жауынгерлік қабілетін көтеру — әрбір коммунистің саяси саналылығына, өз ісіне жауапкершілігі мен инициативасына тікелей байланысты. Егер коммунист өндірісте де, қоғам өмірінде де, тұрмыста да өзгеге өнеге бола білсе, онда ол соңынан қалың бұқараны ерте алады. Ал ондай коммунистердің басын қосатын партия ұйымы коллективке жетекші болатыны сөзсіз.

Әрбір коммунистің инициативасы мен іске жауапкершілігін арттырудың міндеттерін белгілей келіп, партия Орталық Комитетінің КПСС XXIII съезінде жасалған Еселті баяндамасында былай деп атап көрсет-

тілген болатын: «Коммунистердің пікірі мен ұсыныстарына көбірек көңіл бөліп, құрмет көрсету қажет, партия ұйымы партия Уставының талаптарын орындамай жүрген қандай коммунисті болса да дер кезінде түзете алатын болуы, жұмыстағы кемшіліктің ұлғайып кетуіне жол бермеуі үшін сын мен өзара сынды кеңінен өрістетуге жағдай жасау керек. Сынға қысым жасаушыларды ең қатаң жауапқа тартқан жөн».

Лениногор полиметалл комбинаты партия ұйымының жұмысы съездің осы талаптарына сай келеді. Комбинат коммунистері жұртшылық алдында есеп беруді дәстүрге айналдырған. Өткен жылғы есеп беру-сайлау жиналысынан бергі уақыт ішінде ұйымдағы партия мүшелерінің бестен бірі өз жұмыстары жөнінде, партия тапсырмасын қалай орындап жүргендіктері жайлы коллектив алдында есеп беріп үлгерді. Коммунистердің өз ұйымы, өз коллективі алдындағы жауапкершілігін күшейту бүкіл комбинат партия ұйымының жұмысына, өндіріс процесіне, тіпті коллектив өміріне игі әсерін тигізуде.

Партиялық демократия бастауыш ұйым жағдайында коммунистердің жалпы жиналысынан да көрінеді. Партияның саясатын, алда тұрған экономикалық және мәдени құрылыс міндеттерін жүзеге асырудың тиімді жолдарын коммунистер жалпы жиналыстарда белгілейді. Партия мүшелері өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын да осында, мақсаты бір, мүддесі бір жолдастарының арасында ортаға салады, жұмыстағы кемшіліктерді сынайды. Қысқасы, жиналыс — коммунистердің іс-әрекетінің бағыт-бағдарын белгілейтін, сын мен өзара сынды өрістетуге баулитын тәрбие мектебі.

Бірақ өкінішке орай бірсыпыра бастауыш партия ұйымдарында коммунистер айында-жылында бір-ақ бас қосады. Онда да өмірдің өзі ұсынып отырған проблемалар талқыланбайды. Ондай жерде коммунистер де енжар, ұйымның беделі де төмен. Мысалы Қостанай облысындағы «Ершовский» совхозының партия ұйымы өткен жылы өз қатарына бірде-бір адам қабылдамаған. Жиналыс жылдап шақырылмайды. Цехтық партия ұйымдары мен партия топтары коммунистерге ұйтқы бола алмай отыр.

Мұндай кемшіліктер өзге де бастауыш партия ұйымдарының жұмысында кездеседі. «Барлық бастауыш партия ұйымдарының іскерлік қабілетін арттырудың айрықша маңызы бар. Партия комитеттері соларға берік сүйенуге тиіс, партиялық ішкі жұмысты жолға қоюда және еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуде оларға көмектесіп отыруға тиіс». Бұл — партияның XXIII съезі алға қойған айбынды міндет. Мұны жүзеге асыру — партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін көтеріп, әрбір коммунистің партияның жауынгері болуына қамқорлық жасау — аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің айбынды міндеті.

Партиялық демократия принципі жайлы, сөз болғанда қоғамдық пелізде жұмыс істейтін партия комитеттерінің штаттан тыс бөлімдерінің комиссиялары мен советтерін, лекторийлері мен клубтарын ұмытуға болмайды. Бұл салада да мыңдаған коммунистер жұмыс істейді. Олар партия комитеттерімен бұқараны күнбе-күн байланыстырып отыратын қуатты тірек. Балқаш қалалық партия комитетінің жанындағы штаттан тыс комиссия, Қостанайдың Федоров аудандық партия комитеті ұйымдастырған экономикалық талдау бюросы, Алматы облысының Талғар аудандық партия комитетінің өндірістік советі партия ұйымдарының тірегі болумен қатар партияның қалың бұқарамен байланысының соны көрінісі, партиялық демократия шеңберінің кеңеюінің бір белгісі.

Әрине, барлық жерде бірдей совет немесе кеңес құру қажет те болмас, бірақ партия ұйымдары, коммунистер қай істе болса да, еңбекшілер бұқарасына сүйеніп отыруға міндетті.



Партиялық тәртіпті нығайтып, әрбір коммунистің өзіне тапсырылған ісіне деген жауапкершілігін күшейтпейінше партиялық демократияны да дамыту мүмкін емес. «Партияның ішкі демократиясын дамыту мұнымен бірге партия ішіндегі тәртіпті барынша нығайтуды көздейді, — деп көрсетті Л. И. Брежнев жолдас КПСС XXIII съезінде жасаған Есепті баяндамасында. — Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Толық демократия, қандай мәселелерді болса да талқылаған кездегі пікір бостандығы және шешім көпшіліктің еркімен қабылданғаннан кейінгі темірдей берік тәртіп — партияның бұлжымас заңы міне осы. Сондықтан біз қай жерде жұмыс істеп жүрсе де және қандай дәрежелі қызметте болып отырса да, барлық коммунистерден мұны қалтқысыз орындауды талап етуге тиіспіз».

Әрине, партиялық тәртіп деген кең ұғым. Партиялық тәртіп мемлекеттік тәртіппен де, еңбек тәртібімен де астасып жатады. Оның біреуін бұзу екіншісіне нұқсан келтірмей қоймайды. Ендеше өзіне жүктелген жұмысқа атүсті қарауға коммунистің моральдық правосы жоқ. Партия Уставы онан өмірде өнеге, еңбекте озат болуды талап етеді. Мұндай абзал жанды коммунистер де бізде аз емес. Мәселен, Сыр бойының атақты күрішшісі, Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевты республикамызда білмейтіндер кемде-кем. Оны ел құрметіне бөлеген творчестволық еңбек пен коммунистік асыл қасиеттер. Ыбекен үшін ең биік мұрат — халыққа, Отанға қызмет ету. Ол өз ісін мемлекеттік міндеттің бір бөлігі деп біледі. Сондықтан оны мінсіз атқарады. Ыбекен үлкенге де, кішіге де қамқоршы. Ауылдың ғана емес, бүкіл облыс еңбеккерлерінің ақылгөй ағасы. Партиялық тәртіп, коммунист жауапкершілігін сөз еткенде көкейде осы Ыбекен сияқты коммунистердің өр тұлғасы тұрады.

Алайда бірсыпыра партия ұйымдары әлі де өз жұмысын бұл талаптар дәрежесінде жүргізе алмай келеді. Целиноград облысындағы КазЦИК атындағы совхозда ірі партия ұйымы бар. Бірақ ол коммунистер арасында да, еңбекшілер арасында да саяси-тәрбие жұмысын дұрыс жүргізе алмай отыр. Шаруашылықтағы ең басты кемшілік — еңбек тәртібі, ұйымда партиялық тәртіп нашар. Өзгені былай қойғанда совхоз директоры Л. И. Осатюк қызмет бабын пайдаланып мемлекет қаржысына қол сұққан. Совхоз есебінен жеке меншік гараж салдырған. Тіпті тапқан табысын жасырып, партиялық мүшелік жарнасын да үнемі кем төлеп отырған. Мұны көре тұрса да партия комитеті оған шара қолданбаған. Ал Шортанды аудандық комитеті ымырашылдыққа салынған. Міне мұндай коммунисте, мұндай партия ұйымында қандай бедел болмақ?

В. И. Ленин қатаң тәртіп партия ұйымының жауынгерлік қабілетін көтерудің бірден-бір кепілі деп үйретті. Партиялық тәртіпті бұзушыларға ешқандай ымырашылық жасамауды талап етті. КПСС Уставында: «КПСС Программасын, Уставын бұзатын және коммунистің жоғары атағына өз қылығымен кір келтіретін адамдардан партия арылып отырады» деп жазылған.

Алда айбынды міндеттер тұр. Бүкіл еліміздің еңбекшілері сияқты республикамыздың жұртшылығы да көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Советтік Қазақстанның 50 жылдық мерекесін лайықты қарсы алуға әзірленіп жатыр. Мұнын өзі партия ұйымдарында ішкі демократияны барған сайын дамытып, олардың жауынгерлік қабілетін арттыруды, сөйтіп, партия ұйымдарын халықтың нағыз коллективтік жетекшісі етуді талап етеді.



## МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ПРИНЦИПТЕРІНЕ АДАЛДЫҚ

Коммунистік және жұмысшы партияларының Москвада июньнің 5-нен 17-не дейін болып өткен халықаралық Кеңесіне дүние жүзінің жұртшылығы құлақ түре назар аударды. Кеңес жұмысы ойдағыдай аяқталды, сөйтіп ол марксизм-ленинизм, пролетарлық интернационализм принциптері негізінде коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайта беру, барлық антиимпериалистік күштердің қимылын топтастыру жолындағы маңызды кезеңге айналды.

Бүгінде коммунизм барлық елдер еңбекшілерін баурап алатын күдіретті күшке, сонымен бірге заманымыздың түбегейлі мәселелерін шешуде көрнекті роль атқаратын саяси факторға айналды. Міне сондықтан да 75 коммунистік және жұмысшы партиялар Кеңесінің қорытындылары еңбекшілерді қуанышқа бөлеп, олардың дұшпандарын күйіндірді.

Кеңестің табысты болуы коммунистік қозғалыс үшін кездейсоқ жәйт емес-ті. Кеңестің шақырылу фактісінің өзі нағыз марксист-лениншілдердің орасан зор жеңісі болды.

Кеңесте қабылданған «Империализмге қарсы күрестің қазіргі кездегі міндеттері және коммунистік, жұмысшы партиялардың, барлық антиимпериалистік күштердің қимыл бірлігі» деген негізгі Документ империализмге қарсы бірлесіп қимыл жасаудың айбынды платформасы болып табылады.

Кеңеске қатысушылар асқан жігермен, бірауыздан қабылдаған документ — В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы туралы Үндеудің де коммунистік қозғалыс үшін принципті зор мәні бар. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас халықаралық Кеңеске қатысушылардың құрметіне жасалған қабылдауда былай деді: «Кеңес қабылдаған документтер біздің бәрімізге де ортақ күресіміздегі жаңа қаруды беріп отыр».

Барлық антиимпериалистік күштер дүние жүзілік социалистік системаның, халықаралық жұмысшы табы мен ұлт-азаттық қозғалыстың жан жүрегі және қозғаушы күші болғандықтан халықаралық коммунистік қозғалыс бұл күштерді берік топтастырып қана қоймайды, сонымен қатар оларды адамзаттың асыл мұраты — коммунизмге бастайды.

Қазіргі кезеңдегі халықаралық коммунистік қозғалысты құрап, біріктіретін ортақ мақсат — социализм мен коммунизм жеңісіне жету мақсаты топтастырған, ортақ идеология — марксизм-ленинизм біріктірген және империализм мен капитализм сияқты ортақ жауы бар социалистік елдердің басқарушы 14 коммунистік партиясы мен дамыған капитализм елдеріндегі 26 компартия, дамып келе жатқан елдердің 48 коммунистік партиясы бірыңғай антиимпериалистік бағытта қимыл жасай алады және жасауға тиісті де.

Халықаралық жағдайдың қиын-қыстау кезеңдеріне, революцияшыл күштер ішіндегі кейбір сәтсіздіктер мен қиындықтарға қарамастан жұмысшы табы мен коммунистік партиялар империализмге мықты соққы беруде. Мұнда ол әсіресе социалистік елдердің біртұтас майданының мызғымас берік күшіне төтеп бере алмай отыр. Американың империализмін ешбір шарт қоймастан келіссөз жүргізуге мәжбүр еткен Вьетнам халқы жеңісінің принципті тарихи маңызы бар. АҚШ империализмі қызғыштай қорыған Америка континентінде қаһарман Куба халқы өз коммунистік партиясының басшылығымен социализм орнатуда.

Ұлт-азаттық қозғалысының алдыңғы сапында келе жатқан араб елдері қанқұйлы империализмнің шабуылына тойтарыс беріп, өз елдеріндегі прогрестік тәртіпті сақтап қалды.

Империалистік елдерінде, атап айтқанда Англияда, Франция мен Италияда ереуіл күрестерінің өріс алуы нәтижесінде соңғы жылдары еңбекшілер елеулі жеңіске ие болды, ал мұның өзі империалистерді бұқара пікірімен, оның талап-тілегімен санасуға мәжбүр етуде.

Коммунистер үшін — империализмге қарсы күрес социализм салтанаты жолындағы күрестің ажырамас бөлегі. «Коммунистік және жұмысшы партиялары үшін империализмге қарсы күрес біздің түпкі мақсаттарымыз жолындағы, жұмысшы табының еңбекшілердің басқа да барлық отрядтарымен одақтасып, саяси өкімет билігін жеңіп алу жолындағы, социализм жолындағы күресінен бөліп алуға болмайтын іс. Біз мұнда табысқа жетудің кілтін бүкіл дүние жүзіндегі коммунистерді топтастыруда, барлық антиимпериалистік күштердің одағын нығайтуда деп білеміз».

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың туысқан партиялардың Москва Кеңесінде айтқан бұл сөздерінде коммунистік қозғалыстың жеңіске жетудегі міндеттері мен шарттары тұжырымдалған.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың 1957 және 1960 жылдардағы халықаралық Кеңестерінде белгіленген дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың басты бағыты бүгінгі таңда да бірден-бір дұрыс және көкейтесті бағыт болып саналады. Империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия, ұлттық тәуелсіздік және социализм жолында табысты күрес жүргізу үшін, деп белгіленді 1957 және 1960 жылдардағы Кеңестерде, марксизм-ленинизм идеялары негізінде коммунистік және жұмысшы партияларының, дүние жүзі коммунистерінің ынтымағын нығайта беру қажет.

Халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігі мен берік топтақандығы үшін күрес — шынайы маркстік-лениндік партиялардың ең басты міндеті, қасиетті борышы. Бүгін таңда халықаралық коммунистік қозғалыстың өз ішінде кейбір қиыншылықтар кездесіп, мұның өзі, антиимпериалистік күрестің өріс алуына оралғы болып, оның кейбір буындарында бірліктің әлсіреуіне, тіпті жекелеген партиялардың сәтсіздікке ұшырауына әкеліп соғып отырған жағдайда бұл бірлікті нығайту ерекше қажет болып отыр. Ал бұл қиыншылықтарды жеңу үшін олардың себептерін анықтап білу керек. Бұл себептер алуан түрлі.

Л. И. Брежневтің Кеңесте сөйлеген сөзінде осы мәселенің шешімін табу жолы көрсетілген. Ең басты себептердің бірі мынада: социализмнің, барлық революцияшыл күштердің қысымына төтеп бере алмай кейін шегінген буржуазия өз позицияларын қорғау үшін мемлекеттік монополистік капитализмнің барлық экономикалық және саяси мүмкіндіктерін пайдалануға тырысуда, сөйтіп антикоммунизмді мемлекеттік саясат дәрежесіне дейін өршітуде. Осыдан келіп империализм коммунистік және бүкіл революциялық қозғалысты іштен ірітуге үміт артуда.

Екінші бір себеп антиимпериалистік, антикапиталистік күштердің әлеуметтік базасы едәуір кеңейе түскендігінде. Сөйтіп күреске әртүрлі әлеуметтік топтарға жататын миллиондаған адамдар үсті-үстіне қатыс-

тырылуда. Олардың көбі заманымыздың басты кесепатын — империализмді шынымен-ақ жойғысы келеді, бірақ сонымен бірге өздерін тебіrentкен проблемаларды шешудің жолдарына тым бұлдыр, жансак ұғымдар тұрғысынан карап жүр. Олардың солкылдақтык жасап қобалжуы — буырқанған саяси әрекеттерден бастап саяси енжарлықка дейін, реформистік сағымнан анархистік төзімсіздікке дейін ауытқып құбылушылығы да міне осыдан.

Ал осының барлығы компартиялардың қызметін қиындатып, оларға жүктелер міндеттің санын да, практикалық жұмысына қойылатын талаптың көлемін де ұлғайтып жібереді, қиыншылықтарға негіз болады, сонымен бірге мұның өзі коммунистік қозғалыстағы алауыздықты тудыратын объективтік негізге де айналады.

«Біз бүгін таңда коммунистік қозғалыста орын алып отырған алауыздықтардан орағытып өте алмаймыз, — деп көрсетті Л. И. Брежнев Кеңесте сөйлеген сөзінде, — мұндай алауыздықтар жоқ деген түр көрсете алмаймыз. Бұл алауыздықтар көбінесе коммунистік қозғалысқа оңшыл, сондай-ақ «солшыл» сарындағы ревизионистік ықпалдардың өтіп кетуінен туып отыр. Ал бұл ықпалдар тек «таза» теория саласында ғана байкалып жүрген жоқ, теориядағы ревизионизм оппортунистік практикаға жол салады; мұндай практика антиимпериалистік күреске тікелей зиянды. Ревизионизм дегеніміз, — пролетарлық таптық позициядан тайғандық, марксизм-ленинизм орнына ескі және модернистік тұрпаттағы нелер қилы буржуазиялық және ұсак буржуазиялық концепцияларды пайдаланғандық қой».

Оңшыл және «солшыл» оппортунизмнің тұрлаусыз табиғатын, мәнін аша келіп, Л. И. Брежнев жолдас, сонымен бірге, олардың коммунистік және жұмысшы қозғалысына, бүкіл антиимпериалистік күреске тигізіп отырған кесірін әшкерелеп берді.

Оңшыл оппортунизм дегеннің мәні саясат пен идеологияда жойымпаздық позицияларға сырғып ойысып кету, социал-демократизммен келісушілік деген сөз. Социалистік елдерде оңшыл оппортунизм маркстік-лениндік партияның басшылық ролін мойындамауға дейін барып жүр.

«Солшыл» оппортунистер, әсіресе, революциялық көпірме сөздерді бетке ұстап, бұқараны авантюристік қимыл жасауға, ал партияны империализмге қарсы күрескерлерді топтастыру қабілетінен айыратын сектанттық жолға түсуге итермелейді. Марксизм-ленинизммен оңға немесе солға ауытқушылықтар бір-бірінен қаншама өзгеше болса да, сайып келгенде екеуі де бірдей зиянды зардаптарға әкеліп соғады: коммунистік партиялардың жауынгерлік қабілетін әлсіретеді, жұмысшы табының революциялық позицияларын және антиимпериалистік күштердің бірлігін әлсіретеді.

Міне сондықтан да коммунистік қозғалыста орын алған алауыздықты принциптілікпен сынаудың марксизм-ленинизм, пролетарлық интернационализм негізінде коммунистік қозғалыстың бірлігін қалпына келтіріп, нығайта түсуге тікелей қатысы бар.

Әрине, компартиялар арасындағы пікір, көзқарас айырмашылықтарының бәрін жіктелуге әкеліп соғады деп қарау ағаттық болар еді. Өйткені бүкіл әлемге тараған компартиялардың тіршілігі мен қызметі әрбір елдің әлеуметтік экономикалық және саяси жағдайына қарай, сондай-ақ компартиялардың өздерінің теориялық дәрежесіне қарай әр қилы болып келеді. Сондықтан коммунистік қозғалыстың кейбір мәселелерін жекелеген компартиялардың өзінше ұғынып, айрықша түсіндіруі ықтимал. Мәселе сол пікір ерекшелігін өршітіп, принциптік алауыздыққа айналдырмауда, коммунистік қозғалыстың ынтымағына іріткі салмауда болып отыр. Кейбір пікір айырмашылығының түпкі сырын және оның неге әкеліп соғарын бірден айыру оңайға түспейді. Мәселен, халықаралық коммунистік қозғалыс Мао Цзэ-дун тобының марксизм-ленинизмге мүлдем жат жікшілдік бағытын бірден танып ажырата алма-

ды. Әуел баста жекелеген мәселелер жөніндегі тактикалық алауыздықтар кейіннен ұлы державалық шовинизмге, антисоветизмге ұласты.

Қытай билеп-төстеушілерінің советтік шекарадағы арандату әрекеттері, сондай-ақ Қытай Компартиясының IX съезінің шешімдері Мао тобының сатқындық арамза ниетін толық әшкереледі. «Сонымен барлық бағытта Совет Одағына шабуыл жасау, жалған насихат, совет халқына, социалистік мемлекетімізге, біздің Коммунистік партиямызға жаппай шабуыл, қытай халқының СССР-ге өшпенділігін қоздыру, ал енді тіпті қару қолдану; басқа социалистік мемлекеттер мен дамушы елдерді қорқыту және айла-шарғы әрекеттер жасау, ірі капиталистік державаларға, оның ішінде Германия Федеративтік Республикасына жарамсақтану — бүгінгі Қытайдың сыртқы саяси бағыты міне нақ осындай болып отыр!» — деп атап өтті Л. И. Брежнев жолдас. Мұндай жағдайда Қытай Компартиясы басшыларының сыртқы саясаттағы марксизм-ленинизмге, пролетарлық интернационализмге жат бағытын КПСС пен басқа да туысқан партиялардың қатты сынауының маңызы ерекше зор.

Коммунистік қозғалыстың идеялық-теориялық тірегіне қарсы шығып, оның орнына маоизмді тықпалап отырған маоистер прогресшіл жұртшылық алдында толық әшкере болудан қаймығып, өздерінің пролетарлық интернационализмнен қол үзген сұрқиялық, маскара қылығын жалған революциялық көпірме сөздермен бүркемелеуге тырысып бағуда.

Алайда, пролетарлық интернационализм ұлттар мен халықтардың теңдік правосын тануды ғана талап етумен шектелмейді, өйткені мұны сөз жүзінде социал-демократтар да, тіпті либерал буржуазия да мойындайды. Пролетарлық интернационализм, В. И. Ленин атап көрсеткендей, «біріншіден, бір елдегі пролетарлық күрестің мүдделерін осы күрестің бүкіл дүние жүзілік көлемдегі мүдделеріне бағындыруды талап етеді, екіншіден, буржуазияны жеңіп шығуды жүзеге асырушы ұлттың халықаралық капиталды құлату үшін орасан зор ұлттық құрбандыққа баруға қабілетті болуы мен әзір болуын талап етеді» (Шығармалар, 31-том, 142-бет).

Қытай Компартиясы басшыларының империализмге қарсы бірлесіп күресуден арсыздықпен бастартуын пролетарлық интернационализмнен қол үзгендік деп қана бағалауға болады. Кеңес мұны атап көрсетті.

Қайсыбір жағдайда шегінуге мәжбүр болуымыздың тіпті жеңіліске ұшырауымыздың себебі, деп атап өтті. Уругвай Компартиясының бас секретары Р. Арисменди, Қытайдың социализм елдерінен оқшаулануы, қытай басшыларының социалистік системаға, бүкіл коммунистік және жұмысшы қозғалысына іріткі салуы сияқты өрескел фактілермен тікелей байланысты. Коммунистік қозғалыстың идеялық негізіне ревизия жасап, пролетарлық интернационализмнен бастартқан Мао Цзэ-дун тобы өзінен-өзі марксизм-ленинизмнің партия туралы принциптерін бұрмалау позициясына бір жолата ойысты, сөйтіп олар қазір Қытай Компартиясын «көсем партиясына» және оның мұрагері — Линь Бяоның партиясына айналдырып отыр.

Кеңеске қатысушылардың көпшілігі мынадай қорытындыға келді. Қытай Компартиясы қазір идеологиялық жағынан — маоистік троцкистік антилениндік партия, ұйымдық жағынан — централизмді өрескел күшейткен партия, ал басшылық әдісі жағынан — әскери тәртіпке сүйенген, сыртқы саясаттағы іс-әрекеті жағынан — авантюристік, антисоветтік саясат жүргізуші партия болып қалыптасты. Маоизмге қарсы күрестің әрдайым ерекше маңыздылығы міне осыдан келіп туады. Оңшыл және «солшыл» оппортунизмге қарсы батыл идеялық-саяси күрес жүргізбейінше коммунистік қозғалыстың бірлігін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Мао Цзэ-дун тобының сыртқы саясаттағы бағыты мен Қытай Компартиясының қазіргі идеологиялық тірегін принциптілікпен сынау Қытай Компартиясын коммунистік қозғалыстан «аластау» мақсатын көзде-

мейді. Америка Құрама Штаттары Компартиясының бас секретары Гэс Холл жолдас атап көрсеткеніндей, мәселе Қытай Компартиясына айып тағуда болмаса керек. Мәселе қайткен күнде де маолық саясаттың бағытын өзгертіп, қытай халқын жалпы антиимпериалистік ағымға, коммунистік қозғалыс пен дүние жүзілік социализм арнасына қайта қосуда болып отыр.

Коммунистік қозғалыс қатарын және бүкіл антиимпериалистік күштерді топтастырып біріктіру — КПСС-тің бүкіл қызметінің мән-мазмұны. Коммунистік қозғалыстағы алауыздықтарға сергек қарау, Мао тобының арсыз жаласы мен арандату әрекеттеріне қарсы біздің партиямыздың көрсетіп отырған парасатты ұстамдылығын туысқан партиялар жоғары бағалады.

КПСС-тің Қытай жөнінде ұстап отырған саясаты айқын да табанды. «Қытай жөнінде біздің ұстап отырған бағытымыз принципті және дәйекті бағыт, деп атап өтті Л. И. Брежнев Кеңесте сөйлеген сөзінде. — КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметі өз саясатын ұзақ мерзімді камтитын келешек негізінде жүргізіп келеді. Біз совет және қытай халықтарының тап мүдделері үйлесіп отырғанын есте сақтауымыз. Совет халқының қытай халқына деген және біздің сенуімізше қытай халқының Совет Одағына, басқа да социалистік елдерге деген достық сезімдерін сақтап, қолдау үшін қолдан келгеннің бәрін де істеуге ұмтылып келдік және ұмтылып та отырмыз.

Мұнымен бірге біз Қытайдың қазіргі басшыларының саяси және идеялық бағдарының Ленинге қарсы, халыққа қарсы мәні жөнінде үндемей өте шығуды мүмкін деп санай алмаймыз. Біз Пекиннің жікшілдік саясатына қарсы, оның ұлы державалық сыртқы саяси бағытына қарсы батыл күрес жүргіземіз».

Халықаралық коммунистік қозғалыста алауыздық орын алып отырған жағдайда осы алауыздықты жоюдың нақты жолдарын қарастыру басты міндеттердің бірінен саналады. Бұл ретте коммунистік партиялардың халықаралық Кеңестерінде жасалып қалыптасқан партиялар арасындағы қарым-қатынастардың нормалары мен принциптерін берік сақтаудың ролі ерекше. Дегенмен болмыс, өмір әлде қайда күрделі, сондықтан қиыншылықтарды күнделікті істе жеңіп отыруға тура келеді.

Алауыздықты жою туралы Кеңесте КПСС делегациясы жасаған нақтылы да сындарлы ұсыныстар коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайтуға бағытталған. Алауыздықты жойып, бірлікті нығайтудың ең басты жолы — империализмге қарсы бірлесіп қимыл жасау. Белгілі бір мәселелер жөніндегі алауыздық империализмге қарсы ортақ күресте коммунистердің бірлесіп қимыл жасауына кедергі болмауға тиіс. Қандай көзқарастың сай келетіндігі нақ осы бірлескен күрестің барысында анықталады. Туысқан партиялардың Кеңесі бірлесіп қимыл жасаудың зор маңызын атап көрсете келіп, империализмге қарсы біртұтас майданда қимыл жасауға әзір екенін мәлімдеді.

Қазір коммунистік қозғалысқа басшылық жасайтын бір орталық болмай отырған жағдайда туысқан партиялар арасындағы қарым-қатынасты барынша ұлғайту елеулі роль атқарады. Мұны коммунистік партиялардың қызметін үйлестіріп отыру және оларды топтастыру міндеттері талап етеді және бұл дүние жүзі коммунистерінің әрдайым көздеп отырған мақсаты да осы. Қазіргі жағдайда коммунистік және жұмысшы партияларының екі жақты, көп жақты аймақтық және халықаралық кездесулері мен кеңестері компартиялардың қимылын келісіп алудың, туып отырған мәселелер жөніндегі позицияларды салыстырудың, алауыздықты реттеудің немесе 1957 және 1960 жылдардағы Декларация мен Мәлімдеме және 1969 жылғы негізгі Документ сияқты маңызды шешімдер мен жан-жақты документтер қабылдаудың тетігі ретіндегі маңызы ерекше арта түсті.

Алауыздықты жоюдың және коммунистік қозғалыстың бірлігі жо-

лындағы күрестің ендігі бір аса маңызды бағыты — партияның теориялық еңбектерін қорыту, осының негізінде маркстік-лениндік теорияны дамыту, бұл теорияның принциптері мен іргелі идеяларын қорғау. Теорияның ролін кеміту де, оған бұлжымас қағида деп қарау да компартиялардың дұрыс стратегиялық бағыт-бағдар жасап алуына зиянды әсерін тигізбей қоймайды. Бұған оңшыл және «солшыл» оппортунистердің нақтылы істегі ауытқулары мен бұрмалаушылықтары дәлел бола алады.

Соңғы жылдары маркстік-лениндік теория елеулі проблемалардың ғылыми дұрыс шешімін тапқан қағидалармен байытылды. Біздің заманымызда революциялық күрестің демократиялық және социалистік міндеттерін жақындастыру, революцияның бейбіт және бейбіт емес формаларын шебер ұштастыру, бұрынғы отар елдер үшін дамудың капиталистік емес жолымен алға басу сияқты проблемалар творчестволықпен зерттеліп, марксизм-ленинизм принциптеріне сай шешімін тапты.

Коммунистік партиялардың теориялық қызметі олардан бірлескен жұмыстардың әдістері мен құралдарын жетілдіріп, өзара информация алысу ісін жақсартуды, өзара тәжірибені зерттеу және ұдайы пікір алысып отыруды ұйымдастыру жөніндегі шараларды барынша жетілдіруді талап етеді. Соңғы уақытта бұл салада едәуір жұмыс істелді. Солардың кейбірін атап өткен мақұл. Мысалы, 1965 жылы октябрьде Прагада Коминтерннің VII конгресінің 30 жылдығына арналған халықаралық кездесу өткізілді. Кездесуге 38 коммунистік және жұмысшы партиясының өкілдері қатысты. Бұлардың арасында VII конгреске қатысқан коммунистік қозғалыстың ардагерлері: Х. Багдаш, Е. Берг, Ф. Далем, Ж. Дюкло, Ф. Гиольди, Д. Ибаррури, И. Коплениг, К. Мевис, М. Рейман, Э. Стайнов, тағы басқа жолдастар болды. 1966 жылы майда Парижде, Француз Компартиясының Орталық Комитеті жанындағы М. Торез атындағы зерттеу орталығында 30-ға жуық коммунистік партиялар өкілдерінің халықаралық кездесуі болып өтті. Бұл жолы мемлекеттік-монополистік капитализм мәселелері талқыланды. 1967 жылдың март пен апрелінде Москвада халықаралық екі ғылыми конференция өткізілді. Бұларда «Ұлы Октябрь социалистік революциясының халықаралық маңызы», «Ленинизм және жұмысшы қозғалысының кейбір мәселелері» деген тақырыптар кеңінен талқыланды. Үстіміздегі жылдың апрелінде Москвада Коминтерннің 50 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

Капитализм мен социализм арасындағы идеологиялық күрес қатты шиеленіскен қазіргі тарихи жағдайда коммунистік партиялардың ғылыми-теориялық жұмыстарының маңызы зор. Антикоммунистік насихаттың қыруар орасан мол аппараты қазір социалистік елдердің, халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігіне іріткі салуға бағытталған.

Буржуазиялық идеологияның еңбекшілерге жасайтын азғындатушы ықпалына қарсы күресу — барлық елдердегі коммунистер жұмысының маңызды саласы.

КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумы коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің қорытындысын жоғары бағалады. Марксизм-ленинизмнің тазалығы үшін, ревизионизмге, догматизмге, ұлтшылдыққа қарсы күресу компартиялардың қатарын нығайтудың, коммунистердің интернационалдық ынтымағын күшейтудің, олардың бүкіл революциялық қозғалыстағы авангардтық ролін арттырудың қажетті шарты болып табылады деген Кеңестің қорытындысына КПСС Орталық Комитетінің Пленумы ерекше мән беріп, назар аударды.

Бірлесіп қимыл жасау нәтижесінде империализмге барлық бағытта күйреге соққы беріп, жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің ісі жолындағы күресте дүние жүзілік жеңіске жетуге болатынына коммунистер кәміл сенеді.

**Б. ЕРМУҚАНОВ,**  
тарих ғылымының кандидаты

# СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦІЯ

## ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗ КҮШІ

Ұлы Октябрь социалистік революциясы — капитализмнен социализмге өту дәуірінің бастамасы, дүние жүзілік тарихи оқиға. Әуелі дербес бір елде жеңіп шыққан социализм бүгінде Европа мен Азияның бір-қатар елінде өркен жайып, дүние жүзілік социалистік система болып қалыптасты. Адамзат тарихындағы осы түбегейлі бетбұрыс, қазіргі заманның революциялық оқиғалары социалистік революция жөніндегі лениндік ілімнің дұрыстығын дәлелдеді.

Пролетарлық әлеуметтік революция жөніндегі марксизмнің негізгі принциптерін жана жағдайға сәйкес творчестволықпен қолдана отырып және капитализмнің даму заңдылықтарына терең талдау жасай келіп, В. И. Ленин социалистік революция теориясын сомдап шығарды. Жиырмамыншы ғасырдың басында капитализм жана сатыға аяқ басты — империализмге ұласты, деп көрсетті ол. Жана дәуір тұсында капитализмнің барлық қайшылықтары барынша шиеленіседі. Демек, империализм дегеніміз «өліп бара жатқан капитализм», демек, ол адамзатты социалистік революцияға жетелейді, революция практикалық міндетке айналады.

Сөйтіп социалистік революция капиталистік қоғам қойнауында пісіп жетіледі, объективтік түрде толғағы жеткен, халықтың барлық тобын қамтитын дағдарыстан өсіп шығады. Осы дағдарыстардың, әлеуметтік-саяси жағдайлардың жиынтығын В. И. Ленин революциялық ситуация деп атады және оның негізгі үш түрлі белгісін анықтап берді.

Біріншіден, үстем таптар өз билігін бәз-баяғы қалпында сақтап, жүргізе алмайды. «Революцияның тууы үшін, — деп жазды В. И. Ленин, — әдетте «төмендегілердің» ескіше тұруды «тілемеуі» жеткіліксіз, оның үстіне «жоғарыдағылардың» ескіше тұра алмауы керек». Екіншіден, езілген таптардың бейнеті мен жокшылығы бұрынғыдан бетер асқына түседі. Үшіншіден, жоғарыда айтылған жағдайлар бұқараны ашындырады, оның белсенділігін күшейтеді, сөйтіп «дербес тарихи аттанысқа» жетелейді (Шығармалар, 21-том, 210-бет).

Сөйтіп, революциялық ситуацияның басты сипатының бірі — жалпы ұлттық саяси дағдарыс. Бүкіл қоғам бас көтеріп, дүр сілкінеді, күресуші таптар іргелі әлеуметтік-саяси өзгеріс жасаудың қажеттігін түсінеді. Бұл ретте үстем таптар реформа жасап тал қармайды және қуғындап, жазалауды күшейтеді. Ал революцияшыл бұқара тап күресінің шырқау шегінде саяси билікті тартып алу қажеттігіне көзі жетіп, соған ұмтылады. Осы қарама-қарсы екі лагерьдің ортасында сынапша толқын аралық топ тұрады. Революциялық қозғалыс өрши түсіп, революцияшыл бұқараның саяси беделі өктем болса, аралық топ солардың сонынан ереді, ал егер революция бәсеңдеп, реакция күш алса, онда жалт беріп, контрреволюция лагеріне қосылады.

Бірақ революциялық ситуацияның бәрі бірдей революцияға айнала бермейді, деп көрсетті В. И. Ленин «II Интернационалдың күйреуі» деген еңбегінде. Революциялық ситуацияны революцияға айналдырып, жеңіске жету үшін объективтік жағдайлардан басқа субъективтік себептердің де болуы шарт. Атап айтқанда, «ешуақытта, тіпті дағдарыстар заманында да, «түсіріп жібермесе» өздігінен «қуламайтын» ескі үкіметті қиратарлықтай... жеткілікті күшті бұқаралық революциялық қимылдар



жасауға революцияшыл таптың қабілеттілігі қосылғанда, тек осындай жағдайдан ғана революция туады» (Шығармалар, 21-том, 211-бет). Демек, революцияшыл бұқараның ұйымшылдығы мен саналылығы, қабілеттілігі мен әзірлігі субъективтік себептердің басты шартының бірінен саналады. Ал бұқараны мұндай дәрежеге жеткізіп бауду, оған басшылық жасау тек маркстік позициядағы партияның қолынан ғана келеді деп үйретті Владимир Ильич.

Революцияшыл бұқараның саяси көсемі — маркстік-лениндік партия объективтік әлеуметтік жағдайды дөп басып бағалай білумен бірге революциялық ситуацияның бағыт-бағдарына қарай басшылық жасауға, бұқараның революциялық күш-жігерін дұрыс арнаға бағыттауға тиісті. В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясының, әсіресе 1917 жылғы февральдан октябрьге дейінгі аралықтағы бүкіл қызметі мен қимыл-әрекеті — революцияға жіті басшылық жасап, оны жеңіске жеткізудің тамаша үлгі-өнегесі.

Революцияның объективтік және субъективтік себеп-шарттары туралы лениндік ілімнің аса зор теориялық және практикалық мәні бар. Бұл шарттардың бірін елемей, не екіншісін әсірелеу не реформистік, не авантюристік ауытқуға әкеліп соғады. Социалистік революция туралы лениндік ілім осы қателіктерден сақтандырады. Сонымен бірге маркстік-лениндік партия нақтылы әлеуметтік жағдайға білгір талдау жасай отырып, революциялық ситуация сәттерін кезінде көре білуге, болжап ашуға да тиісті. Қаншалықты «бейбіт», «тұрақты» және «шуақты» болып көрінсе де, антагонистік қоғамдық-экономикалық құрылым сүйегіне біткен әлеуметтік қарама-қайшылықтардан арыла алмақ емес. Сондықтан тарихи дамудың неғұрлым бейбіт кезеңінде бұқарамен байланысты нығайту, еңбекшілер арасындағы жұмыстың барлық түрін пайдаланып, революция армиясының қатарын көбейту, оларды шындап бауду — революцияшыл, маркстік партияның ең басты міндеті.

Егер революцияшыл күштер революциялық ситуация пісіп жетілмей тұрып күреске шыкса, ол жеңіске жетпейтіні былай тұрсын, тіпті революцияның өзін тұншықтыруы ықтимал деп үйретеді ленинизм. Көп жылғы күрес тәжірибесі негізінде қалыптасқан осы маркстік-лениндік қариданың дұрыстығын Индонезияда болған оқиғалар, Индонезия Компартиясы душар болған ауыр жағдай толық сипаттап берді.

Соңғы жылдары Азия аймағындағы осы ірі партияның басшылығы марксизм-ленинизм принциптерінен ауытқып, халықаралық коммунистік қозғалыстан іргесін аулақ сала бастады. Еңбекші бұқараның, партия мүшелерінің таптық сана-сезімін оятып, оларды революциялық шайқасқа әзірлеудің орнына партияның Орталық Комитеті Сукарномен қоян-қолтық араласып, оны қолпаштай бастады. Ақыры 1965 жылы партияның басшылары «30 сентябрьдегі қозғалыс» деп аталған президент сарайындағы авантюристердің біреуі бастаған бүлікке қосылып, саяси билікті жеңіп алмақ болды. Бұл барып тұрған әпербақан әрекетті партияның қатардағы мүшелері тұрсын, облыстардағы активі де білмеді. Сөйтіп, революциялық ситуацияны да, бұқараның қолдануына сүйенуді де ескерместен революция жасамақ болған бұл авантюристік әрекет Индонезия Компартиясын апатқа ұшыратты. Бүлікті бір-ақ күнде тұншықтырған реакция дереу компартияны құртуға кірісті. Реакция күштері коммунистерді түрмеге қамады, ұстаған жерде атып тастады, қойша бауыздады. Бұдан үш жыл бұрын басталған және әлі жүргізіліп жатқан бұл айуандық жазалау үш миллион мүшесі бар Индонезия Компартиясын ойсыратып тастады.

Индонезия Компартиясының сәтсіздікке душар болуының тағы бір себебі, оның басшылары революцияның жетекші, қозғаушы күші шаруалар деп санады. Ал мұндай теріс бағыт партияның идеялық қаруын мұқалтты, таптық позициясын шайқалтты, пролетарлық ұрандардың орнына ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық даурықпа сөздер көп айтыла-

тын болды. Шаруалық, ұсақ буржуазиялық стихияға төтеп бере алмаған партия пролетарлық революция жолынан, марксизм принциптерінен алшақтап, авантюризмге ұрынады, «солшыл» әсіре ауруына шалдығады деп В. И. Ленин сан рет ескерткен болатын. Социалистік революцияның қозғаушы, жетекші күші жұмысшы табы, ал оның ең негізгі одактасы — кедей шаруа деп атап көрсетті Владимир Ильич.

Бұдан мынадай лениндік қағида келіп туады: социалистік революция жасау үшін пролетариаттың халықтың көпшілігі болуы шарт емес. Революция — халықтың барлық езілген топтары мен таптарының, ең алдымен, пролетариат пен шаруаның үстем таптарға қарсы, езгінің барлық түріне қарсы сан қырлы шайқасы, қозғалысы, отар халықтардың көтерілісі және бұқаралық күрестің басқа да түрлері деп үйретті В. И. Ленин. «Таза» әлеуметтік революция болуы мүмкін емес, оны күтудің қажеті жоқ, осы шайқастарды бір мақсатқа — империализмді құлатып, социалистік революцияны жүзеге асыруға бағыттау — пролетариаттың, оның маркстік партиясының міндеті, — деп жазды Ленин. Еліміздегі революцияның тәжірибесін қорыта келіп, ол буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы теорияны қалыптастырды. В. И. Лениннің бұл қағидасы маркстік революциялық ілімді жаңа тарихи жағдайға сәйкес творчестволықпен дамытудың тамаша үлгісі болды.

Социалистік революция туралы лениндік ілімнің өзекті мәселесінің бірі — социализмнің жеңісі туралы мәселе. Маркс пен Энгельс социализм барлық капиталистік елде немесе солардың көпшілігінде бір мезгілде жеңеді деп жазды. Бұл қағида капитализмнің өрлеп дамыған дәуірі үшін дұрыс еді. В. И. Ленин буржуазиялық қоғамның енді империалистік сатыға аяқ басқанын және бұл дәуірде капитализмнің экономикалық, саяси дамуының секірмелі сипат алғанын, сондай-ақ капитал елдерінің өздері біркелкі дәрежеде дами алмайтынын дәлелдеді. Ол өзінің бұл идеяларын «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» және «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» деген мақалаларында баяндап берді.

«Капитализмнің дамуы әртүрлі елде мейлінше әркелкі болып отырады, — деп жазды В. И. Ленин. — Товарлы өндіріс тұсында басқаша болуы мүмкін де емес. Мұнан мынадай даусыз қорытынды туады: социализм барлық елдерде бір мезгілде жеңе алмайды. Ол әуелі бір немесе бірнеше елде жеңеді де, қалғандары біраз уақыт буржуазиялық немесе буржуазияға дейінгі ел күйінде қала тұрады» (Шығармалар, 23-том, 76-бет).

Демек, империализм дүние жүзілік система болғандықтан социалистік революция оның бір әлсіз жерін бұзып шығуға тиісті ғой. Тұтас желінің осал жері қайда? Революция алдымен қай елде болмақ? Екінші Интернационалдың оппортунистері революция неғұрлым жоғары дамыған, пролетариаты көп капиталистік елде басталуға тиіс деп пайымдады. Осы теориясымағын бықсыта келіп, ақырында олар революцияны эволюцияға айналдырды. Социализмге революциясыз, пролетарлық диктатурасыз-ақ, капитализмнен бірте-бірте өтуге болады деп сәуегейсіді. Сөйтіп, революцияны жоққа шығарып, жұмысшы табының мүддесіне опасыздық жасады.

В. И. Ленин оппортунистердің жұмысшы табын буржуазияға жығып беруге бағытталған осы сұрқия стратегиялық амал-айласын батыл әшкереледі. Тиісті объективтік және субъективтік алғышарттар пісіп жетілген жағдайда, яғни капитализмнің дамуы белгілі бір дәрежеге жеткенде, пролетар емес бұқараны, алдымен шаруаларды бастауға қабілетті пролетариат пен оның партиясы болса, империализм желісі неғұрлым осал жерінен үзіледі. Яғни қайшылықтар неғұрлым шиеленіскен, революция жасаушы күштер әзірленген жерде социалистік революция болады және ол жеңіске жетеді деп көрсетті Ленин. Мұндай осал буын және

барлық жағдай дәл келген жер 1917 жылғы Россия еді. Лениндік теориямен қаруланған Россия пролетариаты большевиктер партиясының басшылығымен елдің бүкіл езілген бұқарасын соңынан ертіп, революциялық шайқасқа аттанып, жеңіп шықты да, саяси билікті өз қолына алды.

Социалистік революция жеке меншіктілікті, адамның адамды қанауына негізделген антагонистік өндірістік қарым-қатынастарды жойып, социалистік, жалпы халықтық меншікке негізделген, бұрын-соңды тарихта болып көрмеген социалистік өндірістік қарым-қатынастар орнатады. Оның басқа әлеуметтік-саяси революциядан айырмашылығы осы. Социалистік революция буржуазия диктатурасын — ат төбеліндей азшылық диктатурасын, оның мемлекеттік аппаратын күйретіп, пролетариат диктатурасын — халықтың көпшілігінің диктатурасын орнатады.

Капитализмнен коммунизмге өту саяси формалардың толып жатқан алуан түрін тудырмауы мүмкін емес екенін көрсете келіп, В. И. Ленин мұндай өтпелі формалардың бәрінің мазмұны біреу болатынын — пролетариат диктатурасы болатынын атап көрсетті. Өйткені мұнсыз таптарды жойып, социалистік революцияның міндеттерін түгел жүзеге асыру, социализм орнату мүмкін емес. Социализмнің экономикалық негізі — қоғамдық социалистік меншік. Демек капитализм түсында, оның құрсағында социализм пісіп жетілген экономикалық уклад ретінде пайда болмақ емес. Тек оның материалдық алғышарттары ғана жасалады. Сондықтан жұмысшы табы социалистік экономикалық укладты пролетариат диктатурасын орнатқаннан кейін ғана қалыптастырады және соған сүйене отырып, қоғам тіршілігінің саяси, әлеуметтік және рухани саласында революциялық өзгерістерді жүзеге асырады.

Социалистік революцияның бұған дейінгі революциялардан ендігі бір түбегейлі ерекшелігі сол: ол адамның адамды қанауы атаулыны мүлдем жояды. Өзінің ішкі мән-мазмұны жағынан тек социалистік революция ғана шын мәнісіндегі халықтық революция болып табылады, деп сан рет атап көрсетті В. И. Ленин. Өйткені мұнда халықтың қалың бұқарасы ескі қоғамды күйретуші ғана емес, сонымен бірге ол жаңа қоғам орнатушы күш ретінде әрекет жасайды. Социалистік революция жүзеге асыратын әлеуметтік экономикалық өзгерістердің көлемі мен дәйекті сипаты, оның революциялық амал-тәсілдері буржуазиялық революциядан бір бөлек.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, өкімет билігін қолға алу социалистік революцияның негізгі мәселесі және жеңген сәттегі оның алғашқы қадамы осыдан басталады. Бірақ өкімет жөніндегі мәселе тек қана қарудың күшімен шешіледі деп кесіп айту лениндік ілімге сай келмейді. Бұл мәселе бейбіт жолмен де шешіледі. Жұмысшы табының билікті қолға алу тәсілі нақтылы әлеуметтік-саяси жағдайға тікелей байланысты. Жұмысшы табы маңына топтасқан еңбекшілер бұқарасын бастап, революциялық жолмен мемлекет билігін өз қолына алады. Бірақ бұл сәтте күш жұмсау дәрежесі қаншалықты болмақ: ол қарулы көтеріліс не азамат соғысы деңгейіне көтеріле ме, яғни таптардың қарулы шайқасына ұласа ма, бұл жұмысшы табының еркіне байланысты емес және оны социалистік революцияның табиғаты да анықтамайды. Әлеуметтік-саяси жағдай мәжбүр етсе, жұмысшы табы өкімет билігін тікелей қарудың күшімен де, бейбіт жолмен де жеңіп алады. Социалистік революция туралы лениндік ілім осылай деп үйретеді.

Социалистік революцияның лениндік теориясының осы қағидасын ұлы көсемнің көзі тірісінде де әдейі бұрмалаушылар және оның теректілігімен мағынасын жете түсінбеушілер де болды. Бұлардың алғашқылары — социал-оппортунистер революцияның тек бейбіт әдісін ғана қолдану керек деп қақсап, жұмысшы табын, оның революциялық күш-жігерін буржуазияға байлап-малап беруге дәмеленді. Ал екіншілер — әсіресе «солшылдар» тек қарулы күресті ғана қалады.

Сол кездегі социал-демократтардың оппортунизм платформасына мүлде көшіп, буржуазиялық үкімет құрамына кіргені, сөйтіп жұмысшы табының мүддесіне ашықтан-ашық опасыздық жасағаны мәлім. Бұл күндері олар енді капитализмнің табиғаты өзгерді, ол жұмысшы табымен қоян-қолтық жұмыс істеуде, революцияның қажеті қанша?, «халықтық капитализм», «жаппай игілік мемлекеті», «бірыңғай индустриялық қоғам» дамудың белгілі сатысында өзінен-өзі социализмге ұласады деп жарапазан айтуда.

Коммунистік және жұмысшы партияларының арасында «солшылдықтың» балалық ауруынан арылмағандар да жоқ емес. Олар социалистік революцияның маркстік-лениндік творчестволық мәнісін жете ұғынбай, авантюристік жолға түседі. Бұған Қытай Компартиясы басшылығының ұстап отырған бағыты толық дәлел бола алады. Мао Цзэ-дун мен оны қолпаштаушы топ қазір бұқаралық халықтық күрестің нәтижесі болып табылатын социалистік революция туралы лениндік ілімнен бас тартып, бұқараның пиғылын, бұқараның революцияға әзірлігін ешбір есепке алмастан, ішкі және сыртқы жағдайды есепке алмастан тек қана қарулы көтеріліске бағыт ұстап отыр.

Сөйтіп Қытай басшылары маркстік-лениндік ілімнің басты қағидаларының бірін, атап айтқанда: революцияны заказ бойынша тездетуге немесе жасауға болмайтынын, революцияны сырттан итермелеуге болмайтынын ұмытқан. «Бөтен елде революция заказ бойынша, келісім бойынша тууы мүмкін деп ойлайтын адамдар бар, — деп атап көрсетті В. И. Ленин. — Мұндай адамдар не ессіздер, не арандатушылар» (Шығармалар, 27-том, 489-бет). Революция — пролетариат және оның революцияшыл авангарды басшылық ететін халық бұқарасының қолымен жасалатын іс екенін тағы қайталап айту артық болмайды.

Догматтар, «солшылдар», атап айтқанда маоистер және олардың шашпауын көтерушілер ұлт-азаттық қозғалысын әсірелеп, оның революциядағы шешуші ролі жөнінде көп айтып жүр. Олар ұлт-азаттық қозғалысын капиталистік елдердегі жұмысшы табының революциялық қозғалысынан, дүние жүзілік социалистік системадан оқшаулап алмақшы. Мұның өзі социалистік революция туралы лениндік ілімді бұрмалағандық. Шын мәнісінде ұлт-азаттық қозғалысы қазіргі заманның аса маңызды революциялық күштерінің бірі екені рас. Алайда оны барлық революциялық қозғалыстардан бөліп алу, дүние жүзі еңбекшілерінің азаттық жолындағы күресіне көріне-көзге кесел келтіру болып табылады.

Дүние жүзілік революциялық қозғалыстың өзара тығыз байланысты сан саласы өріс алып отырған қазіргі жағдайда лениндік идеялардың мән-мазмұны арта түсуде. Капитализмнің басынан кешіріп отырған бүгінгі жаппай дағдарыс кезеңі социалистік революцияның өрістеуіне қолайлы жағдай жасауда. Капиталистік системаның бүкіл экономикасы мен саясатындағы дағдарыс, ұлт-азаттық қозғалысының өріс алып, империализмнің отарлық жүйесінің күйреуі, монополияларға қарсы күресті социалистік революциямен жақындастыра, тели түсетін шарттардың қалыптасуы, социалистік системаның әлем дамуында шешуші факторға айналуы — міне сол қолайлы жағдайлардың негізгілері осылар.

Социалистік революция жөніндегі лениндік ілім адамзат тағдырын түбірінен өзгертті, еңбекші бұқараны империалистік езгіден азат етушіл бастамасы болды. Оның қазіргі жеңісті қадамының бұдан былай да өріс алуы күмәнсіз.

Л. БАЙДІЛДИНОВ,  
философия ғылымының кандидаты.

# СОЦИАЛИСТІК ЗАҢДЫЛЫҚ

## ҚАТАҢ САҚТАЛСЫН

Ө. СЕЙІТОВ,

Қазақ ССР прокуроры

В. И. Ленин дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетті орнатушы ғана емес, сонымен бірге ол жұмысшы-шаруа мемлекетінің заңдылығы мен право тәртібі ережелерін, оның теориялық мәселелерін де шешіп, солардың негіздерін белгілеп берді. Пролетарлық революцияның жеңісіне кәміл сенген В. И. Ленин бұл мәселемен Ұлы Октябрь революциясына дейін-ақ дәйекті түрде шұғылданды.

Революция жеңіп шығып, Россияда пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін Коммунистік партия жаңа қоғам орнатудың саналуан міндеттерін шешті. Солардың қатарында партия жас советтік республикада революциялық право тәртібін орнатып, социалистік заңдылықты нығайту шараларын да қолданды. Өйткені құлатылған таптардың аласұрған қарсылығын тойтарып, революция жеңістерін қорғау үшін және жаңа социалистік қоғам орнату үшін жас Совет мемлекетіне революциялық заңдылық пен қатаң право нормалары қажет еді. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін-ақ В. И. Ленин былай деп атап көрсеткен болатын:

«Капитализмді құлата сала, адамдар ешбір право нормаларынсыз қоғамға қызмет істеуді бірден үйрене қояды деп ойлау қиялға салынғандық болады, онан соң капитализмнің жойылуы мұндай өзгеріс жасай қоярлықтай экономикалық алғы шарттарды бірден жасамайды да» (Шығармалар, 25-том, 488-бет).

Социалистік қоғам орнатуға қажетті сол право нормаларын, социалистік заңдылық негіздерін белгілеп жасауды алдымен В. И. Лениннің өзі қолға алды. Владимир Ильич көптеген еңбектерінде, әсіресе әйгілі «Мемлекет және революция» деген кітабында пролетарлық право қағидаларын жасап берді. Пролетариат революциясы ескі буржуазиялық мемлекеттік машинаны қиратып, оның орнына жаңа мемлекеттік аппарат жасауға тиісті деген Маркс пен Энгельстің идеясын одан әрі дамытты. Ол былай деп жазды: «Революциялық өкімет пен оның правосы буржуазиялық тәртіпті күйретіп», ескі заңдарды бұзушы, халықты езетін органдарды құртушы, жаңа право жасаушы «халықтың қалың бұқарасының тікелей революциялық қозғалысы» арқасында жасалады (Шығармалар, 10-том, 271-бет).

В. И. Ленин заңдылықтың таптық табиғаты мен қызметін, социалистік заңдылықтың буржуазия заңдылығынан түбегейлі айырмашылығын ашып көрсетті. Егер буржуазиялық право қалыпташқан өндірістік қарым-қатынастарды дәйектейтін болса, деп көрсетті ол, буржуазиялық құрылысты күйрету және жаңа, социалистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру барысында туған пролетарлық право алғашқы сәттен-ақ осы процеске тікелей араласып, қатар жүреді. Соның өзінде ол жаңа қатынастарды дәйектен қана қоймай, олардың дүниеге келуіне және одан әрі жетіле беруіне ат салысады.

Буржуазиялық заңдылық капиталистік право тәртібін сақтау мақсатын көздейді, ол еңбекшілер мүдделерін елеусіз қалдырып, буржуазия мүдделеріне қызмет етеді. Бұл заңдылық капиталистік қоғамдағы

ат төбеліндей азшылықтың — буржуазияның таптық үстемдігін демеп, оны нығайтуға тырысады.

Ал, мұның керісінше, социалистік заңдылық шынайы демократияшыл, ол еңбекшілер мүддесіне қызмет етеді, пролетариат диктатурасының және ол орнатқан право тәртібінің мызғымас беріктігін қамтамасыз етіп отырады. Оның негізгі мақсаты — еңбекшілердің әлеуметтік, саяси праволары мен бас бостандығын қорғау.

Социалистік заңдылық дегеніміз, — деп үйретті В. И. Ленин, — «...Совет өкіметінің заңдары мен жарлықтарын қастерлеп сақтап, оларды жұрттың бәрі орындауын қадағалап отыру...» (Шығармалар, 29-том, 558-бет).

Социалистік мемлекет жасаған право нормаларының қатаң да үйлесімді жүйесін социалистік заңдылықтың негізі деп санады В. И. Ленин. Мұнсыз социалистік заңдылықтың да болуы мүмкін емес. Міне сондықтан жұмысшы табының еркін заң жүзінде дұрыс көрсетіп, дәйектеу революциялық заңдылықты қалыптастыру жолындағы бүкіл жұмыстың қажетті де маңызды бастамасы болды. Кеменгер көсем өз қолымен жазып, Советтердің Бүкіл Россиялық II съезінде қабылданған тұңғыш Декреттер социалистік заңдылықтың іргетасын қалады.

В. И. Лениннің инициативасы бойынша Советтердің Бүкіл Россиялық VI Төтенше съезі 1918 жылғы 8 ноябрьде «Заңдарды бұлжытпай орындау туралы» арнаулы қаулы қабылдады. Бір жылғы революциялық күрестің барысында, деп көрсетілді қаулыда, Россияның жұмысшы табы РСФСР заңдарының негізін жасап қалыптастырды. Жұмысшылар мен шаруалар өкіметін онан әрі дамытып, нығайта беру үшін осы заң негіздерін бұлжытпай сақтау қажет. В. И. Лениннің нұсқауы бойынша бұл қаулы «Советтік республиканың Заңдарын орындағандар» деген кітапшада жарияланды.

Бір жылдан соң Владимир Ильич заңдарды бұлжытпай орындау туралы тағы да мәселе қойды. Бұл талап Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 30 декабрьде қабылдаған «Қағазбастылықты жою туралы» қаулысында баяндалды.

Социалистік заңдылық — абстрақтылы праволық категория емес, ол — шаруашылық және мәдени құрылыстың, ел қорғауды ұйымдастырудың, социалистік мемлекеттің барлық қызметін жүзеге асырудың қажетті шарты. Сондықтан оны әрдайым сақтап, одан әрі нығайта түсу Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің, барлық еңбекшілердің негізгі міндеттерінің бірінен саналады деп үйретті В. И. Ленин.

Владимир Ильич революциялық заңдылықты бұрмалаудың қандай көрінісі болса да партияның халықпен байланысына, пролетариат диктатурасының беріктігіне нұқсан келтіреді, пролетариаттың тап жауларының жүгенсіздігіне әкеліп соғады деп әрдайым ескертіп отырды. «Сәл ғана заңсыздық, совет тәртібін сәл ғана бұзу дегеніміз еңбекшілердің жаулары дереу пайдаланатын санлау» деп жазды ол (Шығармалар, 29-том, 559-бет).

Заңдарды және Совет өкіметінің жарлықтарын бұлжытпай қолданып отыру принципін жүзеге асыруды В. И. Ленин партиялық және мемлекеттік тәртіптің міндетті талаптарының бірінен санады. Сондықтан да ол тіпті заңды, орталық өкіметтің жарлықтарын ілтипатқа алмау нышандарының өзіне жол бергізбеді. Владимир Ильичтің заңды қаншалықты қастерлейтіндігіне және оған немқұрайды қараушылықтың қандайына болсын төзімділік жасамағанына мына бір оқиға толық дәлел бола алады.

1918 жылы 21 апрельде В. И. Ленин Архангельск губерниялық атқару комитетінің председателіне мынадай телеграмма жолдады:

Нарком Цюрула Сіздің оған 21 апрельде жолдаған 1192 номерлі телеграмманызды маған берді. Онда Сіз орталық өкіметтің жарлығын

түкке тұрғысыз деген көрінесіз. Бұл үшін мен Сізге ресми сөгіс жариялаймын және егер Сіз өзіңіздің осы сөлекет сөзіңізді қайтып алмасаңыз, онда мен Сізді сотқа беру жөнінде мәселе қоямын, өйткені егер біз жұмысшылар мен шаруаларды тәртіптілікке шын ниетімізбен баулымақ болсақ, онда біз әуелі өзімізден бастауымыз керек.

РКП(б)-нің Бүкіл Россиялық XI конференциясында социалистік заңдылық туралы мәселе қаралып, шаралар белгіленді. Осыған байланысты елде заңдарды бұлжытпай сақтау ғана емес, сонымен бірге олардың орындалуын қатаң бақылауға алу, заңдарды түсіндіру мен қолдануды бір жүйеге келтіру міндеті алға қойылды. Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитеті 1922 жылғы майдағы сессиясында прокуратураны құру туралы заң жобасын бекітті, сөйтіп бұл мәселені талқылау кезінде қызу айтыс туып, алуан түрлі пікірлер айтылды. Бірталай адамдар прокуратураны бір орталыққа бағындыруға, жергілікті өкімет органдарының шешімдері мен қаулылары заңға қайшы болса да оған прокуратураның наразылық білдіруіне право беруге қарсы болды. Сессияда бұл заң жобасына қарсы шығушылардың көп болғандығы сонша, тіпті қатты айтыстан кейін жоба ВЦИК комиссиясына тек талқыға түскен жай материал ретінде ғана ұсынылды.

Осыған байланысты 1920 жылғы 20 майда В. И. Ленин РКП(б)-нің Саяси Бюросына «Екі жақты бағыну және заңдылық туралы» хат жазып, социалистік заңдылықтың негізгі мән-мазмұнын ашып көрсетті, оның принципін түсіндіріп берді. Ол былай деп жазды: «Заңдылық қалғалық және қазандық бола алмайды, қайта бірыңғай бүкіл россиялық және тіпті Советтік республикалардың бүкіл федерациясы үшін бірыңғай болуға тиіс» (Шығармалар, 33-том, 360-бет).

В. И. Ленин «бүкіл республикада және бүкіл федерацияда заңдылықтың шын мәнісінде бір түрлі болуын бақылап отыруға» қабілетті, «жергілікті ықпалға, жергілікті және басқа да бюрократизмге іс жүзінде қарсы тұруға» қабілетті прокурорлық бақылау орнатуды талап етті.

Социалистік заңдылықтың советтік республикалардың бүкіл федерациясы үшін бірыңғай болуы жөніндегі лениндік принцип прокурорлық бақылауды орталықтандыру принципін негізі етіп алынды. Прокуратуралық бақылау жергілікті органдарға тәуелді болмай тек қана орталыққа бағынатын болды. Орталық Комитеттің Саяси Бюросы 22 майда барлық мәселе бойынша көпшілік дауыспен В. И. Лениннің ұсыныстарын қабылдады.

Социалистік заңдылықтың осы лениндік принциптері кейін прокуратура органдарын құрудың және олардың қызметінің негізі етіп алынды және «СССР-де прокурорлық бақылау туралы ережеде» баяндалы етілді.

Советтік заңдарды дұрыс қолдануда социалистік заңдылықтың тағы бір лениндік принципін, яғни социалистік заңдылық пен қажеттікті бір-біріне қарама-қарсы қоймау принципін ерекше зор маңызы бар.

Социалистік заңдылық сонымен бірге жұмысшы табының мүддесіне сай келетін ең жоғары қажеттілікті білдіреді, деп үйретті В. И. Ленин. Яғни қажеттілік дегеніміз — совет заңдарының пролетарлық революцияның, социализм құрылысының мақсаттары мен міндеттеріне толық сай келуі. Бұл ретте ол заңға негізделген және оның шеңберінен шықпайтын қажеттілікті айтты. Бұл әділеттілік мағынасындағы қажеттілік еді.

В. И. Ленин белгіленген право нормалары мен ережелерді бұлжытпай орындап отыруды талап етті. Заң күшінде тұрғанда оны бұрмалауға не елемеуге ешнәрсе де себеп бола алмайды. Біздің заңдарымыз әрбір совет азаматы үшін міндетті болып табылады деп атап көрсетті ол.

Зандылық пен мәдениеттіліктің байланыс принципі де социалистік заңдылықтың лениндік принциптерінің бірінен саналады. Алдымен халықтың сауатсыздығын жойып, жалпы мәдени дәрежесін көтермейінше заңдылықты жүзеге асыру мүмкін емес деп көрсете келіп, В. И. Ленин «заңдылық үшін мәдениетті түрде күресуді үйрену» керек, өйткені мәдениет неғұрлым жоғары болса, заңдылықты сақтау талабы да соғұрлым арта түседі, заңдылықты, право тәртібін бұзушылық та соғұрлым аз болады; сөйтіп заңдылықтың нығайтуы мәдениеттің артқанын көрсетеді деді.

Социалистік заңдылық — совет адамын тәрбиелеудің аса маңызды факторы, өйткені заңдылықтың негізін қалайтын совет заңдары социалистік қоғамды нығайту, социалистік право сана-сезімін қалыптастыру, қоғамдық өмірдің негізгі ережелерін дамыту мақсатына қызмет етеді. Азаматтарды заңды берік сақтау рухында тәрбиелеу дегеніміз оларды өзінің қоғамдық борышын жақсы түсінуге баулу, қоғамдың тәртіпті нығайтуға көмектесу деген сөз. Осыған орай В. И. Ленин заңдылыққа совет адамдарының правоарын және заңды мүдделерін қорғаумен бірге тәрбие мен мәдени жұмыстарын да кеңінен жүргізу талабын қойды. «Совет заңдары өте жақсы, өйткені жұрттың бәріне бюрократизмге қарсы және созбұйдалыққа қарсы күресуге мүмкіндік береді. Бұл күресті — деп үйретті В. И. Ленин, — халық бұқарасының өзі көмектесе ғана аяқтауға болады» (Шығармалар, 33-том, 59-бет).

Социалистік заңдылықтың Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің саясатын жүзеге асыру жолындағы маңызды құрал ретіндегі міндеттері мен қызметі туралы лениндік қағидалар РКП(б)-нің VIII съезінде қабылданған партияның екінші Программасында баяндалып өтілді.

Программада жалпы социалистік демократияның және революциялық заңдылықтың шынайы халықтық сипаты ашылып көрсетілді. Сонымен бірге Программада социалистік заңдылықтың мынадай басты-басты міндеттері белгіленді: пролетариат диктатурасының саяси және экономикалық негіздерін қастандықтан қорғау, социалистік экономиканың жоспарлы түрде дамуын, мемлекеттік басқарудың бүкіл жүкесінің қызметті мүлтіксіз істеуін қамтамасыз ету, совет азаматының демократиялық правосу мен бостандығын қорғау, еңбекшілердің праволық сана-сезімін арттырып, тәртіпті нығайту.

Социализм үшін күрестің әрбір кезеңінде партия осы міндеттерді дәйектеп, дамыта түсіп, социалистік заңдылықты икемді қолдануға күш салып отырды.

Қазір совет халқы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолында күресуде. Советтік социалистік мемлекет өзінің коммунизм орнатуға байланысты міндеттерін советтік қоғамның әрбір мүшесі бүкіл мемлекеттік органдар мен қоғам ұйымдары зор ұйымшылдық және асқан тәртіптілік көрсетіп, мемлекеттік право қағидаларын мүлтіксіз орындаған жағдайда ғана жүзеге асыра алады. Міне сондықтан да Коммунистік партия социалистік заңдылықты онан әрі нығайта беруге әрдайым ерекше көңіл бөлуде. ҚЛСС Орталық Комитеті В. И. Лениннің өсиетін басшылыққа ала отырып, заңның бұрмалануы мен право тәртібінің бұзылу себептерін жоюға бағытталған шараларды әрдайым қолданып келеді.

Советтік заңдылықты нығайту, азаматтардың Советтік Конституция берген правоарын сақтау шараларына партия ерекше назар аударып, прокуратура органдарынан заңдылықтың қырағы сақшысы болып, заңды, социалистік право тәртібін бұзудың қандай да болсын көрінісіне қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуді талап етіп отыр.

Партия советтік заңды жетілдіру саласында орасан жұмыс істеді. Заңдылықты нығайтуға, азаматтар правоарын қорғауды күшейтуге бағытталған көптеген нормалық шаралар қабылданып, жүзеге асы-



рылды. Мысалы, СССР Жоғарғы Советінің 1958 жылы декабрьдегі сессиясында ССР Одағының одақтас және автономиялы республикалардың сот құрылысы туралы заңдарының негіздері, ССР Одағы мен одақтас республикалардың қылмысты істер жөніндегі заңдарының негіздері, ССР Одағы мен одақтас республикалардың қылмыстық сот істерін жүргізудің негіздері, сондай-ақ мемлекеттік қылмыстар және әскери қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы заңдар қабылданды.

Жаңа заң демократиялық әділ сот жөніндегі лениндік идеялар мен лениндік принциптерге толық сай келеді және онда азаматтардың СССР Конституциясында жарияланған праволарын қамтамасыз етудің праволық кепілдіктері нығайтыла түскен.

Партия мен үкімет одақтас республикалардың заң шығару правосын кеңейтті. Социализм құрылысы жағдайында заңдылық — пролетариат диктатурасының аса маңызды элементі, пролетариат диктатурасының бір әдісі, оның функциясын жүзеге асыру құралдарының бірі. Ол Совет мемлекетінің және социализм жеңістерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар ел ішінде социализм жолындағы, өзінің тап жауларына қарсы күресте жұмысшы табының жеңісін қамтамасыз етіп, дәйектеп отыру қызметін атқарды.

Социалистік заңдылықты нығайту міндеттері партияның XXIII съезінің шешімдерінде де белгіленді. КПСС Орталық Комитетінің партияның XXIII съезіне Есепті баяндамасында былай деп атап көрсетілді: мемлекеттік құрылыстың демократиялық принциптерін дамыта отырып, партия мынаны негізге алады: совет органдарының бүкіл жұмысы және азаматтардың ел басқару істеріне творчестволықпен кеңінен қатысуы социалистік заңдылықты қатан сақтауға негізделуге тиіс.

Коммунистік қоғам орнату кезеңінде, деп көрсетілген КПСС Программасында, «социалистік право тәртібін өнан әрі нығайта берудің, коммунистік құрылыс міндеттерін шешуге және адамның жеке басының жан-жақты жетілуіне жәрдем ететін шаруашылық ұйымдастыру және мәдени-тәрбие жұмыстарын реттеп отыратын праволық нормаларды жетілдіре берудің маңызы үлкен» (КПСС Программасы, 105-бет).

Коммунистік партия тұрақты мемлекеттік және қоғамдық бақылауды мемлекеттік аппараттың қызметін жақсартудың құралы санап, оған ерекше маңыз береді.

Бақылау органдары неғұрлым демократиялық болуға тиісті, яғни мемлекеттік бақылауды орталықтағы және жер-жердегі қоғамдық инспекциялармен тығыз ұштастырып отыру қажет. Бұл программалық талап лениндік нұсқаулар негізінде белгіленген. «Партия халық бақылауының инспекциясын, делінген. Программада, қалың халық бұқарасын мемлекет істерін басқаруға қатыстырудың, заңдардың мүлтіксіз орындалуын бақылаудың пәрменді құралы деп біледі» (КПСС Программасы, 104—105-беттер).

Партия бақылау мен істің орындалуын тексерудің лениндік принциптерін одан әрі дамытуға бағытталған нақты шаралар қолданды. Халықтық бақылаудың кең жүйесінің қалыптасуы осының айғағы іспетті.

Адамзат тарихында тұңғыш рет біздің елімізде қылмысты және оны туғызатын барлық себептерді толық жою міндеті қойылып отыр. Коммунизм құрылысы кең өріс алып, жаңа адам тәрбиелеу мәселесі шешіліп отырған қазіргі кезеңде Программада қойылған бұл талаптың маңызы ерекше зор. Бұл міндетті жүзеге асырмайынша, коммунизмге өтуге қажетті рухани және моральдық алғы шарттар жасалмақшы емес. «Коммунизм орнатып жатқан қоғамда тәртіп бұзушылыққа және қылмыс жасаушылыққа орын болмауға тиіс» деп көрсетілген КПСС Программасында.

Елімізде бұл міндетті жүзеге асыруға қажетті толық жағдай бар. КПСС Орталық Комитеті бұл мәселеге көңіл бөліп, нақты шаралар қолданды. Қылмыстылық пен право тәртібін бұзушылыққа қарсы қазір тек мемлекеттік органдар ғана емес, сонымен бірге еңбекшілердің жолдастық соттар, халық жасақтары сияқты басқа да ұйымдары жаппай жұмылуда, бұл күрес бүкіл халықтық іске айналды. Қазір республикамызда 364 419 адам қатысатын 9 410 жасақшы топтары және 10 757 жолдастық соттар жұмыс істеуде. Бұл қоғамдық ұйымдар право тәртібін бұзушылықтың алдын алу жөнінде елеулі жұмыс істеп келеді.

В. И. Лениннің советтік мемлекетті құрып, социалистік право мен заңдылықты нығайту жөніндегі қызметі революциялық теория мен практиканы ұштастырудың теңдесі жоқ үлгі-өнегесі болып саналады.

Көпке мәлім, социалистік заңдылықты лениндік принциптер негізінде жетілдіру мынаны талап етеді: Заңды жүзеге асырғанда жеке адамның правосын берік сақтауды бүкіл социалистік қоғамды, барлық азаматтар мүддесін қырағы қорғау міндеттерімен тығыз ұштастырып, социалистік мемлекетті қылмысты элементтердің сұғанақтығынан қорғауды қамтамасыз ету шарт. Партия мен үкіметіміздің осы лениндік принциптерді әрдайым қатаң сақтап отыруға және одан әрі жетілдіруге үзбей қамқорлық жасап отырғаны жоғарыда айтылғанды. СССР Жоғарғы Советінің осы жылғы июль айындағы сессиясында заң мәселелерінің қаралуы осының тағы бір айғағы іспетті. Сессияда ССР Одағы мен одақтас республикалардың қылмыстық заңының негіздеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағының Заңын қабылдады. Сондай-ақ сессия Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен одақтас республикалардың еңбекпен түзету Заңдарының негіздерін бірауыздан бекітті.

Социалистік заңдылықтың лениндік принциптерін жүзеге асырып, одан әрі дамыту жөніндегі Коммунистік партияның қызметі қазіргі кезеңде коммунистік құрылысты кең өрістету міндеттерін ойдағыдай орындауға көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге социалистік мемлекетті дамытып, оны бірте-бірте қоғамдық коммунистік өзін өзі басқаруға айналдыру үшін керекті алғы шарттардың жасалуына септігін тигізеді.

## ТЫҢДАҒЫ ЕРЛІК ДАСТАНЫ

Н. КРУЧИНА,

*Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші секретары*

Коммунистік партияны ұйымдастырып, дүние жүзінде тұңғыш социалистік мемлекет орнатқан Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесі — бүкіл прогресшіл адамзат тарихындағы аса бір ересен оқиға. Олай болатын себебі, біздің бүгінгі болмысымыздағы, жоер шарының күллі континенттерінде тұратын миллиондаған адал ниетті адамдардың өміріндегі неңдей бір жарқын да игі нәрсенің бәрі ұлы Ленин есімімен байланысты.

Ленин өсиеттеріне адал, өмірге Ленин көзімен қарай білетін туысқан партиямыз коммунистік құрылыстың барлық мәселелерін айқын принципшілдікпен, шебер іскерлікпен шешіп отырады, өзінің бүкіл қызметін қолда бар мүмкіншіліктер мен резервтерге ғылыми тұрғыдан талдау жасау арқылы ойластыра жүргізеді. Қазір әрбір совет адамы Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде қол жеткен қыруар табыстар мен таңғажайып өзгерістерді өз көзімен көріп-біліп отыр. Ленин идеяларымен рухтанған Октябрь жеңісі адамзат алдында социализм мен коммунизм дүниесіне, еңбек адамдарының ғасырлар бойғы ой-арманы жүзеге асқан дүниеге жол ашып бергені кәміл.


Капиталистік дүниені дүр сілкіндірген Октябрь революциясының игі нәтижесі, Совет өкіметі жылдарында пайда болған өрелі өзгерістер біздің Целиноград облысының экономикасы мен мәдениетінен де, еңбекшілердің қоғамдық өмірі мен жеке басы тұрмысынан да айқын аңғарылып отыр.

Революциядан бұрын бүкіл Қазақстан сияқты, біздің облыс та патшалы Россияның қиян шеттегі отарлы аймағы болатын, каторғаға айдалған саяси тұтқындар да ол кезде осында жіберіліп жататын. Өйткені олардың қапасты түрме торуылынан қашып шықса да, айлап жүргенде ауыл оты көрінбейтін шетсіз-шексіз қыр өңірінен құтылып кетуі мүмкін емес-ті. Патша әкімдерінің бұл арада айдалып келген революционерлер «үкіметке қарсы зиянды ықпал» жасай алмайды деп санауының да бір себебі осыдан. Шынында да бұл өңірде ол кезде мұқтаждық пен кемтарлық, аш-жалаңаштық, түрлі ауру жайлап, күйзелген халық озық өнер-білімнен де мақрұм еді. Ал қарым-қатынас жайына келсек, ең жақын деген темір жол станциясы қаладан 500 километр жерде болатын. Ат пен түйе, өгіз — шаруа жұрттың шаңырақ артар, қос тартар күш-көлігі де, аяқ суытар ілдәл-лажы да осылар еді.

Облыс өнеркәсібінің қол өнершілік дәрежеден аспағаны белгілі. Мұнда май жасайтын, ұн тартатын, тері илейтін бірнеше жеке меншікті кәсіпорындар болған. Әрине, бұларда ауыр да азапты, өнімсіз қол еңбегі басым еді. Мәселен, 1913 жылы бүкіл облыс көлемінде 1926—1927 жылғы бағамен есептегенде небәрі 59,9 мың сомның өнімі өндірілген-ді. Ал облыс дегеніңіз сонау Омбы қаласынан Балқаш көліне дейінгі ара-

лықты алып жатты, өған ол кезде Ақмола, Көкшетау, Атбасар, Петропавл уездері қарайтын.

Ауыл шаруашылығы ғана облыс экономикасының негізі болды. Ал тек қол еңбегіне сүйенген ауыл шаруашылық өндірісінің өрісі тар, көлемі шағын, жүргізілу дәрежесі төмен, тәсілі жабайы еді. Сондықтан ол барған сайын құлдырап, күйкі халге жеткен-ді. Сахара шаруашылығының жайын алсақ, оның негізгі саласы көшпелі мал шаруашылығы болатын, ол да ешбір жүйесіз, атамзаманғы жабайы қалпынан сүйем ілгері басқан жоқ.



Қалың еңбекші бұқараның өнер-білім жөнінен кенже қалғандығы облыс экономикасының дамуын едәуір-ақ тежеп отырды. Байқап қаранызшы, сол кездегі облыс жерін мекендеген қазақ халқының небәрі бір-ақ проценті сауатты екен, көшіп келген орыстар арасында да сауаттылық дәрежесі бұдан асып кете қойған жоқ. 1914—1915 оқу жылының басында облыс көлемінде бар болғаны 7 395-ақ адам оқыған. Барлық уездерде небәрі 26 мектеп ғана істеген екен. Ал оның есесіне халықтың санасын улаған шіркеулер мен мешіттердің саны одан бірнеше есе көп болған.

Адамның денсаулығын сақтау ісімен патша үкіметі әкімшілігінің ешбір жұмысы болған жоқ. Осының айқын мысалы ретінде 1913 жылы облыста үш дәрігері, 58 төсегі бар 4-ақ аурухананың жұмыс істегенін айтсақ та жеткілікті.

Тек Ұлы Октябрь ғана біздің өлкенің бүкіл бейне-тұрпатын, тіршілік болмысын танымастай өзгертті. Дәуір қуаты, техникалық прогресс, жаңа қоғамның жасампаз құрылысшыларының революциялық рухы облыс экономикасы мен мәдениетін биік белеске көтерді. Кешегі қу медиен сар дала астықты алқапқа, ырыс өлкесіне айналды.

Қазіргі кезде Целиноград облысы 155,1 мың шаршы километр жерді алып жатыр, бұл Бельгия, Голландия, Люксембург, Дания, Швейцария сияқты елдердің жалпы жер көлемімен барабар. Облыста 13 аудан, 8 қала, 180-нен астам поселкелік, ауылдық Совет, 1 100-ден астам елді

пункт бар. Рас, халқының тығыздығы жағынан біздің облысты еліміздің, оның ішінде республиканың көптеген аудандарымен салыстыруға болмайды. Қазір оның жалпы жер көлемінің әрбір шаршы километріне орта есеппен алты-ақ адамнан келеді.

Картаға қараңызшы, сіз облыстың тұс-тұсына тарамданып кетіп жатқан жүздеген километр болат жолды көресіз. Облыс жерінен тартылған тас жолдардың жалпы ұзындығы 7 мың километрден асады. Жол салынуымен байланысты ел экономикасының өркендеп, мәдениетінің көркейе түсетіндігі өзінен өзі түсінікті ғой. Ал егер облыс орталығын барлық аудандармен, көптеген поселкелермен, еліміздің ірі-ірі қалаларымен мезгіл-мезгіл байланыстырып тұрған әуе жолын еске алсақ, біздің қиыр шеттегі қыр өлкесінің Москвамен, сәулетті астанамыздың Есіл бойындағы ерлік данқына бөленген тың игерушілер қаласымен қалайша етене жақындасып, жиі دیدарласып, жарасты тұрмыс құрып жатқанын мақтанышпен сезінеміз. Целиноградтан Москваға жету үшін революцияға дейін бірнеше апта бойы жол жүру керек болса, қазір осы аралықты «ИЛ-18» ұшқыр самолёті төрт сағатта-ақ ұшып өтеді.

Алғашқы бесжылдықтар кезінде біздің облысымызда негізінен ауыл шаруашылығын өркендетуге көңіл бөлінді. Кейін, Ұлы Отан соғысы жылдарында, негізгі өнеркәсіп орындары пайда болды. Қазір бізде 152 өнеркәсіп орны бар. Ленин атындағы заводтың, насос заводының, басқа да бірқатар кәсіпорындардың өнімі елімізден тыс жерлерге де жақсы мәлім.

Совет өкіметі жылдарында ауыл шаруашылығында болған өзгерістер де орасан зор. 1928—1934 жылдар арасында облыста ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісі жүзеге асырылды, жаңадан ұйымдасқан совхоздар мен колхоздардың егістік жер көлемі өсті. Владимир Ильичтің жүз мың трактор жөніндегі арманының жүзеге асуы нәтижесінде егіс даласында жүздеген трактор, комбайн, басқа да осы заманғы жаңа техника жұмыс істей бастады.

Осы өлкеге азаттық әкеліп, жаңа өмір орнатқан күрескерлерге бүгінгі ұрпақтың айтар алғысы шексіз. Осы ретте жалынды революционер, ардагер ақын Сәкен Сейфуллиннің есімін ерекше құрметпен атаймыз. Өйткені оның революциялық қызметі, совет өкіметін орнату жолындағы күрес жылдары біздің облыс жерінде өткен еді.

Бізде Совет өкіметін ұйымдастырушылардың бірі, еңбекшілер депутаттарының тұңғыш Атбасар Советінің мүшесі, жалынды большевик Әділбек Майкотов еді, кейін, 1919 жылы оны ақгвардияшылар атып өлтірді. Атылар алдында ер жүрек большевик жиналған жұртқа былай деп үн қатты: «Қош болындар, еңбекші еліміз! Біз ешнәрсеге де өкінбейміз, өйткені біз өлгенмен біз бастаған іс өшпек емес. Менің бір ғана өкінетін нәрсем, қас жауларымыздың қалай тас-талқаны шыққанын, туып-өскен сахарамда азаттық айғағындай Қызыл тудың желбірегенін өз көзіммен көре алмай бара жатқанымға өкінем».

Біздің облыс тарихының жауынгерлік шежіресіне Қолчак бандаларына қарсы Октябрь жеңістерін кеудесін тоса қорғаған Мариновка партизандарының ерлік көтерілісі де енген. Қолчакшылар «Ажал вагонында» азаптап өлтірген ер жүрек революционерлер Нестор Мониннің, Бәкен Серікбаевтың, Феодосий Кривогуздың, Жұмабай Нұрқиннің, Григорий Дризгенің, халық бақыты жолында арпалысып өткен басқа да қаһарман күрескерлердің ерлігі ел есінде мәңгі сақталмақ. Олардың революциялық істерін ілгері жалғастырған жас ұрпақ кейін бас көтерген кекшіл кулақтардың қарсылығын күйрете басып, фашизммен күресте ерлік данқына бөленді. Өткен соғысқа мыңдаған ақмолалық жауынгерлер қатысты. Совет Одағының Батыры атағын алған біздің 25 жерлесіміздің есімі, олардың ішінде Талғат Бигелдиновтың, Ақан Құрмановтың, Юрий Малаховтың, Матросовтың ерлігін қайталаған Иван Скуридиннің, үш дәрежелі Данқ орденін алған жауынгерлер Әлмұқан Сембиновтың,

Николай Изотовтың тағы басқаларының есімдері Ұлы Отан соғысының тарихына алтын әріппен жазылған.

Қазір Целиноград облысының еңбекшілері бүкіл республика еңбеккерлерімен бірге елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, Отанымыздың күш-қуатын бұдан былай да арттыра беру ісіне лайықты үлес қоса отырып, Владимир Ильич Лениннің туғанына жүз жыл толу мерекесіне, Советтік Қазақстанның елу жылдығына жана жеңістермен бару жолындағы ұлы күрес үстінде.

Облыс экономикасы мен мәдениетін түбегейлі қайта құру тарихындағы аса бір асулы кезең тың жерлерді игеру кезеңі болғаны хақ. Коммунистік партияның ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі лениндік саясаты арқасында ғасырлар бойы түрен тимей жатқан жерлерді игеру идеясы селолар мен қалалардың сан миллион еңбеккерлерінің дәл ойынан шықты. Тың игеру тарихы—60-жылдардағы жас ұрпақтың ерлік ісінің тарихы. Тыңға аттанған шабуылдан партия мен халықтың жауынгерлік, еңбек дәстүрінен үлгі-өнеге алып өскен совет жастарының ең асыл, ізгі қасиеттері айқын көрінді. Талай жігіттер мен қыздардың жалын атқан нағыз жастық өмірі осы жерде басталып, мінез-құлқы осы жерде қалыптасқаны бізге аян. Жастардың әуелі шатырларда, дала вагондарында тұруына тура келді, бірақ олар уақытша қиыншылықтарды жеңе білді. Өйткені олардың партия бастап отырған істің ұлылығына, жеңіспен аяқталатындығына сенімі зор еді.

Тың жерді игеру біздің бұрынғы Ақмола облысын да еліміздің аса ірі астықты аудандарының біріне айналдырды. Тың көтерілген жерде 103 жаңа совхоз құрылды, қазір облыста барлығы 174 совхоз, 10 колхоз, мал бордақылайтын 11 шаруашылық бар. Бұлардың бәрі — астық пен мал шаруашылық өнімдерін өндіретін аса күрделі фабрикалар деуге болады. Әрбір шаруашылықтың орта есеппен 30 мың гектардан астам егістік жері бар. Бізде дәнді дақылдардың егіс көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 9 есе, ал жалпы түсімі — 30 есе ұлғайды. Қазір облысымыз мемлекетке астық, ет, сүт, жұмыртқа және басқа да өнімдер тапсыру жөнінен республикада алдыңғы қатарлы орынға шығып отыр. Ірі қара мен қой саны үш есе, шошқа — он есе өсті.

Ауа райы айрықша қолайлы болған 1956 жылы облыстың шаруашылықтары мемлекетке 180 миллион пұт, 1964 жылы — 233 миллион пұт астық өткізді. Бұл — еліміздің ежелден астықты аудандары саналатын Кубань мен Ставрополь өлкесі тапсырған астықпен бірдей. Совет өкіметі жылдары ауыл шаруашылығында, әсіресе тың игеру нәтижесінде болған керемет өзгерістерді көз алдына айқын елестету үшін мынадай бір мысал келтіре кетейін. 1921 жылы облыстың дикандары жас Совет республикасына небәрі 1 миллион 200 мың пұт қана астық жинап жібере алды. Қазір біздің облысымыз мемлекетке жыл сайын орта есеппен 112 миллион пұт астық сатып келеді.

Партия мен үкімет облыс дикандары мен малшыларының қолы жеткен табыстарын жоғары бағалауда. Ауыл шаруашылығын өркендетудегі орасан зор табыстары үшін біздің облысымыз 1958 жылы Ленин орденімен наградталды. Тың игерушілер осынша мол табысқа партия мен үкіметтің ауыл шаруашылық өндірісін өркендету, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын жақсарту жөніндегі үздіксіз қамқорлығы арқасында қолы жетіп отырғанын жақсы түсінеді. Бұл күнде біздегі егіншілік жаңа техникамен жеткілікті қамтамасыз етілген. Орта есеппен әр шаруашылықта 15 аттың күшіне шаққанда 130-ға тарта трактор, 90-нан астам комбайн, 80 автомашина бар.

Осындай озық та қуатты техника кешегі көшпелі малшылардың, партияның шақыруымен тың даланы түрлендіруге келген жана қоныстанушылардың шебер қолында. Аса көрнекті еңбегі, өндірісте айрықша жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін облыс ауыл шаруашылығының,

экономиканың басқа да салаларының 82 қызметкеріне Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Олардың ішінде әр шама жастағы, алуан түрлі мамандықтың адамдары, талай ұлттың өкілдері бар. Бұлардың барлығына тән қасиет—халыққа қалтқысыз қызмет ету, партия алға қойған міндеттерді орындауға күш-жігерін аямай жұмсау. Мындаған тамаша еңбек озаттары ордендермен, медальдармен наградталды, бірқатарына республиканың еңбек сіңірген қызметкер атағы берілді. Социалистік Еңбек Ерлері, таңдаулы механизаторлар Кенжебек Алпысбаевтың, Жүнісбек Садуақасовтың, Екатерина Егелдің, Максим Босенконың, Андрей Киреевтің, Василий Скрыльдің, жемісті еңбегі арқылы сый-құрметке бөленген басқа да көптеген озаттардың даңқты есімдері облыстан тыс жерлерге де мәлім.

Қазір егістік жерді өңдеудің жаңа технологиясы жасалды, жер өңдеу құралдарының өзі бүтіндей өзгеріп кетті. Жердің құнарлы қыртысы бұрынғыдай аударылып тасталмай, қайта терең тілініп, қопсытылатын болды. Бұл үшін егіс даласына культиваторлар, жерді сыпыра жыртытын, терең қопсытатын машиналар, жаңа сеялқалар келді. Бұлар егіс алдынан жер өңдеу, тұқым сіңіру, топырақ малалау, тынайтқыш енгізу сияқты жұмыстарды қатар жүргізіп отырады. Мұндай технологияны қолданған жағдайда егін-жайдағы аңыз сақталып, оған қыста қар жақсы тоқтатылады да, болашақ егіске қажетті ылғал көбейеді. Облыстың диқандары жерді қайырмасыз терең жырту әдісіне жаппай көшті. Дәнді дақылдардың тын өңіріне қолайлы, мол өнімді сорттарын өсіріп шығару жөнінде ғалымдардың жүргізіп жатқан игі істері де атап айтарлықтай.

Осындай азғана деректердің өзінен-ақ облыс жағдайындағы кереметтей өзгерістердің мән-мазмұнын, Ленин идеялары мен өсиеттерінің ойдағыдай жүзеге асып келе жатқанын айқын көреміз. Шынында да, осыдан он бес жыл бұрын «тын» деген сөзді жыртылмай жатқан жер деп қана түсінушілік болған. Бүгін бұл сөзде үлкен экономикалық ұғым бар, яғни тын жер негізгі азықтық дақыл — бидай өсіретін аса ірі астықты аймаққа айналып отыр. Ал астық болса — Отанымыздың негізгі байлығы.

Тын игерушілер Коммунистік партияның даналық басшылығы арқасында бір кездегі Ильич арманының бүгінгі күні нағыз шындыққа айналып отырғанын зор мақтанш етеді. Бұл күнде олардың арасында айрықша бір шабыт, өрісті өрлеу, сергек серпін бар, жаңа жеңістерге жететіндігіне зор сенім бар, бұл — В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа қосылған облыс еңбекшілерінің шартарапқа естіліп жатқан еңбегінің дабылы.

Ауыл ақсақалдарының айтуынша бір кезде осы өңірдің тіршілік тынысын байқатқандай, көш жерде бір балшықтан соққан лашық үйлер, қараша күрке-костар, жыртық жаппалар тұрады екен. Қазір қаранызшы, енді соның бірі жоқ. Қай жерге барсаңызда, сәулетті, сәнді қалалар орнаған. Облыстың экономикалық-мәдени өміріндегі осыншама қайран қаларлық ғаламат жаңалықтардың болуы, еңбекшілердің идеялық дәрежесінің өсіп, материалдық әл-ауқатының артуы, ең алдымен бүкіл ел боп көтерген тын жердің арқасы.

Қазір, әрине, жаңадан құрылыс салу жұртқа таң емес. Дегенмен, бұдан он—он бес жыл бұрын осы маңда болмаған адам ауыл-село құрылысын қайта салудың негізгі жоспарының қандай шапшаң қарқынмен жүзеге асырылып жатқанына таң-тамаша қалған болар еді. Мысал үшін колхоз орталығы Новокубанканы алып қаранызшы. Поселкенің бейнесі қаладан бірде кем емес. Жайлы-жақсы тұрғын үйлер қатарласа көше құрап, жасыл желек жамылған. Әр үйде электр жарығы, радио, телевизор, сумен жылыту жүйесі бар. Тамаша мәдениет сарайы, 536 орындық төрт қатарлы мектеп үйі, балалар комбинаты, аурухана қалашығы, өндіріс орындары — село сәнін келтіріп-ақ тұр. Артельдің табысы жыл-

дан жылға арта түсуде, оның да едәуір бөлігі өндіріс көлемін кеңейтуге, мәдени-тұрмыс құрылысының қажетіне жұмсалып келеді.

Колхоздың жоғары және орта білімді өз инженерлері, механиктері, агрономдары, өндіріс командирлері, сондай-ақ мұғалімдері мен медицина қызметкерлері бар. Әрбір механизатор екі-үштен мамандық алған, көпшілігі техникумдар мен институттарда сырттан оқып жүр.

Таты бір мысал келтірейік. 1921 жылы Никольск селосында «Луч Востока» атты алғашқы коммуна құрылған-ды. Сол кезде шаруашылықта небәрі 4 өгіз, 11 сиыр, 4 тырма, бір шөп машинасы, бір егін оратын машина, 21 десятина егістік жері болған екен. Қазір осы жерде «Хлебобороб» деп аталатын аса ірі совхоз, Тыңдағы машина-сынау станциясы орналасқан. Бұл орталықты нағыз қала десе болғандай. Революцияға дейін Никольск шіркеу-приход мектебінде көрші селолардан келіп небәрі 30 шакты бала оқиды екен. Қазір селода төрт мектеп бар, бұларда жиырма ұлттан құралған жұмысшылар мен қызметшілердің жүздеген балалары оқиды. Бұрын Никольскіде, оған көрші селолар мен ауылдарда да бірде-бір кітапхана не клуб атымен жоқ-ты. Бұл күнде мұнда 5 клуб, отыз мың томға жуық кітап қоры бар 5 кітапхана жұмыс істейді. Селодағы 69 адамның жоғары, 422 адамның орта білімі бар. Осы селода мектеп бітірген 90-нан астам бала жоғары оқу орындарында, 42 жұмысшы мен қызметші институттар мен техникумдарда сырттан оқып жүр.

Басқа селолардың да мәдени-тұрмыс жағдайы осындай. «Красносельский» (Мариновка көтерілісінің орталығы), «Самарский», «Новоделинский», «Новоимский», «Московский», Сәкен Сейфуллин атындағы, «Новорыбинский» совхоздарында, Ленин атындағы колхозда, басқа да көптеген шаруашылықтарда қаладағыдан ешбір кемдігі жоқ мәдениет сарайлары мен үйлері, әсем спорт алаңдары, балалар комбинаттары, жайлы-жақсы тұрғын үйлер бар.

Революциядан бұрын бүкіл Ақмола өңірінде небәрі 9-ақ кітапхана болған. Қазір бізде төрт миллиондық кітап қоры бар 915 кітапхана жұмыс істейді, 792 кинокондырғы, 90 мыңдай радио нүктесі, 50 мыңнан астам телевизор бар. Облыс еңбеккерлері Орталық телевизиядан берілген хабарларды өз үйінен көріп отырады. Облыста елді пункттерді электрлендіру жұмысы аяқталғалы талай уақыт болды, қазір тұрғын үйлерге жаппай газ жеткізу ісі аяқталып келеді.

Целиноград қаласы танымастай өзгеріп кетті. Ескі Ақмоланың орнында құрылыс техникасының ең соңғы жетістіктері негізінде салынған, осы заманғы тамаша сұлу қала тұр. Тын итерушілер сарайы, Советтер үйі, телевизия орталығы, радио үйі, жаңа аэропорт, зәулім тұрғын үйлер — бұлар тың астанасының сәні де көркі. Бір кезде көшесінен сауатты адамды зорға табатын Целиноград бұл күнде республиканың халық шаруашылығы үшін түрлі мамандар даярлайтын оқу орнына айналған. Целиноградтың төрт жоғары, он төрт арнаулы орта оқу орындарында 27 мың студент оқиды.

Қазір өмір қызық қой. Егер ең алыс мал жайылымындағы кезкелген үйден радионың үнін естіп, телехабар көре қалсаң, бұл таңданарлық құбылыс емес. Немесе қарт шопан, қатардағы совхоз жұмысшысы жеке меншікті «Волгасына» не «Москвичіне» отырып, өзі айдап бара жатса, қарапайым механизатордың не малшының баласы ғылым кандидаты, кеме капитаны, ірі инженер боп шыкса, мұның да таңғаларлық түгі жоқ. Өйткені білім алам, өнер қуам деген талапкерге жол ашық, од үшін әдейі алысқа бару да шарт емес. Қазір облыста халық шаруашылығының әралуан саласында жұмыс істейтін, жоғары және орта білімді 33 мыңнан астам маман, 1 256 ғылыми қызметкер, оның ішінде 9 ғылым докторы, 137 ғылым кандидаты мен доцент бар. Бір ғана ауыл шаруашылық институтында өткен жылы 16 оқытушы кандидаттық диссертация қорғады.



Тыңдағы ерлік дастанында тағдыры қызық талай жандар бар. Мәселен, Балкашин асыл тұқымды мал заводының байырғы бақташысы Қапес Жуасовтың есімі бүкіл елімізге белгілі. Ол — «қазақтың ақбас» сиырының жана тұқымын өсіріп шығарушылардың бірі. Отыз жылдан астам өмірін Қапес Жуасов өзінің сүйікті ісіне бағыштап келеді. Қазір ол Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері.

Әрине, барлық таңдаулы адамдардың есімдерін түгел айтып шығу мүмкін емес, олардың қатары әрбір шаруашылықта, әрбір жұмыс саласында барған сайын көбейіп келеді. Еңбек озаттары — біздің мақтанышымыз.

Тың даланы игеріп жаңартуда халықтардың бауырластық достығының атқарған ролі үлкен. Тың игерген 60-жылдың жастары бұл өлкені интернационалдық планета деп атап кетті. Бұл шынында да солай. Тың жер жаңа қоныстанушыларды интернационалдық тұрғыдан тәрбиелеудің нағыз мектебі болғаны анық. Бұл күнде Целиноград облысында тұратын жүзге тарта ұлттың өкілдері достық семьясында тату-тәтті жарасты өмір сүріп, қоян-қолтық бірге жұмыс істеуде. «Московский», «Киевский», «Алма-Атинский», «Днепропетровский», «Бауманский», «Минский», «Курский», «Сочинский», «Полтавский» сияқты совхоз поселкелерінің аттарының өзі-ақ халықтардың ұлы достығының айғағындай естіледі.

Достық сезімі, совет халықтарының өзара бауырласу процесі еңбек үстінде шындалып, қалыптасуда. Көп ұлтты коллектив мүшелерінің өзара қарым-қатынасы жайлы «Самарский» совхозының трактор бригадасының бригадирі Нұрахмет Жакыповтың айтқан бір пікірі өте орынды.

— Біздің бригададағы әрбір үшінші адам — басқа ұлттың өкілі. Біз қазақ, орыс, неміс, молдаван деп айырып жатпаймыз. Бәріміз де тың игерушілерміз. Біріміздің тәжірибеміз көп, екіншіміздің тәжірибеміз азырақ болар, айырмашылығымыз тек осында ғана.

Тың жердегі кез-келген коллективті алсаңыз да, әр ұлт адамдарының ынтымағы мен достық қарым-қатынасын аңғарасыз. Мәселен, бір ғана «Новодолинский» совхозында 20-дан астам ұлттың өкілдері тату-тәтті жағдайда жұмыс істейді. Совхоз басшыларының ұлттық құрамын алып қараңыз: директоры А. И. Қехтер — неміс, партия ұйымы секретары Х. Бекмағамбетов — қазақ, бас агрономы А. Колодий — украин, бас зоотехнигі Ж. Төкебаев — қазақ. Ал совхоз хорына 15 ұлттың жігіттері мен қыздары қатысып ән салады. Атбасар ауданының «Самарский» совхозындағы СССР халықтарының әндерін орындайтын квартет бүкіл республикаға белгілі. Оның құрамындағылар: қазақ Сүлеймен Жакыпов, орыс Алексей Тонконогов, украин Виталий Пижун, башқұрт Фахулла Ғабдолхаков — нағыз өнер шеберлері.

Әрине, мұның бәрі бір кезде Россияның шеткері аймағы болған, қазір ленинизм шұғыласымен қайта туып жанарған тың өлкесі өмірінің кейбір жеке көріністері ғана. Бұл зор мақтаныш сезімімен айтуға тұрарлық табыстар. Сондықтан да облыс еңбекшілерінің, бүкіл совет адамдары сияқты ұлы көсемнің туғанына жүз жыл толу мерекесін коммунизм құрылысындағы жаңа табыстармен атап өтуге ұмтылуы әбден табиғи нәрсе.

Облыстағы лениндік мереке вахтасы бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын, 1970 жылғы 7 ноябрьге дейін орындап шығу ұранымен өтіп жатыр. Целиноград облысы еңбекшілерінің елімізге неғұрлым мол астық беру, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жолындағы мереке алдындағы социалистік жарысты өрістете отырып, алған міндеттемелерін абыроймен орындап шығатындығы сөзсіз.

# ОРАЛ ОСЫЛАЙ АЗАТ ЕТІЛГЕН

Орал қаласын қолчакшыларға бермей қорғап қалу еліміз еңбекшілерінің Совет өкіметі жолындағы қаһармандық күресінің тарихына жазылған жарқын беттердің бірі. Міне сол қорғанысқа 50 жыл да болып қалды. 1919 жылдың көктемінде ағылшын-француз-американ империалистерінің қандыбалақ қол шоқпары — Қолчакты талқандауда бұл қорғаныстың маңызы ерекше зор болды. Оралды ерлікпен қорғаудың тарихы В. И. Лениннің есімімен тікелей байланысты.

Ол кезде Шығыс майданда жағдай өте қауіпті еді. Әскери күші де, қару-жарағы да үш есе басым Қолчак, майдан шебін бұзып Волгаға жақындап қалған болатын. Сөйтіп Қолчак пен Деникин армияларының қосылып, Москваға шабуыл жасайтын жымдасқан жаппай майданның құрылу қаупі төнді. Апрельдің бас кезінде Дутовтың ақ казактар армиясы Ақтөбені басып алып, Орынбор—Ташкент темір жолын бөліп тастады. Советтік Түркстан Советтік Россияның орталығынан қол үзіп, тағы да оқшау қалды. Торғайда контрреволюциялық сойқанды бүлік жасаған алашордашылар қазақ халқының ардагер батыр ұлы Аманкелді Иманов пен оның серіктерін мерт қылды. Сонымен бірге олар Қостанайдың қызыл партизандарын қапылыста қарусыздандырды да, екпінді отрядтардың басшылары Лаврентий Таранды, Қарп Иноземцевті атып өлтірді. Жайық өзені жағасына қоныстанған станицаларда кулактар бас көтеріп, бүлік шығарды.

Шығыс майданның 1919 жылғы апрельдегі жағдайын сипаттай келіп, М. В. Фрунзе кейіннен былай деп жазды: қолчак әскерлері Волгаға төніп келіп қалды; үш жағынан бірдей қоршауға түскен Орынборды біз әзер ұстап отырмыз; оны қорғаған армия үнемі шегінумен болды; Самараның оңтүстік жағында Орал казактары майдан шебін бұзып, солтүстікке бет алды, сөйтіп олар Самараға, Самара—Орынбор темір жолына қауіп төндірді. Біз барлық жерде дерлік шегінумен болдық... Сондықтан тек шабуылға шыққанда ғана жағдайды өзгертуге болатынына жұрттың көзін жеткізу үшін асқан батылдық қана емес, сонымен бірге кәміл сенімділік қажет еді...»

Партияның Орталық Комитеті М. В. Фрунзені қолдады. Сөйтіп 1, 4 және 5-армиялар бөлімшелерінен Шығыс майдан әскерлерінің Оңтүстік тобы құрылды. РКП(б) Орталық Комитетінің В. И. Ленин жазып, 11 апрельде жарияланған «РКП(б) Орталық Комитеті және Шығыс майдан» деген тезистерінде Қолчакты талқандау программасы жасалған болатын. Ленин бастаған бүкіл партия, бүкіл совет халқы Қолчак тобыларына қарсы күреске жаппай аттанды.

Шығыс майданына коммунистер мен комсомолецтердің, жұмысшылардың қосымша үлкен тобы жіберілді. Солар жүргізген саяси жұмыстың нәтижесінде Қызыл Армия бөлімшелерінің жауынгерлік және моральдық рухы ерекше тез көтерілді.

Волгаға ентелей ұмтылған қолчакшылар әскерлерінің сол жақ қанатынан қарсы соққы беруге әзірлік жасалды. Бұл үшін Оңтүстік топтың командованнесі ең таңдаулы күштерді, оның ішінде майданның Орал бөлігіндегі В. И. Чапаев бастаған 25-ші атқыштар дивизиясын орнынан қозғауға мәжбүр болды. Бұл учаскеде 22-атқыштар дивизиясы, 221-атқыштар полқы және қазақтардан құрылған қатарында 8 мың адамы бар бригада қалды.

Совет әскерлерінің күші азайғанын пайдаланып, 15 мыңнан астам атты әскері және 5 мыңдай жаяу әскері бар Оралдың ақ казактар армиясы шабуылға шығып, Лбищенскіні басып алды. Майдан шебін бұзған ақтар 4-армия әскерлерінің берекесін қашырды. 66-бригада 22-дивизия-

ның штабымен бірге Оралға, ал қалғандары Деркөл-Шипово ауданына лажсыздан шегінді.

24 апрельде ақ казактар Оралды қоршап алды. Олар қаланы тұтқиылдан басып алып, содан кейін 15 мыңдық атты әскерімен совет әскерлерінің Оңтүстік тобының ту сыртынан лап қойғысы келді, сөйтіп Қолчактың негізгі күштеріне шабуылға әзірленіп жатқан Қызыл Армияның соққысына жол бергізбеуге ұмтылды. Орал ақ казактары армиясының қимыл-әрекетіне ағылшын-американ империалистері және олардың қол шөкпарлары — Қолчак пен Деникин басшылық жасап отырды. Олар Оралдың ақ армиясын офицер кадрлармен нығайтып, қару-жарақпен жабдықтады. Қолчактан 2 мың мылтық, 100 мың оқ алған алашордашылар ақ казактармен ауыз жаласып бірігіп әрекет жасады.

Ақ казактардың жолында Орал кесе көлденен тұрды. 22 апрельде М. В. Фрунзе 22-ші дивизияның бастығына «Оралды қолдан келгенше қорғауға» жарлық берді. Алғашқыда қаланың гарнизонында небәрі екі жарым мыңдай ғана жауынгер болды. Осы шағын гарнизонға жұмысшылар, кедейлер, қала еңбекшілері және ауыл-селолардың партизандары көмектесті. Қала кәсіпорындарында жиналыстар мен митингілер өтіп, онда жұмысшылар қаланы қорғауға бекем бел байлағанын мәлімдеді. Мысалы, диірмен және тері илейтін кәсіпорындар жұмысшыларының 25 апрельдегі жиналысы бірауыздан мынадай қарар қабылдады: «Ақ гвардияшыл баскесерлер мен қала ішіндегі контрреволюционерлер төндіріп отырған қатерді ескеріп, біз бәрімізді де Жайық қалалық жауынгерлік жасақ қатарына шақырылдық деп санап, қолымызға қару аламыз».

Дереу құрамында 1200 адам бар бірнеше жауынгерлік жасақтар құрылып, гарнизон қатарына келіп қосылды. Ал қолына қару алып сапта тұруға шамасы келмегендер саперлердің басшылығымен қорғаныс құрылыстарын салуға жаппай қатысты. Қорғаныс шебінің жоғары дарынды әскери инженер, кейіннен көрнекті ғалым, генерал болған Д. М. Қарбышев жасаған еді. Ол кешегі Ұлы Отан соғысында Маутхаузен лагерінде гитлершіл жемдеттердің қолынан ерлікпен қаза тапты.

Қаланы қорғауға жаңа қоныстанған поселкелердің 700 адамнан құралған отряды мен 200-ден аса казак жігіттерінің жасақтары қатысты.

Қаланың бүкіл тіршілігі жаудан қорғану мүддесіне бағындырылды. Оралдың барлық кәсіпорындары мен шеберханалары қорғаныс үшін күні-түні бірдей дамылсыз жұмыс істеді. Олар қару-жарақты жөндеп, киім-кешек, әскери жабдық әзірледі. Темір жолшылар «Нежданный» атты бронепоезд құрастырып шығарды, кейіннен бұл поезд жаудың үрейін алды. Коммунист-матростар темір құрсаптан қайық (бронекатер) жасап, оны судағы күшті қаруға айналдырды. Бронекатер қарсы жағдағы ақ казактардың бекінісіне оқ жаудырып, қас дұшпанның декбірін қашырды.

Кедей казактардан Қызыл казак эскадроны құрылып, оның командирі болып Иван Почиталин тағайындалды. Дұшпанға қарсы шайқастарда ерлік көрсеткені үшін Орал қалалық Советі эскадронды құрметті Қызыл тумен наградтады. Кейін бұл эскадрон қызыл казактардың 1-ші үлгілі полкы болып қайта құрылды.

Қорғанысқа гарнизон мен қаланың саяси органдары және партия ұйымдары басшылық етті. Олар еңбекшілердің күш-жігерін Оралды қорғауға жұмылдырды. РКП(б) Орталық Комитетіне жіберілген хабарда «қалада барлық коммунистердің жауынгерлер қатарына шақырылғаны» айтылған. Бұлардан коммунистік батальон құрылды.

Жау қоршауында қалған қаланың бүкіл әскери-азаматтық өкімет билігін қолына алған облыстық революциялық комитет 2-армия мен 22-дивизия саяси органдарының жетекші қызметкерлерімен толықтырылып нығайтылды. Ревкомды РКП(б) VIII съезінің делегаты, әйгілі революционердің баласы, 1917 жылдан партия мүшесі, 4-армияның әскери

советінің мүшесі Петр Григорьевич Петровский басқарды. 22-дивизияның әскери комиссары Питердің жас слесары, шебер ұйымдастырушы, дарынды саяси қызметкер И. И. Андреев еді ол кезде. Ішкі контрреволюциямен және актардың тыншыларымен, жендеттерімен күресте төтенше комиссияның председатели, жұмысшыдан шыққан қарт коммунист Штыб көп еңбек сіңірді. Бұл ретте оған облыстық революциялық комитеттің ұлт бөлімінің мүшесі, кейін республиканың көрнекті мемлекет қайраткері, 1918 жылдан партия мүшесі Әбдірахман Әйтиев елеулі көмек көрсетті.

Облыстық комитеттің РКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған бір хабарында былай деп жазылған: «Оралда қырғыз (қазақ) коммунистерінің іргелі және едәуір күшті тобы жұмыс жүргізуде...»

Қала мен жақын жердегі жау тылында қалған ауылдардың қазақ және татар еңбекшілері арасында Ә. Әйтиевпен бірге Б. Әлжанов, Фариф пен Хамид Тухватуллиндер және басқалар көп жұмыс тындырды. Олар қазақ және татар тілдерінде жазылған үндеулер мен листовкалар таратты, жау күшін барлады, жау тылына шабуыл жасап берекесін алған партизан отрядтарын құрды.

Қаланы қорғау ісін ұйымдастырып, рух беруші қалалық партия комитеті болды. Облыстық революциялық комитетпен бірлесе отырып, қалалық комитет Оралды қорғаушылар мен қала еңбекшілері арасында саяси жұмысты кең өрістетті, оларды партия төңірегіне топтастырып, революциялық қырағылығын арттыру, жеңіске кәміл сену рухында тәрбиелеуге күш салды. Бұл санқырлы жауапты жұмыста қалалық партия комитеті коммунистерге сүйенді, «Яицкая правда» газеті мен листовкаларды кеңінен пайдаланды. «Советтік Россиядан және әлемдегі революцияшыл жолдастардан қол үзгенімізге міне екі ай болып қалды, — деп жазылған еді 22-дивизия саяси бөлімі бастығының Самараға самолетпен жеткізілген хатында, — мүмкін сіздерде Оралды қорғаушыларға дұшпанның тісі батпастай, олар сонша немен қаруланған осы деген сұрақ туар. Біліп қойыңыздар — революциялық рухпен және астықты Орал өңірі аштыққа душар болған қызыл астаналарды — Питер мен Москва ны асырауға тиіс деген сеніммен қаруланған. Көңіліміз көтеріңкі, сергекпіз... Көп кешікпей сіздерге қосылып, бірыңғай қызыл майдан құратынымызға кәміл сенеміз».

Оралды қорғау шын мәнісінде халықтық іске айналды. Бүкіл еңбекші халық қаланы қорғаушы жауынгерлерге барынша көмектесті. Оның өзі қалыптаса бастаған халықтар достығының бейнесі іспетті еді. Қорғанысқа орыс пен қазақ, украин мен татар және басқа ұлттардың өкілдері тізе қоса ынтымақтасып қатысты. Коммунистер бастаған қорғаныс ерлері адам айтқысыз жөкшылық пен ауыртпалықты басынан кешіріп, қаланы табандылықпен қорғады, күші бірнеше есе басым жаудың өршеленген шабуылдарына мықты тойтарыс берумен болды.

РКП(б) Орталық Комитетінің, В. И. Ленин бастаған Совет үкіметінің, бүкіл елдің қамқорлығы олардың күш-қайратын тасытып, ынта-жігерін арттырды. Қорғанушылардың жауынгерлік рухын көтеруде В. И. Лениннің қамқорлығы ерекше роль атқарды. Совет халқы мен оның қарулы күштерінің интервенттер мен ақ гвардияшыларға қарсы қаһармандық күресіндегі жеңісінің дем берушісі және ұйымдастырушысы Владимир Ильич Ленин Колчакты талқандау ісіне басшылық ете отырып, майданның Орал учаскесін көзден таса етпеді. Шығыс майданның революциялық әскери советіне 19 июльде жолдаған телеграммасында В. И. Ленин советтің назарын Орал облысы мен Орынбор губерниясындағы жағдайға аударады. Ақ қазақ бүлікшілерді талқандауға сол маңдағы тұрғындарды жұмылдыру қажеттігін айта келіп, Владимир Ильич «Бүлікшілерді аэропланның көмегімен тас-талқан етуге болмас па екен?!» Жедел де толық жою керек» деп өтініш айтады.

Сол күні РКП(б) Орталық Комитетінің ұйымдастыру бөлімі мен республиканың революциялық әскери советіне арнаған жазбасында В. И. Ленин Орал облыстық ревкомының бұрынғы председателі И. И. Ульяновтың Оралдағы ақ казактардың тылында қимыл жасау үшін Саратов пен Покровск ауданындағы казактардың пролетариат бұқарасынан дивизия құру жөніндегі ұсынысын жедел қарап, дереу шешуді өтінеді.

В. И. Лениннің үздіксіз қамқорлығы және Шығыс майдан мен бүкіл елдің көмегі қорғанушылардың жеңіске деген сенімін арттыра түсті. Қорғанысқа қатысушылар қоршауға төтеп беріп, совет әскері келгенше шепті ұстап тұрамыз деп серт етеді. Олар сертін абыроймен орындады. Ақ казактардың өршеленген шабуылдарына, бұрқ еткен жұқпалы ауруға және басқа қиындықтарға қарамастан қаланың коммунистер бастаған қаһарман қорғаушылары, адам айтқысыз қиындықтар мен тапшылықты жеңе отырып, қаланы жаудан қорғап қалды.

Уфа ауданында Қолчактың негізгі күштерін талқандағаннан кейін М. В. Фрунзе ерекше екпінді топ құрып, оны 1919 жылғы 12 июльде Оралды азат етуге жібереді. Атағы әйгілі В. И. Чапаев бастаған 25-атқыштар дивизиясы 1919 жылы 11 июльде сағат 12-де қиян-кескі шабуылдардан кейін қоршаудың тас-талқанын шығарып, қалаға кірді. Азат етушілерді қарсы алу салтанатын айтып жеткізу қиын деді кейін Василий Ивановичтің серіктерінің бірі И. С. Кутяков.

Оралды, — деп жазды сол күндері В. В. Куйбышев, — революционерлер революция үшін аман-есен сақтап қалды. Орал ерліктің, табандылықтың, қаһармандықтың бейнесіне айналды... Жеңіске деген коллективтік ерік Оралды сақтап қалды. Қолына қару алған халық, жұмысшылар мен шаруалар ерлік жасады, керемет іс істеді.

Қаланы қорғау кезінде көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін республиканың революциялық әскери советі 194, 196-атқыштар полктарын, 22-Николаев дивизиясын құрметті революциялық Қызыл тулармен наградтады, ал 4-армияға Қорғаныс Советі зор алғыс жариялады.

Қаһарман Орал қорғанысы азамат соғысының 1919 жылғы көктемі мен жазында аса маңызды әскери-стратегиялық роль атқарды. Оның маңызы Шығыс майдан шеңберінен де асып түсті. «Известия» газетінің 1919 жылғы 18 июльдегі номерінде атап көрсетілгендей, «бұл қорғаныстың тек орыс майданы үшін ғана әсері болып қойған жоқ, сонымен бірге ол Лондон мен Парижде, Индияда жұртшылық пікірін туғызды».

ВЦИК Председателі М. И. Калинин Орал қорғанысын қаһарман Петроград қорғанысымен пара-пар санады. Орал жағасындағы ерлікті кезінде партияның көрнекті қайраткерлері В. В. Куйбышев, С. М. Киров, Д. А. Фурманов аса жоғары бағалады. «Тарих тарих болғалы, — деді С. М. Киров Астрахань қалалық Советінің 1919 жылғы 20 июльдегі сессия мәжілісінде, — капитализм жыртқыштары жан-жақтан қаумалаған Орал гарнизонының ерлігіндей шынайы ерлік беттері жазылып көрген емес».

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанның іргелі өнеркәсіп және мәдениет орталығына айналған Орал қаланың ұлы жауынгерлік және революциялық дәстүрлерін қастерлеп сақтап, ұлғайта түсуде.

Профессор П. ПАХМУРНЫЙ.



# В. И. ЛЕНИН ӨМІРБАЯНЫНЫҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

## ПРОЛЕТАРЛЫҚ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМГЕ АДАЛДЫҚ

Империалистік соғыс 1914 жылдың жазында басталды. Бұл соғыста, бір жағынан, Германия мен Австрия-Венгрия, екінші жағынан, Англия, Франция және Россия болып, ең ірі империалистік мемлекеттердің екі тобы шайқасты. Кейін келе соғысқа Америка Құрама Штаттары, Жапония және басқа мемлекеттер кірісті. Бұл соғыс дүние жүзілік соғысқа айналды. Соғыс халықтар үшін орасан зор апат болды, соғыстың бар ауыртпалығын еңбекшілер көтерді.

Соғыс басталғанда Владимир Ильич Ленин Поронинде еді. Соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ ол соғысқа қарсы мейлінше батыл күрес жүргізді. Көп ұзамай-ақ өтірік жала бойынша Владимир Ильичті Австрияның өкімет орындары қамауға алып, патша үкіметінің пайдасына шпиондық жасады деп айып тақты, өйткені оның пәтеріне тінту жүргізген полицей аграрлық мәселе жөніндегі цифрлық мәліметтері бар қолжазбаны шифрлы документтер, деп білген. Ленинге аса қатерлі қауіп төнді: оны атып жіберуі мүмкін еді. Польша мен Австрияның алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері Ленинге ара түсіп, оған тағылған айыптың өрескелдігін дәлелдеп шықты. Ленинді екі аптаға жуық түрмеде ұстап, Австрияның әскери өкімет орындары оны босатып жіберуге мәжбүр болды.

Ленин патша өкіметі мен империалистік соғысқа қарсы жұмысшылардың революциялық күресіне басшылық ету жұмысын, қамауға алынуы бөліп кеткен жұмысты одан әрі жалғастыру қажет деп есептеді. Бірақ соғысқа қатысушы ел — Австрияда мұны жүргізу өте қиынға соқты. Сондықтан ол қоймай жүріп Швейцарияға баруға рұқсат алды. Мұнда ол әуелі Бернде, сонан соң Цюрихте, 1917 жылғы 27 мартқа дейін тұрды.

Соғыс күтпеген жерден болған ба еді? Жоқ, олай емес еді. Ленин капиталистердің соғысты әзірлеп жатқанын әлденеше рет ескертіп, соғысқа қарсы күрес жүргізуге шақырып келген-ді. Халықаралық социалистік конгресстерде социал-демократияның соғыс жөнінде ұстайтын тактикасы жасалған болатын. Батыс еуропалық елдердің социалистік партияларының көсемдері соғысқа қарсы күресеміз деп, ал егер соғыс бастала қалса, капитализмді құлату жолындағы күреске жұмысшы табын көтеріміз деп міндеттеме алған болатын. Бірақ соғыс басталған кезде бұл партиялардың көсемдері пролетариаттың мүдделерін сатып кетті де, өз елдерінің буржуазиясын ашық жақтап шықты. Францияда, Англияда, Бельгияда социалистер үкі-

мет құрамына енді, Германияда соғыс жүргізуге кредит беруді жақтап дауыс берді. Олар өз елдерінің империалистік үкіметтерінің саясатын мақұлдап, халықты соғысты қолдауға шақырды, жұмысшылар арасында шовинистік насихат жүргізді. Бұлай еткенде олар социализм үшін күрес түрлі елдер жұмысшыларының таптық ынтымағы, олардың интернационалдық топтасуы бейбіт уақыттағы іс, ал соғыс жағдайында жұмысшылар өздерінің буржуазияға қарсы жүргізетін күресін ұмытып, бәрін де соғысқа бағындыруға тиіс деп соқты. Осындай көзқарасты жақтаған социалистерді жұрт социал-шовинистер: сөз жүзінде социалистер, іс жүзінде шовинистер деп атай бастады. Россияда социал-шовинизм саясатын жүргізгендер Плеханов, Алексинский, Маслов және басқалар болды.

Германияда Каутский, Россияда Троцкий, Францияда Лонге бастаған социалистердің екінші бір бөлегі центризм делінетін тұрлаусыз позицияны жақтап шықты. Сондықтан жұрт оларды центристер деп атады. Өздерінің социал-шовинистермен де, оларға қарсылармен де келіспейтіндігін мәлімдей отырып, центристер іс жүзінде барлық мәселе жөнінде социал-шовинистерді қолдады, олардың іс-әрекеттерін ақтап, олардың жұмысшыларды алдауына көмектесті. Социалистік партиялардың көсемдері социализм мен интернационализм ісіне осылай масқара опасыздық жасады. Барлық елдер жұмысшыларының соғысқа қарсы күресін басқаруға тиіс болған II Интернационал солардың кінәсінен күйреді. Бұл Интернационал бір-бірімен жауласушы жеке партияларға бөлініп ыдырап кетті, сондықтан да жұмысшылар соғысқа бірден ұйымдасқан түрде қарсы шыға алмады.

Осындай тарихи қатерлі кезеңде В. И. Ленин және ол ұйымдастырып, мәпелеп өсірген большевиктер партиясы пролетарлық интернационализм туын жоғары көтерді. Соғысқа соғыс жариялау керек деген Лениннің айбынды үні бүкіл дүние жүзін жаңғыртты. Қаруды өз бауырларыңа, өзге елдердің жалдамалы құлдарына қарсы жұмсамай, қайта реакцияшыл буржуазиялық үкіметтерге қарсы жұмсау керек, деді Владимир Ильич. Мұның өзі пролетарлық революция жасауға шақыру еді.

Ленин империалистік соғысқа қарсы күресудің дәлме-дәл программасын әзірледі. Бернге келген күннің ертеңінде-ақ Ленин сонда тұрған большевиктердің жиналысында соғысқа көзқарас туралы баяндама жасап, оларды өзінің тезистерімен таныстырды. Ленин соғыстың сипаты, жұмысшы табының және оның партиясының міндеттері мен тактикасы жөніндегі мәселелерге айқын жауап берді. Ол былай деп түсіндірді: басталып отырған европалық және бүкіл дүние жүзілік соғыс империалистік соғыс болып табылады. Бұл соғысты халыққа қарсы басқыншылық жоспарларын жүзеге асыру үшін буржуазия мен патша өкіметі бастады. Буржуазия мен помещиктер өз елдеріндегі пролетариат пен барлық еңбекшілердің өсіп келе жатқан революциялық қозғалысын да соғыс арқылы түншықтырмақ болып дәмеленді.

«Отан қорғау» деген оппортунистердің үндеуіне Ленин: империалистік соғысты азамат соғысына — жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасының өз елдерінің буржуазиясына қарсы соғысына айналдыру керек деген революциялық үндеуді қарама-қарсы қойды. Бұл ұран халықаралық социалистік конгрестердің соғыс жөнінде жұмысшы табының ұстайтын тактикасы туралы шешімдерге сай еді. Ол большевиктер партиясының басты ұранына айналды.

Ленин былай деп көрсетті: барлық алдыңғы қатарлы елдерде соғыс социалистік революция туралы мәселені кезекке қойды. Социалистер мен саналы жұмысшылардың борышы — шовинизмге соққы беру, таптық ұйымшылдықты, өздерінің социалистік сенімдерін, өз интернационализмін қорғап қалу. Еңбекшілер бұқарасы ұйымдасып, буржуазиямен батыл шайқасқа — азамат соғысына әзірленуге тиіс. Бұл ретте Россиядағы басты міндет бұрынғысынша самодержавиеге қарсы күрес жүргізу болды. Владимир Ильич «Соғыста өз үкіметінің жеңілуі» ұранын көтерді. Майдаңда же-

ңіліс табу пролетариат жауларының — қанаушы үстем таптардың күшін әлсіретіп, халықтың жеңіп шығуын жеңілдетеді деп көрсетті Ленин.

Жұмысшы табының мүдделері жолында ойдағыдай күрес жүргізу мақсаты үшін барлық елдерде революцияшыл интернационалистер оппортунистерден, II Интернационалдан іргені аулақ салып, соғысқа қарсы күрес жүргізуге қабілетті құпия ұйымдар құрулары қажет деп есептеді Ленин. Ол жаңа, шын мәнісінде революцияшыл Интернационал құру міндетін қойды.

Бірінші дүние жүзілік соғыста большевиктер партиясының негізгі міндеттері мен тактикасын белгілеп берген ұрандар осындай болды. Ленин мұндай тактиkanı барлық елдердің социалистері жүргізуге тиіс екенін баса көрсетті. Империалистік қырғынға қарсы күресте түрлі ұлттар жұмысшыларының таптық ынтымағын, топтасуын көздеген большевизмнің пролетарлық интернационализмі осыдан көрінді. Лениннің тезистерін Россия мен шетелдегі партиялық ұйымдар мақұлдап, олар мұны іс жүзіндегі революциялық жұмысқа басшылық ретінде қабыл алды.

Орасан зор қиыншылықтарды жеңе отырып, Ленин партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін (бір жыл үзілістен кейін) қайта шығатын етті. Газеттің 1914 жылғы ноябрьде шыққан 33-номерінде РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген Манифесті басылып шықты; бұл манифесті соғыс туралы тезистердің негізінде Ленин жазып еді. Большевиктердің революциялық үндеулерін Россия жұмысшыларына ғана емес, сонымен қатар басқа елдердің жұмысшыларына да жеткізуге Ленин бар күшін салып ұмтылды. Ол Манифестің шетел тілдеріне аударылуын ұйымдастырып, оны түрлі елдердің социал-демократиялық газеттеріне жіберді.

Ленин басшылық еткен большевиктер партиясы соғысқа қарсы батыл күрес жүргізді. Мемлекеттік думаның большевик депутаттары соғысқа қарсы шығып, жұмысшылар арасындағы революциялық жұмысты өрістеті түсті, олардың ұйымдасып, патша өкіметі мен буржуазияға қарсы күрес жүргізуіне көмектесті. Лениннің нұсқауы бойынша большевиктер сол кезде болған барлық халықаралық социалистік конференцияларда соғыс пен бейбітшілік мәселесі жөніндегі өз партиясы ұрандарының маңызын түсіндіріп отырды.

Ленин буржуазияны және оның малайлары болған оппортунистерді әшкерелеп отырды, оппортунистер болса большевиктердің ұрандарына қарсы шығып, большевиктерді отан мүддесіне немқұрайды қарайды, патриотизмі жоқ деп жала жауып айыптады. Ленин жалақорларға лайықты соққы беріп, нағыз патриот болудың мәнісі не екендігін түсіндіріп берді.

«Великоростардың ұлттық мақтанышы туралы» деген мақалада Ленин социалистер мен саналы пролетарларға отанды сүю сезімі жат емес деп жазды. Олар өз халқын сүйеді, оны ағарту және ұлттық, әлеуметтік езгіден азат ету үшін күреседі. Большевиктер партиясы отан мүдделеріне жан аямай қызмет етеді, дұрыс түсіне білген кісіге Россия жұмысшыларының ұлттық мүдделері бүкіл дүние жүзі пролетариатының социалистік мүдделерімен бір жерден шығады деп көрсетті Ленин. Ол отанның тәуелсіздігі жолындағы күресте, бостандық пен социализм жолындағы күресте ерліктің, батырлық пен табандылықтың үлгісін көрсеткен, адамзатты ғылым мен мәдениеттің асқан зор табыстарына кенелткен ұлы орыс халқын мақтаныш етті.

Ленин жұмысшыларды соғыс сипатын түсіне білуге, соғысқа және «отан қорғау» ұранына көзқарасын дұрыс белгілеп отыруға үйретті. Ол әділетті және әділетсіз соғыстар болатынын айтты. Әділетсіз соғыстар дегеніміз буржуазия жүргізетін басқыншылық империалистік соғыс. Бұл — өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғайтын халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаныштауға бағытталған соғыс. Бұл — өз азаттығы жолындағы күреске аттанған пролетариатқа қарсы буржуазияның жүргізетін соғыстары. Мұндай соғыстар буржуазия үстемдігін нығайту мүдделе-



рін көздеп, басқа халықтарды тонау үшін, құлдыққа түсіру үшін жүргізіледі. Сондықтан жұмысшылар мұндай соғыстарға қарсы күресуге және бұл соғыстарда «отан қорғау» ұраны өрескел алдау болып табылатынын түсінуге тиіс.

Халықтардың империалистік басқыншыларға қарсы жүргізетін қорғану соғыстарын, ұлт-азаттық соғыстарын, капиталистік езгіден азат болу жолындағы пролетариаттың жүргізетін азамат соғыстарын, социалистік мемлекеттерді империалистердің шабуылдарынан қорғау үшін жүргізілетін соғыстарды Ленин әділетті соғыстар деп есептеді. Әділетті соғыстарда жұмысшылар «отан қорғау» ұранын қолдауға тиіс. «Біз 1914—1916 жылдардағы империалистік соғыста және империалистік заманға тән өзге де империалистік соғыстарда отан қорғауға және қорғанысқа қарсымыз, — деп жазды Ленин. — Бірақ империалистік заманда «әділетті», «қорғаныстық», революциялық соғыстардың да болуы мүмкін». Мұнымен қатар Ленин әділетсіз соғыстарға қарсы күресте түрлі елдердің жұмысшыларының интернационалдық бірлігі басты роль атқаруға тиіс, деп түсіндірді.

Социал-демократияның соғыс кезіндегі жұмысының барлық аса маңызды мәселелерін шешіп алу үшін партия съезін шақыру керек болды. Бірақ соғыс жағдайында съезді шақыру мүмкін болмады. 1915 жылғы февральда Лениннің басшылығымен Бернде съездің орнына большевиктердің шетелдік ұйымдарының конференциясы болып өтті. Бұл конференцияда Ленин «Соғыс және партияның міндеттері» деген баяндама жасады. Ол барлық аса маңызды мәселелер жөніндегі: соғыстың сипаты туралы, «отан қорғау» ұраны туралы, патша монархиясын жеңілдіру туралы, өзге партиялар мен топтарға көзқарас туралы және басқа мәселелер жөніндегі қарарлардың жобаларын ұсынды. Бұл қарарларда халық бұқарасының революциялық қимылдарын барынша қолдап, дамыту, пролетариат бірлігін нығайту арқылы ғана соғысты жойып, шын мәнісіндегі демократиялық бітімді жақындатуға болатындығы баса көрсетілді. Социалистердің бірінші кезектегі шаралары ретінде мынадай шаралар көрсетілді: соғыс кредиттеріне қарсы дауыс беру; өз өкілдерінің буржуазиялық үкіметтерден шығуын талап ету; құпия ұйымдар құру; майданда солдаттардың бауырласуын және еңбекшілер бұқарасының барлық революциялық қимылын қолдап отыру. Бұл конференцияның шешімдері съездің шешімдеріндей болды және бұқараны топтастыру ісінде, соғысқа қарсы күресте партия ұйымдарына басшылық болды.

Ленин партия жұмысын бір сәт тоқтатқан жоқ. Ол Цюрихте, Монтрде, Бернде, Женевада және Швейцарияның басқа да қалаларында баяндамалар жасап, империалистік үкіметтердің қанқұйлы қылмыстарын және оларға оппортунистердің болысып отырғандығын қатты ызаланып әшкереледі, олардың беттеріне масқаралық таңбасын басты. Ленин былай деп түсіндірді: II Интернационалдың күйреген себебі, өз қатарларында оппортунистердің болуына төзімділік жасады. Оппортунистер, деп жазды Ленин, жұмысшы табының жаулары, бұлар бейбіт уақытта жұмысшы партияларының ішінде өзінің буржуазия мүддесін көздейтін жұмысын астыртын жүргізе береді. Соғыс кезінде олар буржуазиямен ашықтан-ашық одақтасып алып, жұмысшыларға қарсы шығады, шовинизм саясатын жүргізеді. Ленин олармен барынша батыл күрес жүргізуді талап етті. «Шовинизмге төзуге болмайды, онымен дипломаттық жасауға болмайды, — жиренішті шовинизмге қарсы бар күшті салып күресу керек», — деп жазды Ленин. Мұнымен қатар ол әрбір елдің социалисінің міндеті ең алдымен өз еліндегі шовинистерге қарсы күрес жүргізу екенін баса көрсетті.

Ленин центристерді — Каутскийді, Троцкийді және басқаларын өте мәте қатты сынға алды. «Қазір Каутскийді бәрінен де бетер жек көремін, оған лағынат айтамын», — деп жазды Ленин. «Оппортунистер — көрнеу зұлымдық. Каутский бастаған неміс «центрі» — дипломатиялық түрде

боямаланған, жұмысшылардың көзіне шел қаптатып, ақылын, ар-намысын көмескілейтін, аздыратын бәрінен де қауіпті, бүркемелі зұлымдық».

Ленин оппортунистердің марксизмді бұрмаламақ болған әрекеттерін, олардың марксизм жолынан тайғандығын өзіне тән революцияшыл жауынгер марксистік жалынды жігермен әшкереледі. Осының өзі саяси душпандарының оған деген ерекше өшпенділігін туғызды. Хаттарының бірінде ол былай деп жазды: «Міне, менің тағдырым осындай. Саяси ақымақтыққа, оңбағандыққа, оппортунизмге, т.т. қарсы — бір айбынды науқаннан кейін екіншісі келіп отырады.

1893 жылдан бері осылай. Оңбаған адамдардың мені жек көретіндігі де осыдан. Ал мен дегенмен, осы тағдырды оңбаған адамдармен «татулыққа» алмастырмас едім».

Ленин большевиктердің алдына халықаралық оппортунизммен және оны бүркемелеуші қаутскийшілермен аяусыз күрес жүргізу міндетін қойды. Бұл — халықаралық міндет, деді ол. Бұл міндет бізге жүктеліп отыр, өзге ешкімге де жүктеліп отырған жоқ. Бұл міндеттен жалтаруға болмайды.

Лениннің шындықты айтқан жалынды сөздері талай-талай тосқауылдардан, майдандардан өтіп, алдыңғы қатардағы жұмысшыларға жетіп жатты. Соғыс уақытының заңдарына қарамастан, Владимир Ильич Россиядағы большевиктік ұйымдармен байланысты қалпына келтіріп, патша өкіметі мен буржуазияға қарсы, империалистік соғысқа қарсы күресу жолдарын нұсқайтын хаттары мен мақалаларын жіберіп отырды.

Ал қиыншылықтар орасан зор еді. Патша өкіметі большевиктерге шүйлігіп, оларды аяусыз жазады. Революциялық жұмысы үшін Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары Сибирьге айдап жіберілді. Орталық Комитет пен Петроград Комитеті, сондай-ақ көптеген партия ұйымдары талай рет талқандалды. Бірақ Ленин партияның күшіне, Россия жұмысшы табының күшіне, оның барлық кедергілерді жеңе алатындығына кәміл сенді. «Енді партиямыздың жұмысы 100 есе қиын болып кетті. — деп жазды Владимир Ильич. — Дегенмен біз бұл жұмысты жүргізе береміз! «Правда» мыңдаған саналы жұмысшыларды тәрбиеледі; барлық қиындықтарға қарамастан бұлардың ішінен тағы да басшылар коллективі — партияның орыстық Орталық Комитеті іріктеліп шығады».

Патша өкіметінің қуғын-сүргіні күшейе түскеніне қарамастан, большевиктер партиясы соғысқа қарсы белсенді күрес жүргізді. Ол пролетариат пен еңбекшілер бұқарасын жаңа революцияға әзірлеп жатты. «Социал-Демократта» басылған мақалаларында Ленин партия мен жұмысшы табы алдына қойылған мәселелердің бәріне жауап беріп отырды. Революцияның жақындап қалғанына кәміл сенген Ленин партияның революциядағы ұстайтын жолын терең ойластырды. 1915 жылы «Бірнеше тезистер» деген мақалада ол былай деп жазды: «Егер қазіргі соғыста революция пролетариат партиясын өкімет басына қоятын болса, онда пролетариат партиясы не істер еді, деген сұраққа біз былай деп жауап береміз: біз отарларды және барлық тәуелді, езілген және тең правосы жоқ халықтарды азат етуді шарт етіп, барлық соғысушыларға бітім ұсынған болар едік». Россия пролетариаты өкімет басына келіп, большевиктік партия басқарушы партия болысымен-ақ осының бәрі жүзеге асырылды.

Соғыс кезінің қиын-қыстау жағдайында Ленин басшылық еткен партия өзінің интернационалдық, революциялық борышын орындады, жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасының мүдделері үшін, пролетарлық интернационализм принциптерін жүзеге асыру үшін қалай күресу керек екендігін барлық жұмысшы партияларына көрсетіп берді.

Ленин батыс еуропалық партиялардың ішінен де пролетарлық интернационализмді жақтаушыларды қажымай-талмай, табандылықпен жинап, топтастыра берді. Ленин Болгарияның, Голландияның, Швецияның, Норвегияның және басқа елдердің солшыл социалистерімен үзбей хат жазысып тұрды. Ол бұларды оппортунистерден батыл қол үзуге және ыдырап кет-

кен II Интернационалдың орнына III Коммунистік Интернационал құруға шақырды.

Орыс большевиктері және Батыс Еуропаның социал-демократиялық партияларының большевиктерге ерген солшылдары ол кезде жұмысшы қозғалысында болмашы азшылық еді. Бірақ Ленин революцияшыл марксизмнің жеңбей қоймайтынына берік сенді. Біздің бірен-сарандығымыз оқа емес, бізге әлі миллиондар ереді, өйткені большевиктердің ұстаған позициясы — бірден-бір дұрыс позиция, деді Ленин.

Ленин революцияшыл интернационалистердің бірігуі марксизмнің идеялық позицияларына негізделуге тиіс деп есептеді. Соғысқа байланысты социал-демократтардың алдына қойылған мәселелердің барлығын неғұрлым толық түсіндіру мақсатымен Ленин «Социализм және соғыс» деген кітап шығаруды ұйғарып, оны бастырып шығарды. Бұл кітап орыс, неміс, француз, норвег тілдерінде және басқа тілдерде басылып шықты.

Революцияшыл интернационалистерді біріктіруде бұл кітаптың зор маңызы болды.

Солшылдарды топтастыру, оппортунистерге қарсы күрес жүргізу мақсатымен, Ленин социалистердің Циммервальдтағы (1915 жылғы сентябрь) және Кинтальдағы (1916 жылғы апрель) халықаралық конференцияларын пайдаланды. Циммервальдтағы конференцияда Ленин солшылдар тобын құрды, бұл топ жұмысшылар арасында белсенді революциялық күрес жүргізді. Циммервальд солшылдарының көптеген қайраткерлері соғысқа қарсы және оппортунистерге қарсы жүргізілген күресте маңызды роль атқарды; кейінде олар өз елдерінде коммунистік партияларды құруға және жаңашын мәнісінде революцияшыл III Интернационалды құруға белсене қатысты.

Лениннің жүргізген орасан зор жұмысы күш-қуатты сарқа жұмсауды керек етті. Оның материалдық тұрмыс жағдайы өте ауыр болды. Ол ешқашанда дәл сондай ауыр мұқтаждықты көрген емес еді. Үй ішінің күн көрісінің негізгі көзі оның әдеби жұмысынан түсетін табыстары болатын, ал соғысқа қарсы бағытталған саяси мақалалар мен кітаптарды бастырып шығару өте қиын болды. Бір жолдасына жіберген хаттарының бірінде: «Өз басым жөнінде айтарым — табыс керек. Әйтпесе күнелтуден қалдық, оллаһи! Қымбатшылық зардей, ал күнелтерлік түк жоқ» деп жазған еді.

Ленин өте жұпыны тұрды, киім мен жай ғана үй заттарын қанағат етті. Цюрихте В. И. Ленин мен Н. К. Крупская бір тар көшедегі қорасы тар қараңғылау ескі үйде тұрды. Каммерер деген етікшінің үйінен жалдап алған бөлмесі қараңғылау, ыңғайсыз болды. «Дәл сол ақшаға әлде қайда тәуір бөлме алуға болушы еді, бірақ біз үй иелерін қимадық, — деп есіне түсіргенді Н. К. Крупская. — Бұл өзі революцияшыл ниеттегі жұмысшы семьясы еді... Ешқандай да шовинизм исі сезілмейтін, бір күні, газ плитасының айналасына бүтін бір әйелдер интернационалы жинала қалған кезде, фрау Каммерер: «Солдаттар қаруын өз өкіметтеріне қарсы жұмсауы керек!» деп ашу кернеп, дауыстап жіберді. Осыны естігеннен кейін Ильич бөлмені ауыстыру дегенінді тыңдағысы да келмеді». Ленин кітапқа, өзі үнемі жұмыс істеген кітапханаларға ешқашан да ақшаны аямады. Түрлі тілдердегі кітап, газет және журналдар ол кісінің үйінде көп-ақ болушы еді. Ленин қандай жағдайда жүрсе де, әрқашан тынбастан жұмыс істеп, уақытын шебер бөліп, шебер ұйымдастырып отырды.

Революциялық қозғалысқа іс жүзінде басшылық етуімен бірге Ленин сарылып теориялық жұмысын жүргізе берді. Ол түрлі елдердің қоғам өмірінің тарихы жөніндегі дүние жүзілік әдебиетті қажымай-талмай, терең зерттеп оқыды. Ол философия, экономика, техника, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жұмысшы табының революциялық қозғалысы, отар және тәуелді елдердің езілген халықтарының күресі және басқа мәселелер жайында жазылған кітаптарға қатты көңіл қоятын. Ленин әсіресе Маркс пен Энгельстің еңбектерін мұқият құнттап, қажымай-талмай оқып үйренді. Н. К. Крупская: «социалистік революция заманын, оның жолдары мен дамуын неғұр-

лым анық түсініп алу үшін» Маркс пен Энгельстің шығармаларын Ленин қайта-қайта оқитын еді, деп есіне түсіреді.

Адамзат қоғамының аяқ басқан жаңа заманының мәнін Ленин марксистердің ішінен бірінші болып ашып берді. «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген еңбегінде Ленин XX ғасырдың бас кезіне қарай капитализм өз дамуының жаңа дәуіріне — империализмге — енді деп көрсетті.

Империализм тұсында ең ірі монополиялар (капиталистердің бірлестіктері) пайда болды. Сондықтан да Ленин империализмді монополистік капитализм деп атады. Монополистер дүние жүзіндегі шикізат көздерінің, товар өндірісінің, товар өткізу рыноктарының едәуір бөлегін өз қолдарына алды. Олар буржуазиялық мемлекеттердің шаруашылық және саяси өмірінде үстемдік етіп, үкіметтерге өз дегенін істете бастады. Бүкіл дүние жүзін ат төбеліндей азғана империалистік елдер өзара бөлісіп алып та қойған болып шықты. Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі күшейе түсті. Капитализм жолына басқалардан кейінірек түскен елдер — Германия, Жапония, АҚШ, алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді — Англияны, Францияны тез қуып жетіп, дүниені қайта бөлісуді талап етті. Капиталистік мемлекеттердің арасындағы қайшылықтар шиеленісті. Осындай жағдайда империалистік соғыстар болмай тұрмайтын еді.

Пайда табудың соңына түскен империалистер жағдайы адам төзгісіз болып бара жатқан жұмысшылар мен барлық еңбекшілерді қанауын күшейте түсті. Пролетариат революция жасаудың қажеттігін түсіне бастады. Сонымен қатар ат төбеліндей азғана империалистік елдер мен солар езіп отырған, жүздеген миллион адам тұратын отарлардың және жартылай отарлардың арасындағы қайшылықтар шиеленісе түсті. «Капитализм прогресті капитализмнен реакцияшыл капитализмге айналды, — деп жазды Ленин, — ...адамзаттың енді не социализмге көшуі керек, немесе отарлар, монополиялар, артықшылықтар және неше түрлі ұлттық езгілер арқылы капитализмді әдейі сақтау үшін «ұлы» державалардың жүргізетін қарулы күресін жылдар бойына, керек десе тіпті ондаған жылдар бойына басынан кешіруіне тура келеді». Империализм адамзатты социалистік революцияға алып келеді, оның шешімін кейінге қалдырмайтын міндет етеді деп көрсетті Ленин.

Владимир Ильич пролетарлық революцияның жеңу мүмкіндігі туралы мәселеге жаңа тұрғыдан қарады. Бұрын марксистер социалистік революцияның бір елде жеңуі мүмкін емес деп есептеген еді. Олар революция барлық капиталистік елдерде немесе ең дамыған капиталистік елдердің көпшілігінде тек бір мезгілде ғана жеңе алады деп ойлаған еді. Қоғамдық дамудың жаңа деректеріне сүйене отырып, Ленин империализм заманында социалистік революция алдымен аз ғана елде немесе тіпті жеке алынған бір капиталистік елде жеңе алады деген қорытындыға келді.

Мұның өзі социалистік революцияның жаңа теориясы еді. Оның маңызы ерекше зор. Бұл теория жұмысшыларға империалистік соғыстан шығудың, империализм туғызатын апаттардан құтылудың революциялық жолын көрсетіп берді: әрбір елдің пролетариаты басқа елдерде революция болатын жағдайлардың қашан пісіп жетілуін күтіп отыруға тиіс емес деді. Әр елдің пролетариаты өз еліндегі буржуазияны құлатып, өкіметті қолына алып, социализмге өту ісін жүзеге асыруға тырысуы керек.

Барлық ұлттардың социализмге сөзсіз өтетіндігін дәлелдей отырып, Ленин сонымен қатар былай деп көрсетті: социалистік революцияны заказ бойынша немесе біреудің дегені бойынша жасауға болмайды. Социалистік революция түрлі елдерде түрлі уақытта пісіп жетіледі және әр ел социалистік өзгерістердің белгілі бір формасы мен қарқындарына өзіне тән өзгешелік енгізіп отырады деді. Лениннің теориясы социалистік революцияның жеңетіндігіне жұмысшылардың сенімін нығайтты, олардың революциялық бастамасы мен жігерін өршітті. Көп ұзамай-ақ өмір Лениннің дауышпандық ілімінің дұрыстығын толығынан дәлелдеп берді.

Соғыс орасан көп адамды қырғынға душар етті, өте көп материалдық қаражатты жұтты, жұмысшылар мен шаруаларға ауыр езгі болып тиді. Халық бұқарасының көрген азаптары барлық елдерде соғысқа қарсы революциялық қозғалыстың күшеюіне себепкер болды. Жұмысшылардың стачкалары, демонстрациялары мен өзге де бас көтерулері жиілей түсті.

Соғысқа қарсы күрескен халықаралық пролетариаттың алдыңғы қатарында Россияның революцияшыл жұмысшылары болды. Соғыс майданындағы жеңіліс, бүліншілік пен ашаршылық патша өкіметінің іріп-шірігендігін, — ел басқару қолынан келмейтінін көрсетті. Халықтың барлық топтарының арасында патша өкіметінің саясатына наразылық күшейе берді. Россияда революцияның жақындап келе жатқанын Ленин анық біліп, болжап айтып берді. Шынында да революция көп ұзамай-ақ басталды.

Петроград жұмысшылары бірінші болып күреске шықты. Қанды жексенбінің он екі жылға толған күні, 1917 жылы 9 январьда Петроградта соғысқа қарсы үлкен демонстрация болды. Осындай демонстрациялар Москвада, Бакуда, Нижний Новгородта болып өтті. Осы кезден бастап бүкіл Россияда жұмысшылардың революциялық бас көтерулері күннен-күнге күшейе берді.

1917 жылы февральда большевиктер партиясының шақыруы бойынша Петроград жұмысшылары 200 мыңнан аса жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер қатынасқан жаппай саяси стачка ұйымдастырды. Бұл стачка аса күшті саяси демонстрацияға ұласып кетті. «Жойылсын самодержавие!», «Жойылсын соғыс!», «Нан!» деген ұрандармен жұмысшылар астана көшелеріне шықты. Партияның Орталық Комитеті: патша самодержавиесін құлатуға, революциялық уақытша үкімет құруға, демократиялық республика орнатуға, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізуге, помещик жерлерін конфискациялауға, соғысты тоқтатуға шақырған манифест шығарды.

Патша үкіметі ұлғайып келе жатқан революцияны әскердің күшімен жаныштап тастауға тырысып көрді, бірақ бұған оның дәрмені жетпеді. Солдаттар көтеріліс жасаушы жұмысшыларға қосылып кетіп, солармен бірге патша өкіметіне қарсы шықты. Лениннің болжап айтқаны дәл келді. Шынайы революцияшыл маркстік партия басқарған жұмысшылар мен шаруалар жеңіп шықты. Ғасырлар бойы Россияның халықтарын езіп келген самодержавие құлатылды. Петроград жұмысшылары мен солдаттарының революциялық бастамасын Москваның және басқа қалалардың жұмысшылары мен солдаттары қолдады. Олар патша чиновниктерін орындарынан түсіріп, монархиялық құрылысты қирата берді. Россияда буржуазиялық-демократиялық революция жасалды.

Революция барысында жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері туды. Бұл аса зор жеңіс болды. Алайда Советтерге кіріп алған меньшевиктер мен эсерлер жұмысшылар мен шаруалардың мүдделеріне опасыздық жасап, буржуазия құрған Уақытша үкіметтің мемлекеттік өкімет билігін басып алуына мүмкіндік берді. Осылайша қос өкімет құрылды: Уақытша үкімет түріндегі буржуазия өкіметі — буржуазия диктатурасы және Советтер өкіметі — жұмысшылар мен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы орнады.

Революция ел ішінде жаңа жағдай туғызды. Самодержавие құрыды, саяси бостандықтар: сөз, баспасөз, жиналыстар бостандығы, одақтар құру бостандығы, т. т. жарияланды. Жұмысшылар мен солдаттар бұқарасы халықтың революциялық талаптарын жүзеге асыруға бекем бел байлады. Барлық саяси партиялардың алдында жаңа тактика әзірлеу, елдің онан әрі даму жолдарының мәселелерін, соғыс, бейбітшілік, жер мәселелерін шешу міндеті тұрды.

Өкімет басына отырып алған буржуазиялық партиялар — кадеттер мен октябристер өз өктемдігін баянды етуге, Советтерді өздеріне бағындырып алуға, революцияны тоқтатып, соғысты жүргізе беруге тырысты. Олар жұмысшыларды алдап, монархия құлатылғаннан кейін соғыс әділетті соғыс-

қа айналды, соғысты жүргізе беру керек, ал соңынан Құрылтай жиналысы жиналады да, барлық мәселені шешеді, деп соқты. Олар іс жүзінде халықтың революциялық талаптарын орындағылары да келмеді. Патша өкіметі сияқты, олар да соғыс жағдайында революцияшыл жұмысшылар мен солдаттарды талқандау қиынға соқпайды, деп дәмеленді.

Меньшевиктер мен эсерлер буржуазияның халықты алдауына көмектесті. Олар елде монархия құлатылғаннан кейін буржуазия өкіметі ұзақ уақыт орнығуға тиіс, өйткені социалистік революция болу үшін Россияда жағдай пісіп жетілген жоқ, жұмысшылар өкіметті қолына алып, елді басқаруға әлі әзір емес деп есептеді. Меньшевиктер мен эсерлер Уақытша үкіметке ешбір қарсы келмеуге тырысты, ал Советтерді олар жұмысшылар мен кедей шаруалардың революцияшыл өкіметінің органы деп қарамай, Уақытша үкіметтің шылауы деп қарады.

Большевиктік партия Февраль революциясының алғашқы күндерінде ақ астыртын жағдайдан шығып, күштерін жинастыра бастады. Оның көптеген көрнекті қайраткерлері — Ф. Э. Дзержинский, Г. К. Орджоникидзе, Я. М. Свердлов, И. В. Сталин, Е. М. Ярославский және басқалары түрмеден, айдаудан қайтты. «Правда» газеті қайта шығарыла бастады, оның бірінші номері 1917 жылғы 5 мартта шықты.

Швейцарияда тұрып, Ленин Россиядағы революциялық оқиғалардың дамуын мұқият қадағалап отырды. Владимир Ильич Февраль революциясының жеңіп шыққанын естіген бойда, Россиядағы большевиктерге телеграмма жіберді және «Алыстан жазылған хаттарын» жазды, бұл хаттарында революцияға байланысты партияның алдында тұрған мәселелердің бәріне толық жауап берді, революцияның өкіметті буржуазияның қолына берген бірінші кезеңі ғана болды, Уақытша үкіметке сенбеу керек, деп көрсетті Ленин. Ол буржуазияның өкімет басында бекіп алуына мүмкіндік бермей, барлық күш-жігерді салып бүкіл өкімет билігінің Советтердің қолына көшуі үшін күресу, реакцияшыл күштерді жеріне жеткізе қиратып, социалистік революцияға әзірлену міндетін қойды.

Ленин Россияның революцияшыл жұмысшыларына мынадай жалынды үндеу арнады: «Сіздер кеше патша монархиясын құлатып, пролетарлық ерліктің кереметін көрсеттіңіздер, — деп жазды ол. — Помещиктер мен капиталистер өкіметін құлату үшін сондай ерліктің кереметін бір шама таяу уақыттың ішінде... сіздердің қайтадан көрсетулеріңізге тура келетіні сөзсіз».

Ленин большевиктердің алдына: бұқара арасында кең түрде түсіндіру жұмысын жүргізу, соғысты құртып, шын мәнісіндегі демократиялық бітімге тек еңбекшілер өкіметі ғана жеткізе алатынын бұқараға дәлелдеп беру міндетін қойды.

Ленин меньшевиктермен бірігу әрекеттерінен сақтандырды, кейбір большевиктер осындай әрекет жасаған еді. Мұндай әрекеттер революциялық күресті өрістетуге кедергі жасайтын және партия үшін аса қауіпті әрекеттер еді.

Бірақ В. И. Лениннің нұсқау берген хаттарын «Правда» редакциясының құрамында болған Каменев өз қолынан шығармай ұстап отырған. «Алыстан жазылған хаттардың» бірінші хаты ғана «Правдада» басылған еді, бірақ оның өзі де көп қысқартылып, Уақытша үкіметке Лениннің берген сипаттамасын және оның саясатын сынауын жеңілдететін түзетулермен басылған болатын.

Большевиктер бұқара арасындағы жұмысты күшейте түсті. Бірақ кейбір большевиктік комитеттер мен бірсыпыра көрнекті партия қызметкерлері теріс бағыт ұстады. Олар бүкіл өкімет билігінің Советтерге көшуі жолында күрес жүргізе беру міндетін қоймай, қайта Уақытша үкіметтің жұмысына «бұқара бақылауын» қоюға шақырды, бұл бақылауды демонстрациялар, наразылықтар, мәлімдемелер ұйымдастыру деп түсінді. Бұл теріс тактика еді, өйткені бұл тактика бұқарада буржуазиялық Уақытша үкімет империа-

лиетік саясаттан бастарта алады, соғысты құртып, халыққа бейбітшілік, нан, жер әпере алады деген теріс ұғым туғызды.

Уақытша үкімет пен соғыс жөнінде Каменев жартылай меньшевиктік бағыт ұстады. Ол «Правдада» Уақытша үкіметті қолдауға шақыратын өзінің мақаласын бастырды, соғысты жүргізе беруді жақтап, пікір айтты, ал кейін Уақытша үкіметке қысым жасап, оны бітімге келу туралы ұсыныс жасауға еріксіз көндіру керек деген пікір айтты.

Маңызды принципті мәселелерде ол кезде И. В. Сталин де қате бағыт ұстады. Ол бітім туралы мәселеде Уақытша үкіметке қысым жасау тактикасын қолдады, Советтердің ролін дұрыс бағаламады. Мұның өзі партияның қорғанымпаздыққа қарсы күресін қиындатты, партияның бұқараны социалистік революцияға әзірлену рухында революциялық жолмен тәрбиелеу жұмысын қиындатты. Апрельдің орта кезінен бастап Сталин өзінің қате көзқарастарынан бас тартып, Лениннің ұстаған бағытына қосылды.

Революцияның басталғаны туралы хабар эмиграцияда жүрген социал-демократтарды бір көтеріп тастады. Революцияны құттықтаған көптеген жиналыстар мен митингілер өте бастады.

Лениннің бар ойлағаны, бар тілегені отанға жету болды. «Осындай уақытта, — деп жазды ол, — осы жерде отырғанымыз біздің бәрімізге сондайлық азап екенін түсінесіздер ме?» Ол Россияға тез арада қайтудың жолдарын табандылықпен қарастырды. «Революция туралы хабар келген сәттен-ақ — деп есіне түсірді Н. К. Крупская, — Ильич ұйқыдан қалды, сөйтін ол нешеме түндер бойына әралуан керемет жоспарлар жасаумен болды».

Rоссия еңбекшілері өз көсемінің отанға қайтуын асыға күтті. Бірақ Уақытша үкімет бұған неше түрлі кедергілер жасап бақты. Уақытша үкімет шетелдердегі өздерінің өкілдеріне «қара тізімдер» жіберіп, бұл тізімдерге Лениннің және басқа большевиктердің фамилиялары енгізілді, сөйтін Владимир Ильич пен оның серіктерінің отанына қайтуына рұқсат бермеді.

Ақырында, Швейцария социал-демократтарының көмегі арқасында Ленин әрең дегенде бір топ большевиктермен басқа да эмигранттардың отанға қайтуын ұйымдастыра алды.

Он жылдай дерлік қуғында жүргеннен кейін, 1917 жылы 3 апрельдің түнінде Владимир Ильич Петроградқа келді. Революциялық Россия өзінің ұлы көсемін асқан зор қуанышпен, салтанатпен қарсы алды. Мыңдаған жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер қолдарына қызыл ту алып, Финляндия вокзалына келді. Солдаттар мен матростардың революцияшыл отрядтары Ильичке құрметті күзет ұйымдастырды. Қарсы алушылар ду қол шапалақтап, құттықтап ұран салған жағдайда Ленин өзін күтіп тұрған большевиктің үстіне шығып, жұмысшыларды, солдаттар мен матростарды жаңа, социалистік революция үшін, Советтер өкіметі үшін күресуге шақырып, жалынды сөз сөйледі.



## АЛЫП ТҮЛҒА, АРДАҚТЫ ЕСІМ

...Ульяновск өзен портынан ымырт үйіріле шыққан «Алеша Попович» теплоходы түні бойы Волганың жал-жал толқындарын тіліп отырып, таңғы елең-алаңда Қазан шаһарына келіп тоқтады... Татарстан астанасының тамаша орындарын аралап тауыса алар емессің, тарихи, мәдени шежіресі мол өсынау ежелгі қала салған жерден баурап аястті. Тосын келген адам Қазан Кремлін де, әйгілі Сүйімбике мұнарасын да, Мұса Жалил ескерткішін де, қаза тапқан күрескерлер мүсінінің композициясын да қызыға тамашалайды. Шынында бұлардың бәрі ғажап. Бұлар — нешәтүрлі әсем бояу, нақышпен орындалған, нағыз зергер қолынан шыққан, сәулет өнерінің өшпес белгілері.

Әйтсе де тағат ташнай, көргенше жүретін алып ұшып тұратын, бұлардан да артық, бұлардан да қасиетті бір орын бар. Ол Владимир Ильич алғаш лекциялар тындаған Қазан университеті. Қазір кәулі әлемге даңқы кеткен осы білім ордасының бір кезде табалдырығын Володя Ульянов аттаған-ды. Симбирск гимназиясын алтын медальмен бітірген, гимназия дирекциясының мақтау мөпездемесін алған Владимир Ильич 1887 жылы 29 июльде (9 августа) университет ректорының атына өзін студенттікке қабылдау жөнінде өтініш береді, сол жылы 13(25) августа ол заң факультетіне оқуға қабылданады. Бір кезде Владимир Ульянов лекция тындаған аудитория қазір Ленин бөлмесі. Мұнда ұлы көсемнің Қазан жылдарына байланысты экспозициялар қастерлеп сақтаулы. Бұлардың ішінен Владимир Ильичтің Симбирск гимназиясын бітірерде алған алтын медалі, 1887—1888 жылдардағы бірінші семестрде оқу корпусына кіру үшін берілген № 197 билеті көзге оттай басылады. Владимир Ильич Қазан университетінде тұрақтап оқи алмаған. 1887 жылғы декабрьде студенттер толқуына қатысқаны үшін университеттен шығарылған. Саяси талаптар қойған студенттік жиынның белсенді ұйымдастырушыларының бірі ретінде Володя Ульянов декабрьдің 4-інен 5-іне қараған түні басқа да студенттермен бірге (барлығы 40 адам) тұтқынға алынып, Қазаннан 40 шақырым жердегі Кокушкино деревнясына, нағаны атасы Александр Дмитриевич Бланкпен қалған қонысқа жер аударылады. Осы орайда көрнекті марксист-революционер В. В. Адоратский естеліктерінен азырақ елес келтіре кету орынды. Бұл әңгімені Адоратский кейінірек Владимир Ильичтің өз аузынан естисе керек. «Владимир Ильич, сөз арасында 1887 жылдың аяғында студенттер толқуына байланысты болған бір оқиғаны еске түсірді. Өзін тұтқындап, арбакешпен алып келе жатқан приставпен арада болған бір әңгімені ұмытпапты. Бұл әңгімені Владимир Ильичтің өзіне келтіріп айтқаны соншалық, ол менің көкейімнен кетпей қойды. Пристав небәрі 17 жастағы студенттің сырт пішініне қарап, мұндай оқиғаға ол, дәуде болса жолдастарының «сотқарлық» ықпалымен ұрынған болар деп түйеді. «Жанжал шығарың нең бар еді, жігітім, қарсы алдында қамал тұрғанда! — дейді пристав. Алайда бұл сұрағына ол үш ұйықтаса түсіне кірместей жауап алған көрінеді. «Қамал болғанымен ол шірігі жеткен қамал ғой, түртіп қалсаң құлағалы тұр!» — деп жауап беріпті Владимир Ильич».

Бұл күндері В. И. Ульянов-Ленин атындағы Қазан мемлекеттік университетінің бас корпусынан жұрт ешбір толастамайды. Олар Владимир Ильич заң факультетінің I курсында сабақ оқыған аудиторияны көреді, акт залын аралайды, көсем өмірі мен революциялық қызметіне байланысты документтермен танысады. Міне біз осы университеттің акт залында отырмыз. Университеттің профессорлары мен оқытушылары әйгілі оқу орнының тарихын, өсу кезеңдерін әңгімелеп жатыр. Қазан университетіне көсем есімі 1925 жылы берілген. Қазір мұндағы сегіз факультетте тоғыз мыңнан артық студент бар, оның үш мыңнан астамы татар жастары. Бүгінгі Қазан университетінің студенттері өздерінің кемелдер Ленин оқыған жоғарғы мектепте білім алып жатқанын



ерекше мақтан етеді. Университеттің бас корпусының қарсы алдында орнатылған, студент Владимир Ульяновты бейнелейтін көрікті ескерткіштің айналасындағы сквер — студенттердің сабаққа әзірленетін, серуендейтін, тынығатын жері. Жыл сайын бірінші курс студенттері алғашқы лекцияны университеттің акт залынан тыңдайды. Жылма-жылғы 4 декабрь студент деген атаққа ие болу салтанаты ретінде атап өтіледі. Журналистика жөніндегі Бүкіл одақтық лениндік оқуға қатысушылар Қазан қаласындағы В. И. Лениннің Музей-үйінде де болды. Мұнда 1888 жылдың сентябрінен 1889 жылдың майына дейін Ульяновтар семьясы пәтерде тұрған. Өйткені 1888 жылдың күзінен бастап Владимир Ильичтің Қазанға келіп тұруына рұқсат етіледі. Сол себепті кішкентай балаларымен Мария Александровна осында көшіп келіпті. Төрт бөлмелі осы үйдің ішіне кіргенде ең алдымен Владимир Ильичтің бөлмесіне айрықша назар аударасың. Шкафтағы, стол үстіндегі көптеген кітаптар, әсіресе саяси әдебиеттер Владимир Ильичтің үлкен білімдарлығын, марксизм теориясына бүтіндей ден қойғанын аңғартады. Пәтердің балконы бар екен және тау беткейіне қарай созылған жап-жақсы бағы болған. Бірінші қабатта неге екені белгісіз, екі кухня болса керек, ал қалған бөлменің бәрі үстінгі қабатта. Володя өзіне жаңағы екі кухняның біреуін ыңғайлап алыпты. Өйткені ол оңаша, жұмыс істеуге жоғарыдағы бөлмелерден гөрі қолайлырақ еді. Кітаптарды үйіп тастап, Володя ұзақты күнін оқумен өткізеді екен. Осында ол Карл Маркстің «Капиталының» I томын оқып, зерттей бастаған. Музей қызметкерлері Владимир Ильичтің Маркс теориясының негіздері туралы және осы теория ашатын жаңа өріс туралы апасы Анна Ильиничнаға айтқан әңгімесін, өзі сияқты марксизмді үйреніп жүрген революцияшыл ниеттегі жастарды Қазаннан да тапқанын мысалға келтірді, Ульяновтар семьясының Қазандағы жұпыны тіршілігін, тұңғышы Александрдың қазасын басынан өткерген Ильичтің анасының ғажайып ерлігін айтып берді...

Орыстың ұлы өзені Волга бойындағы Ленин болған жерлердің бірі — қазіргі Горький қаласы. Асылы, Нижний Новгородта маркстік қозғалыстың пайда болуы мен дамуы данышпан көсемнің есімімен тығыз байланысты. 1893 жылдан 1900 жылға дейін Владимир Ильич бұл қалаға талай рет келіп, жергілікті социал-демократтарға жолыққан, революциялық қозғалысқа тікелей басшылық еткен. Нижегород большевиктік ұйымын құруға Лениннің ықпалын баяндайтын фактілер мен деректер мол. Солардың біреуі мынадай. Өткен ғасырдың 90-жылдарында бұрынғы Үлкен және Кіші Покровка көшелерінің бұрышында қала тұрғындарына жақсы мәлім Никаноров мейманханасы тұрушы еді. Ал сол мейманхананың ауласындағы шағын үйдің бір бөлмесінен М. Г. Григорьев деген революционер пәтер жалдайды. Ол Қазаннан жер ауып келген. Нижний Новгородта тұңғыш жұмысшы ұйымдастырған кісі екен. Міне осы пәтерде 1893 жылғы августта В. И. Ленин Нижегород марксистіктерімен кездеседі. Ильич ұзақ әңгіме үстінде жергілікті социал-демократтардың тіршілік жайына қанып, оларға маркстік қозғалыстың шұғыл міндеттерін түсіндіреді. Бұл жөнінде С. И. Мицкевич кейін былай деп еске түсірді: «Ильичпен әңгімемізде көптеген мәселені қозғадық. Ильичтің әсіресе берік ұйымдар құру, қалалармен арада байланыс орнату қажеттігі туралы айтқандары есімде. Бұдан кейін Батыстағы жұмысшы қозғалысы, халықшылармен күрес, Россияда капитализмнің даму болашағы т. б. жайлы әңгімелестік».

1894 жылы январьда Владимир Ильич жергілікті социал-демократтардың арнайы шақыруымен екінші рет Нижний Новгородқа келеді. Оқытушы М. Е. Якубовскаяның пәтерінде өткізілген жиналыста ол либерал халықшылдардың басшысы В. Воронцовтың кітабы туралы өзінің жазған рефератын оқып береді, сөйтіп либерал халықшылдардың теориялық көзқарасын өлтіре сынайды, Россия халықтарының азаттық күресіндегі пролетариаттың шешуші ролін дәлелдейді. 1894 жылы июньде В. И. Ленин мұнда тағы екі күндей аялдап, Нижегород марксистіктерімен екі рет кеңес өткізеді. А. Е. Кугушеваның пәтерінде болған кеңесте Владимир Ильич Петербург пен Москва, социал-демократтарының практикалық қызметіндегі жаңа әдістерді баяндап берген.

В. И. Лениннің тікелей басшылығымен 1895 жылдың аяқ шенінде Нижний Новгородта тұңғыш социал-демократиялық ұйым қалыптаса бастады. Мұнда Лениннің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес Одағының» елеулі өсері болғанын айту керек. Ал бұл «Күрес одағы» мүшелерінің қатарында нижегородтықтар А. А. Ванеев, М. А. Сильвин, апалы-сіңлілі Невзоровалар бар еді. Нижний Новгородқа В. И. Ленин 1900 жылдың көктемінде тағы бір соғып кетті. Ондағы мақсаты — социал-демократиядағы оппортунистік бағыт — «экономизмге» қарсы идеялық күрес жүргізу. Себебі, Нижегород социал-демократтарының ішінде де «экономистердің» идеялық ықпалымен жүргендер бар еді. Социал-демократ А. И. Пискуновтың пәтерінде В. И. Ленин бұл ағымның қате көзқарастарын жаң-жақты талдап көрсетеді.

Журналистер делегациясымен Горький қаласында болғанымызда М. Горький көшесіндегі № 127 үйді асықпай аралап көрдік. Бұл апалы-сіңлілі Невзоровалардың бұрынғы пәтері. Қазір ол музейге айналған. Музейдің материалдары мен документте-

рінен Нижегород социал-демократтарының астыртын жұмысын білеміз, А. А. Вансеевтің, М. А. Сильвиннің З. П. Невзорованың, С. П. Невзорованың революциялық күрес жолын бағдарлаймыз. 1900 жылы июньде Владимир Ильич Нижний Новгородқа келгенде жаңағы Невзоровалардың пәтерінде кеңес өткізіп, жалпы орыстық құпия газет арқылы революцияшыл маркстік күштерді біріктіру жоспарын ортаға салған.

«Алеша Попович» теплоходы Нева өзенінің бойымен Ленинградқа жақындаған кездегі журналистердің қуанышын көрсен?! Өйтпегендеше?! Революция бесігін, қаһарман Ленин қаласын, данышпан көсемнің революциялық қызметі мен күрес жылдарының, ұлы өмір кезеңдерінің тамаша куәсі болған қаланы көру ерекше бір ранибет емес пе! Міне Ленинградқа да келдік, келген бетте-ақ қаланың көрікті орындарын аралап кеттік. Осынау тарихи қаланың ежелгі ескерткіштеріне, сұлу сымбатына қызығамыз кеп, нешәтүрлі мүсінмен безендірілген сәулетті үйлерінің қасында кейде ұзарырақ тамашалап тұрамыз. Талай оқиғаның шежіресі, сан-сан атақты адамдардың жүрген жерлері, талай революционерлердің өмір белестері елестейді бір уақыт көз алдымызға. Суворовтың, Кутузовтың, Барклай де Толлидің ескерткіштерін, Декабристер алаңын, ондағы «Мыс салт аттыны», Аничков көпіріндегі аттар мүсінін, Сарай алаңын, Адмиралтействоны, Өнер алаңын, ондағы А. С. Пушкин ескерткішін, М. Е. Салтыков-Шchedрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасының, мемлекеттік академиялық драма театрының үйлерін көргендегі әсеріміз ғажап. Әйгілі Исаакиев соборының архитектуралық әшекейі де бізді таңқалдырды, Эрмитажды бір күндей араласақ та қызығына тоймадық.

Берінен де революцияның ескерткіш орындарын айтсаңшы. Марс алаңына барып, революция құрбандарына тағзым еттік, Октябрь батырлары зираттарының басында Мәңгі от жанып тұрады екен. Міне осы Марс алаңынан өтіп, Киров көпіріне көтерілсең, сол жағында Петропавл қамалы тұрады да, оң жағынан «Аврора» крейсері көрінеді. Иә, кәдімгі «Аврора» крейсері. 1917 жылы 25 октябрьдегі жер күңгірткен залпымен адамзат тарихында жаңа заманның басталғанын хабарлаған атақты кемені көргенде сол бір тарихи күндердегі Қысқы сарайға шабуыл елестегендей болды... Пискарев мемориалдық бейіті кешегі сұрапыл соғыс жылдарын, Ленинград блокадасын еске түсірді. Мұнда бір миллиондай адамның сүйегі жатыр. Бұлар аштықтан, бомба мен снарядтан опат болған қарттар мен балалар, әйелдер, кескілескен ұрыстарда оққа ұшқан жауынгерлер. Орталық ескерткіш алаңының қабырғасына ақындар Ольга Берггольц пен Михаил Дудиннің соғыс кезіндегі өлеңдерінен үзінділер жазылып қойылған. Міне осы үзінділерді оқығанда, қайғы-қасірет шеккен Ана ескерткішін көргенде, бейіт музейінің экспонаттарымен танысқанда, әсіресе он бір жасар оқушы Тая Савичеваның күнделігін оқығанда блокаданың сол бір аласапыран ауыртпалығына қайсарлықпен төтеп берген лекинградтықтардың қаһармандығына қайран қаласың...

В. И. Лениннің революциялық қызметіне байланысты орындармен танысқан кезде данышпан көсемнің асқар өмір белестерін, нұр шұғылалы идеяларын білуге құштарлығымыз бұрынғыдан арта түсті. Ленинградта Владимир Ильич өміріне байланысты 237 ескерткіш мекен бар. Солардың ең бастысы Смольный. 1917 жылғы октябрь күндерінде Смольный революцияның штабы болды. Смольныйға кіре-берісте мемориалдық тақта тұр. Онда былай деп жазылған: «Осында, Смольныйда 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясы күндерінде жұмысшылардың, солдаттар мен матростардың қарулы көтерілісінің штабы орналасты, Смольныйдан Владимир Ильич Ленин қарулы көтеріліске қолма-қол басшылық етті».

Смольный — әлемге аты әйгілі тамаша архитектуралық ансамбль, Ленинградтың аса көрнекті тарихи ескерткіштерінің бірі. Бұрынғы Смольный институтының үйін дүние жүзінің еңбекшілері Октябрь революциясының тірегі ретінде жақсы біледі. 1917 жылғы августта бұл үйге жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советі көшіп келді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы күндерінде қарулы көтерілісті басқарған Әскери-революциялық комитет үшінші қабатқа орналасқан екен. 1917 жылғы 24 октябрьден 25 октябрьге қараған түні Смольныйға Владимир Ильич Ленин келіп, Октябрь көтерілісіне тікелей басшылық етті.

Міне біз Смольныйдың Акт залында отырмыз. Экскурсовод дүниені дүр сілкіндірген тарихи оқиғалар сырын шертеді. Мұнда 1917 жылы 25—26 октябрьде (7—8 ноябрьде) Советтердің Бүкіл Россиялық II съезі өткізілгені белгілі. Съезде В. И. Ленин социалистік революцияның жеңгендігін, Совет өкіметі орнағанын жариялады, Совет мемлекетінің тұңғыш Декреттерін — бітім және жер туралы Декреттерді оқып берді. Съезд ду қолшапалақтау үстінде В. И. Ленин жазған «Жұмысшыларға, солдаттарға және шаруаларға!» үндеуді қабылдап, өкімет билігі Советтерге көшкенін паш етті. Съезд дүние жүзіндегі тұңғыш Совет үкіметін — Халық Комиссарлары Советін құрды.

Смольныйдағы В. И. Ленин мен Н. К. Крупская тұрған және қызмет істеген бөл-

мелер сол баяғы қалпында. Осы бөлмелерде болғанымызда ұлы көсемнің өте жұпыны әрі қарапайым тұрмыс күйі бізді ерекше таңқалдырды. Владимир Ильичтің жатар орны аядай ғана бөлме, астына тақтай салынған ескі керует. Қызмет бөлмесі де қарапайым, сән-салтанат деген атымен жоқ. Смольныйда В. И. Ленин жұмысты тынымсыз көп істеген, Совет үкіметінің декреттері мен жарлықтарын жазған, жұмысшылар мен шаруалардың, солдаттардың делегациясын қабылдаған. Кейде кешке қарай жұмыстан қолы босай қалса Надежда Константиновнаны ертіп Смольный төңірегіне серуенге шығады екен. Ол уақытта Владимир Ильич күзетсіз жүрсе керек. Әрдашан Ильич серуенге шыққан тұста Смольный күзетіндегі пулеметшілер алаң болып, сыртынан бақылап отырыпты. В. И. Лениннің Смольныйдағы күндеріне байланысты осы арада Н. К. Крупская келтірген мына бір елесті айта кеткен жөн сияқты: «Ильичтің тамақтануы жөнінде де қиындық болды. Мен күні бойы жұмыстамын. Мария Ильична кейде Ильичке үйден әртүрлі тамақ әкеліп беріп жүреді, бірақ үнемі ойдан шыға бермейді. Кейін маған бір жігіт өзінің шешесі Смольныйдағы асханада үй сыпырушы болып істегенін, бір жолы шешесінің асханада біреудің жүрген дыбысын естігенін айтты. Қараса: столдың жанында Ильич бір тілім кара нан мен бір бөлек тұздалған балықты алып жеп тұр екен. Үй сыпырушыны көргеннен кейін ол сәл қысылыңқырап қажыпты да, жымыя күліп: «Тіпті қарным ашып кетті, бірдеме жегім келді» депті. Ильич маған ешқашан ондай ешнәрсе айтпайтын еді, бірақ онсыз да дұрыс тамақтану ісін жолға қою керек екені түсінікті болатын. Көп ұзамай көрші бөлмеге Шотман жолдастың анасы орналасты да, Ильич екеумізді ол өз қамқорлығына алды».

В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Смольныйда Совет үкіметі Москваға көшкенше, яғни 1918 жылдың 10 мартына дейін тұрды. Владимир Ильич Смольныйға соңғы рет 1920 жылы 19 июльде, Коммунистік Интернационалдың II конгресінің ашылуына келді. Смольныйдың Акт залында ол делегаттармен әңгіме өткізіп, осы арадан Таврия сарайына, конгрестің ашылуына барды. В. И. Ленин тұрған бөлме 1938 жылдан бері музей. Қашан болсын, Ленинградқа келген делегациялар, жолаушылар Смольныйға соқпай кетпейді. Кемелер көсемнің туғанына 100 жыл толу алдында мұнда лениндік оқулар, қарт большевиктермен кездесулер өткізіледі, кинофильмдер көрсетіледі, октябрияттар пионерге қабылданады. Жақында жергілікті баспа «Смольныйдағы 124 күн» деген жинақ шығарды. Онда Совет үкіметі басшысының Смольныйдағы өмірі мен қызметі баяндалады. Облыстық «Ленинградская правда» газеті «Смольный туралы хикая» деген атпен жазушылар мен журналистердің очерктерін жариялап келеді.

Смольныйдан шығып, біз Революция алаңындағы бір жағы Куйбышев көшесін бойлап кететін, бұрынғы биші Кнесинскаяның оңаша үйіне келдік. Бұл үй де тарихи орындардың бірі. Олай болатын себебі, 1917 жылы март-июнь айларында мұнда большевиктер партиясының Орталық және Петроград комитеттері, РСДРП Орталық Комитеті жанындағы әскери ұйым, «Солдатская правда» газетінің редакциясы орналасқан еді. 1917 жылы апрельде Финляндия вокзалынан броневикпен келген В. И. Ленин осы үйдің балконынан өзін құттықтап қарсы алған мыңдаған жұмысшылар мен солдаттардың алдында сөз сөйлеген. Қазір бұл үйде Ұлы Октябрь социалистік революциясының музейі жұмыс істейді. Оның отыз алты залы революция шежіресі іспетті. Советтердің Бүкіл россиялық II съезі қабылдаған бітім және жер туралы декреттердің де, Ленин қол қойған, Совет үкіметінің қаулылары мен жарлықтарының да түп нұсқасы осында. Музей залдарынан көптеген фотосуреттерді, документтерді, революция күрескерлерінің заттарын, астыртын баспаханалардың жабдықтарын, партизандардың қару-жарақтарын, бейнелеу өнерінің шығармаларын көруге болады. Октябрь революциясы музейінде журналистер Ленинград қаласының қарт большевиктерімен кездесті. Ф. Н. Матвеев, Т. А. Андреев, П. П. Семечкин, В. П. Виноградов сияқты революция ардагерлері өздерінің ұлы көсеммен кездесулерінен қызық-қызық әңгіме айтты. Музей жанында қарт большевиктер Советі жұмыс істейді, олардың бәрі қарт большевиктер хорына қатысып, революциялық әндерді орындайды. Хор мүшелері 60 пен 80 жас аралығындағы ардагерлер. Қарт большевиктер хоры Ленинград кәсіпорындары мен институттарында, мектептерінде 1958 жылдан бері концерт беріп келеді.

Ленинград сапарында көріп қайтқан ендігі бір естен кетпес жер — Разлив. Оған барар жолда Разлив поселкесіндегі бұрынғы Сестрорецк зауыдының жұмысшысы Н. А. Емельянов үйіне соғын өттік. Ол қазір музей. Июль күндерінде Владимир Ильич мұнда бірнеше күн жасырынған. Емельяновтың жеті баласы бар еді, сондықтан В. И. Ленин семья мүшелерімен қосылып ертенді-кеш ас ішкені болмаса, көбінесе пішен сарайында тұрған, Емельяновтың әйелі Надежда Кондратьевна оған төсекті тұра қойып істі пішеннің үстіне салып берген. Ұлы көсемнің бір кездегі осындай тұрмыс күйін көргенде, Емельяновтың балалары ішін деп, кейде нәр татпай жүргенін естігенде осынау ардақты адамның кішіпейілдігіне, ізеттілігіне таң қаласың.

Разливтегі күрке де көп жайды аңғартады. 1917 жылғы июль күндерінен кейін буржуазиялық Уақытша үкімет тыңшыларынан бой тасалаған В. И. Ленин Разлив көлінің арғы бетіндегі шабындықтан Емельянов ағаш бұтақтары мен пішеннен соғып берген күркеге біраз уақыт панамайды. Күркенің, шөмеленің макеті қазір сол қалпында сақталған. Тек шөбі жыл сайын жаңартылып тұрады екен. Разливте 1927 жылы Ленинград жұмысшылары В. И. Ленинге ескерткіш орнатқан. Граниттен жасалған бұл ескерткіш тарихи күркені жақсы бейнелейді. Күрке жанында дөңбек ағаштың екі түбірі. Владимир Ильич мұны орындық етіп, жазу жазған, кітап оқыған, өзі бұл түбірлерді «Менің жасыл кабинетім» деп атапты. Разливте В. И. Ленин «Мемлекет және революция» деген әйгілі еңбегін бітірген. Эскурсовод Лидия Ивановна Машкова Разливтегі әрбір мекеннің жай-жапсарын түсіндіре келіп, мынадай елестерге тоқтады. Күркенің төңірегінде маса көп еді, әсіресе түнге қарай маза жоқ. Владимир Ильич бұған да көнді. Ол бір уақыт мосыға қаңылтыр шәйнек қойып, шай қайнатар еді, балтамен ағаш жарар еді, шалғымен пішен шабар еді. Күнделікті тамақты Емельяновтың әйелі мен балалары жеткізіп тұрған. Өзі туралы буржуазиялық газеттердің шылғи өтірік мақалаларын оқығанда Владимир Ильич «көбік ауыз мылжындар-ай» деп, шек сілесі қатқанша рақаттана күледі екен. Разливке Ильичтің революционер жолдастары жиі келіп тұрған. Бірде қайыққа отырып, көлдің арғы бетіндегі тал-талдың арасымен Г. К. Орджоникидзе күркеге қарай беттейді. Бір шөмеlege тақарағанда бұларға қарай сақал-мұртын әдемілеп қырған, кепкісін көзіне түсірген біреу келе жатады. Ол бас изеп амандасады, бірақ Орджоникидзе танымайды, самарқау ғана ізет білдіреді. Сол сол-ақ екен, әлгі адам мұның иығынан қағып қойып: «Немене, Серго жолдас, танымай тұрмысың?» деп күледі. Сонда ғана Орджоникидзе оның Ленин екенін біледі. Енді біраздан кейін екеуі қара нан мен тұздалған балықты алдына алып, ұзақ әңгімеге кіріседі...

\* \* \*

Көсем болған жерлер күллі адал ниетті ізгі жанға қымбат, ең алдымен әрбір совет адамына ыстық. Владимир Ильичтің өмірі мен революциялық қызметін баяндайтын экспозициялар, ескерткіш орындар кімді болса да қызықтырып, Лениндей алып тұлғаның, мәңгі ұмытылмас ардақты есімнің ұлылығы мен даналығын, түпсіз дариядай ақыл парасатын, абзал адамгершілік қасиеттерін терең білуге сүйіспеншілігінді, ынта-ықыласыңды арттыра түседі.

Ленинград—Алматы

Т. ЫДЫРЫСОВ.

## **ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ЖЕТКІНШЕКТЕРІ**

КПСС ХХІІІ съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыра отырып, Қазақстан еңбекшілері жана бесжылдықтың өткен үш жылында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетуде, халықтың мәдениеті мен әл-ауқатын көтеруде едәуір табыстарға жетті. Республика кәсіпорындары жоспардан тыс жүздеген миллион сомның өнімін берді. Әсіресе жеңіл және тамақ өнеркәсібі өнімдерінің түр-түрі көбейді. Алғашқы жеңіл өнеркәсіп қызметкерлеріне үлкен жігер берді. Олар бесжылдық жоспарды 1970 жылдың 7 ноябріне, ал еңбек өнімділігін арттыру жоспарын ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туған күні — 1970 жылдың 22 апреліне орындап шығуға бел байлады. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы еңбеккерлері мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын төрт жылда орындап шығуға міндеттенді.

Міне осындай табыстарға республиканың кәсіби-техникалық оқу орындары да лайықты үлес қосып келеді. Коммунистік партия жұмысшы табының ролін арттыруға, олардың қатарын нығайта түсуге үнемі қамқорлық жасауда. Бұл күндері кәсіби-техникалық мектептерден білім алып, жұмысшылар қатарына қосылған жастар әрбір заводтан, шахтадан, құрылыстан, совхоздан табылады. Мәселен, қазір республикамыздың өнеркәсібі мен транспорт орындарында, ауыл шаруашылығы салаларында істейтін еңбеккерлердің төрттен бірі — кәсіби-техникалық оқу орнын бітірген жас жұмысшылар.

Кәсіби-техникалық білім жүйесі мыңдаған еңбек ерлерін, социалистік жарыстың озаттарын тәрбиелеп шығарды. Олардың ішінде Қарағандыдағы № 31 шахтаның бригадирі, Социалистік Еңбек Ері, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Қыдырәлі Омаровтың, Солтүстік Қазақстан облысының механизаторлары Владимир Курбатов пен Әбу Сыздықовтың, Шығыс Қазақстан облысындағы атакты металлургтер, Лениндік сыйлықтың лауреаттары Иван Котов пен Павел Халиннің есімдерін құрметпен атаймыз.

Маман жұмысшы кадрларын даярлаудағы кәсіби-техникалық мектептердің ролін КПСС ХХІІІ съезі ерекше атап көрсетті. Съезд Директиваларында осы бесжылдықта еліміздің халық шаруашылығына кәсіби-техникалық оқу орындары арқылы 6 миллион жұмысшы даярлау міндеті қойылды.

Халық шаруашылығын білімді әрі маман кадрлармен толықтырудың маңызы жылдан жылға арта түспек. Осыған орай КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1969 жылғы апрельде «Кәсіби-техникалық білім беру жүйесі оқу орындарында маман жұмысшылар даярлауды онан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Мұның өзі елімізде жұмысшы кадрларын даярлау ісіне жасалған тағы бір зор қамқорлық. КПСС ХХІІІ съезінің Директиваларында алға қойылған, кәсіби-техникалық білім беру жүйесін дамыту міндеттерін орындаудың нақты программасы. Қаулыда маман жұмысшылар даярлауға байланысты кәсіби-техникалық оқу орындарының саны көбейгені, өнді-

рістік оқыту шеберлері, оқытушылар мен тәрбиешілер кадрлары өсіп жетілгені айтылды. Еліміздің халық шаруашылығына жыл сайын бір миллионнан артық жас жұмысшылар қосылып отырады. Дегенмен, қаулыда атап көрсетілгендей, кәсіби-техникалық оқу орындарында маман жұмысшылар даярлау дәрежесі социалистік өндірістің өскелең талаптарына сай емес. Кәсіби оқыту мен шәкірттерге идеялық-саяси тәрбие беруде елеулі кемшіліктер бар. Көптеген министрліктер мен ведомоство-лар училищелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға тиісінше көңіл бөлмейді.

Қазақстанда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қарыштап өркендеуіне байланысты кәсіби-техникалық оқу орындарының жүйесі соңғы он жылдың ішінде екі еседен астам, ал оқушылардың саны бес есе өсті. Қазір республикадағы 356 кәсіби-техникалық училищеде 145 мың қыз бен жігіт оқиды. Олар 200-ден астам мамандықты меңгеруде. Үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде республиканың халық шаруашылығына 272 мың маман жұмысшы тек кәсіби-техникалық мектептерден ғана жолдама алды. Осының ішінде 45 мың жұмысшы өнеркәсіпке, 43 мың жұмысшы құрылысқа, 169 мың жұмысшы ауыл шаруашылығына, 15 мың жұмысшы халыққа тұрмыстық қызмет ету саласына барды. Бұл — халық шаруашылығы жоспарында белгіленген мөлшерден 22 мың адам көп деген сөз.

Соңғы жылдары кәсіби-техникалық оқу орындарының материалдық базасы едәуір нығайды. Республикадағы ірі заводтар мен фабрикалар, совхоздар олардың тұрақты оқу базасына айналды. Мысалы, Павлодар трактор заводы, Қарағанды металлургия заводы, Шымкент фосфор тұзы заводы, Екібастұз көмір разрезі, Алматының В. Николаева-Терешкова атындағы макта-мата комбинаты міне осындай базалар.

Кәсіби-техникалық білім беру, жас жұмысшы кадрларын даярлау сияқты қиындығы мол, бірақ абыройлы істің Алматы облысында жақсы жолға қойылғанын атап айту керек. Мұнда бесжылдықтың үш жылында өндіріске 17 мыңға жуық кадр даярланған. Кәсіби-техникалық училищелер ауыл шаруашылығы мен су шаруашылығына бес мыңнан аса жұмысшы даярлап берді. Облыстың кәсіби-техникалық оқу жүйесінен соңғы үш жыл ішінде құрылыс орындарына 5 175 жас жұмысшы келді. Облыстың училищелерінде оқу базалары біршама тәуір. Бұларда 168 трактор, 59 комбайн, 800-ден астам әртүрлі ауыл шаруашылық машиналары, 140 металл өңдейтін станок, 52 ағаш өңдейтін станок және басқа техника мен жабдықтар бар.

Заводтарды, фабрикаларды, құрылыс ұйымдарын, колхоздар мен совхоздарды жас жұмысшылармен толықтыруда Шымкент облысының кәсіби-техникалық қызметкерлері де жемісті еңбек етіп келеді. Облыста 72 мамандық беретін 25 кәсіби-техникалық училище жұмыс істейді. Қазір бұларда 13 мыңдай жас жігіт пен қыз мамандық алуға әзірленуде. Мұның өзі 1965 жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп. Облыста өткен жылы оқушылар қабылдау жоспары 102,4 процент орындалды.

Соңғы жылдары республиканың кәсіби-техникалық білім жүйесінде оқу сапасын жақсартуға баса назар аударылды. Осы мақсатпен бір жылдық оқу мерзімі арқылы жұмысшылар даярлау едәуір қысқартылды, ал ауыл шаруашылығы үшін алты айлық мерзіммен механизаторлар даярлауға тыйым салынды. Әрине, жұмысшы кадрларды даярлау сапасын жақсартуда оқу процесін үздіксіз жетілдіре берудің маңызы ерекше. Республикамыздың бірсыпыра училищелерінде оқу ғылымның және техниканың соңғы жетістіктерімен байланыстырыла жүргізіледі. Өндірістік оқу үстінде нәтижелі өнім беруге дағдыландыратын кәсіби-техникалық училищелердің саны жылма-жыл көбейіп келеді. Мәселен, ең шебер маман жұмысшының тәжірибесін үйрене отырып, училище шәкірттері өздерінің шеберханалары мен лабораторияларында жыл сайын 1 мыңға жуық металл өңдейтін түрлі станоктарды жасап жүр. Сондай-

ақ олар кластарға, кеңселерге қажетті мебельдер шығарады, слесарьлық құрал-саймандар жасайды.

Кәсіби-техникалық оқу орындарының базалық кәсіпорындармен бірлесіп жұмыс істеуін құптау керек. Қарағандының № 15 кәсіби-техникалық училищесі мен осы оқу орнының базасы болып саналатын жаңа Қарағанды машина жасау зауытында көптеген игі істер бар. Мұнда зауыттың көмегімен училищеде токарлық, фрезерлік және слесарьлық шеберханалар, құю цехтары ұйымдастырылған, оқу кабинеттері жабдықталған. Мұндай база шәкірттің күрделі өнім дайындап үйренуіне пайдалы. Осы училище дайындаған «I-A-616» токарь станогі 1968 жылы Москва қаласында өткізілген кәсіби-техникалық училищелер оқушылары техникалық творчествосының Бүкіл одақтық көрмесінде ең жоғары баға алды. Училище жыл сайын 300-ден астам жұмысшы-металист даярлап беріп отырады.

Әйтсе де, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысында атап көрсетілгеніндей, кәсіби-техникалық оқу орындарында маман жұмысшылар даярлау дәрежесі социалистік өндірістің өскелең талабынан қалып қойғанын мойындамасқа болмайды. Республиканың бірсыпыра оқу орындарында оқу процесі нашар ұйымдастырылып келеді. Оқу жоспарлары мен программалары орындалмайды.

Мәселен, кейбір құрылыс училищелеріндегі оқу жайын алып қарайық, Республикамыздың № 12, 46, 73, 143 құрылыс училищелерінде емтихан тапсыра алмай, аттестатсыз бітіріп шыққан 40 адам өз мамандығы бойынша құрылыс объектілерінде жұмыс істей алмады. Құрылыс училищелерінің оқу-материалдық базасы да маз емес. Осындай кемшіліктер селолық кәсіби-техникалық білім беру училищелерінде де кездеседі. Целиноград облысында астық шаруашылығы басым екені мәлім. Ал мұнда механизатор кадрларын даярлау егіншіліктің ғылыми негізделген жүйесіне сәйкес жүргізілмейді. Солтүстік Қазақстанның топырақ-климат жағдайлары да өзгеше. Алайда осыған лайық жаңа техника облыс училищелерінің базаларынан табылмайды. Бірсыпыра училищелерде оқу полигондары жоқ, қажетті лабораториялар мен шеберханалар тапшы. Міне осының кесірінен оқушылар трактор, комбайн жүргізуде жақсы тәжірибе ала алмай жүр.

Механизатор кадрлар даярлауда оқу-тәжірибе шаруашылығының маңызы зор. Қазір республиканың селолық кәсіби-техникалық училищелерінде 85 мың гектар егістік жер бар. Бұларда жыл сайын 25—30 мың оқушы тәжірибеден өтеді. Осыған қарамастан селолық кәсіби-техникалық училищелердегі оқу сапасы ауыл шаруашылығы өндірісінің қазіргі талабына толық сай емес. Осы күнге дейін 23 училищеде оқу-тәжірибе шаруашылығы жоқ. Мұндай кемшіліктер әсіресе Көкшетау, Орал, Қызылорда, Талдықорған облыстарында орын алып отыр.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Кәсіби-техникалық білім беру жүйесі оқу орындарында маман жұмысшылар даярлауды онан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысы кәсіби-техникалық училищелерде оқу-тәрбие жұмысын бұдан былай да жақсарту түсу, олардың материалдық базасын нығайту міндеттерін белгілеп берді. Осыған орай оқу орындарының және облыстық басқармалардың басшылары өнеркәсіп базаларымен бірлесе отырып, теориялық және өндірістік оқудың дәрежесін арттыруға, кәсіби даярлықты саяси біліммен шебер ұштастыруға міндетті. Мұнда еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруға, өндіріс экономикасы мен жаңашылдардың тәжірибесіне ерекше назар аударып, оқу процесінде қазіргі заманғы озық техниканы кенінен қолдануды, шеберханалар мен тәжірибе шаруашылықтарының қызметін барынша жақсартуды ойластырған мақұл.

Қазір өнеркәсіптің, транспорттың және ауыл шаруашылығының, сол сияқты халық шаруашылығының басқа да салаларының шапшаң қарқынмен дамуы жастар қатарынан жұмысшы кадрларын даярлауда

кәсіби-техникалық училищелердің ролін бұрынғыдан әлдеқайда жоғары көтерді. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысына сәйкес кәсіби-техникалық білім беру жүйесінде жұмысшы кадрларын даярлау 1969 жылы бұрынғыдан едәуір артқалы отыр. Ал бұл міндетті ойдағыдай орындау кәсіби-техникалық оқу орындарынан жан-жақты ұйымдастыру жұмысын талап етеді. Рас, бір кезде біз өндіріске баратын жастардың аз ғана бөлігін қамтып келдік, сондықтан халық шаруашылығын кадрлармен қамтамасыз етуге онша көп үлес қоса да алмадық.

Ал қазір жағдай түбірімен өзгерді. Партия мен үкімет халық шаруашылығын жұмысшы кадрлармен толықтыруда кәсіби-техникалық білім беру жүйесіне үлкен міндет жүктеді. Бұған мынадай мысал келтірсек жеткілікті. 1969 жылы еліміздің кәсіби-техникалық училищелері 1 миллион 700 мың адам қабылдауға тиіс. Осыдан біздің республика 112 мың оқушы қабылдайды. Қазақстанның кәсіби-техникалық училищелері өткен жарты жылдықта 25 мың адам алуы керек еді. Үстіміздегі жылдың 1 мамына дейін 10 316 адам ғана қабылданды. Мұның өзі жер-жерде ұйымдастыру жұмысының қанағаттанғысыз жүргізілгеніне дәлел. Көптеген кәсіби-техникалық оқу орындарының жастарды жұмысқа орналастыру жөніндегі комиссиялармен, еңбек ресурстары жөніндегі комитетпен, жергілікті органдармен, колхоздармен, совхоздармен байланысы қанағаттанғысыз.

Училищелерге оқушылар қабылдаудың алдында ғана үгіт жүргізудің ойдағыдай нәтиже бермейтініне көзіміз жетті. Облыстық кәсіби-техникалық білім беру басқармалары, оқу-методикалық кабинеттер, училищелер жыл бойы халық ағарту органдарымен, жалпы білім беретін мектептермен, оқушылардың өздерімен және олардың ата-аналарымен тығыз байланыс жасағанда, жастардың мамандық алуына дұрыс бағыт, ақыл-кеңес беріп отырғанда ғана бұл істе табыстарға жетуге болады.

Училищелерге оқушылар қабылдауды орындаудың тағы бір маңызды шарты — кәсіби-техникалық училищелердің оқу-материалдық базасын нығайту. Соңғы жылдары училищелердің құрылысына едәуір қаржы бөлінді. Алайда бұл қаржы ойдағыдай игерілмей келеді. Бесжылдықтың үш жылында бұл салаға бөлінген 78,3 миллион сом қаржының тек 49,5 миллион сомы ғана игерілді. Соның салдарынан 20 оқу орны немесе 12 мың оқушы орны іске қосылмай қалды. Істің жайы биыл да мәз емес. Күні бүгінге дейін 1 миллион 400 мың сом қаржы ғана игерілді. Бұл жылдық жоспардың 12 проценті. Осыған орай кәсіби-техникалық білім беру органдары, жергілікті партия, совет ұйымдары училищелер құрылысына бақылауды күшейтуге міндетті. Егер біз күрделі құрылыстағы бұл кемшіліктерді бүтіндей жоймасак, онда КПСС XXIII съезінің кәсіби-техникалық білім беру жүйесінде жұмысшы кадрларын даярлауды ұлғайту жөніндегі шараларын орындай алмауымыз мүмкін.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі қазіргі уақытта кәсіби-техникалық білім беру жүйесінде жұмысшы кадрларын даярлауды ұлғайтып қана қоймай, сонымен бірге оның сапасын жақсарту міндетін алға тартып отыр. Осы арада А. С. Макаренконың мына бір сөзі еске түседі. Ол білімсіз, саяси және қоғамдық тәрбиесіз істелген еңбек жеке-дара процесс қана болып қалады деген еді. Техникалық прогресс өндірістік мамандыққа талапты шұғыл арттыратыны анық. Сондықтан қазір осы талап тұрғысынан мамандықты меңгеру үшін сегіз жылдық білім тапшылық жасайды. Қазір жұмысшыға кәсіби мамандықпен бірге жалпы орта білім қажет. Өндірісті басқаруға бейсене қатысу үшін бүгінгі жұмысшының мәдени дәрежесі жоғары болуы керек екенін өмірдің өзі талап етуде. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің биылғы қаулысында қазір жұмысшыға орта білім берудің міндеті екені баса айтылған.



Мәселен, қаулыда коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, халық шаруашылығына ғылым мен техника жетістіктерін енгізу жағдайында жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесіне жоғары талаптар қойылатыны атап көрсетілген. Сондықтан орта білім алу — анағұрлым күрделі мамандықтар бойынша маман жұмысшылар даярлау үшін қажетті шарт. Осыған орай кәсіби-техникалық оқу орындарын бірте-бірте оқу мерзімі 3—4 жылдық кәсіби-техникалық училищелерге айналдыру мақсаты көзделіп отыр.

Республикамызда орта білімді маман жұмысшылар даярлау жөнінде жинақталған бірсыпыра тәжірибе бар. Одақ бойынша орта білім беретін кәсіби-техникалық училищелер 156 болса, оның 11-і біздің республикамызда. Кәсіби-техникалық білімді жалпы орта біліммен ұштастырудың жақсы нәтиже беретінін өмірдің өзі көрсетті. Мұндай училищелерді бітіріп шыққандардың мамандығы, ой-өрісі, саяси әзірлігі, жалпы білімі әлдеқайда жоғары. Бірақ кәсіби-техникалық білімді жалпы орта біліммен ұштастыру үшін училищелерде қажетті материалдық база, маман кадрлар, оқытушылар болуы шарт. Сондықтан бұл жаңа жүйеге бірте-бірте, тиісінше жағдай жасай отырып көшкен дұрыс. Ол үшін қазірден бастап жаңа программаға көшетін училищелердің оқу-материалдық базасын нығайтып, оларды маман оқытушы кадрлармен қамтамасыз етуге тиіспіз.

Бүгінгі жұмысшы өндірістік тапсырманы асыра орындаумен қанағаттанып қалмай, өзінің социалистік қоғамдағы жетекшілігін жете ұғынуға тиіс. Бұл тұрғыдан болашақ маман жұмысшылар даярлайтын кәсіби-техникалық училищелердің оқытушылар коллективіне үлкен міндет жүктеледі. Оқытушылар — шәкірттер арасында оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда басты тұлға. Білім беру мен тәрбие жұмысының барлығы оқушының маркстік-лениндік дүние танымын қалыптастыруға, еңбекке коммунистік көзқарас жасауға бағындырылуы керек.

Алдымызда В. И. Лениннің туғанына 100 жыл және республикамыздың құрылғанына 50 жыл толатын торқалы тойлары тұр. Бүкіл совет халқымен бірге біздің кәсіби-техникалық білім беру жүйесі қызметкерлері де бұл данқты мерекелерге өздерінің лайықты тартуларын әзірлеуде. Қазір республиканың училищелерінде лениндік музейлер, лениндік университеттер жұмыс істеуде, училище шәкірттері өз өлкелерінің революциялық дәстүрлерін үйренуде, революция, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер ұйымдастыруда.

Таяуда Алматыда кәсіби-техникалық білім беру жүйесі қызметкерлерінің КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Кәсіби-техникалық білім беру жүйесі оқу орындарында маман жұмысшылар даярлауды онан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысын орындау жайына арналған республикалық кеңесі болып өтті. Бұл кеңеске кәсіби-техникалық білім беру жүйесіндегі қызметкерлермен бірге республикалық министрліктердің, ведомстволар мен құрылыс ұйымдарының басшы қызметкерлері қатысты.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің тамаша қамқорлығы бізді зор шабытқа бөлейді. Жергілікті партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, министрліктердің күнделікті көмегіне сүйене отырып, кәсіби-техникалық білім беру органдары халық шаруашылығының барлық саласына маман кадрлар даярлауда және жұмысшы табының жас өкілдерін тәрбиелеуде жаңа табыстарға жететіні даусыз.

**С. ЕРЕНОВ,**  
Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіби-техникалық  
білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті  
председателінің бірінші орынбасары.

## ШТАТТАН ТЫС ПАРТИЯ КОМИССИЯСЫ — ҰЙЫМ ТІРЕГІ

Көсеміміз В. И. Лениннің іске коллективтік басшылықты жетілдіре беру жөніндегі өсиетін жүзеге асыра отырып, партия ұйымдары соңғы жылдары қоғамдық негізде жұмыс істейтін бөлімдер мен комиссиялар құруға көбірек көңіл бөлуде. Бұл ретте партияның Программасында да коммунистердің белсенділігін күшейтіп, қоғам жұмыстарына кеңінен қатыстыру арқылы партияның ақылы қызметкерлерін қысқарту атап көрсетілген болатын. Әрине, коммунистердің белсенділігін көтеру үшін партияның ішкі демократиясын жетілдіріп, КПСС мүшелерінің өз ісіне, бүкіл ұйым жұмысына жауапкершілігін күшейту қажет.

Коммунистерді қоғамдық негізде партия жұмысына тартудың формалары алуан түрлі, олардың бірсыпырасы партия комитеттерінің жанынан ұйымдастырылған штаттан тыс бөлімдерде істесе, енді біркатары партия жұмысының белгілі бір саласымен айналысатын комиссияларға қатысады.

КПСС Орталық Комитетінің 1962 жылғы 11 январьдағы қаулысына орай барлық аудандық және қалалық партия комитеттерінің жанынан партия қатарына қабылданатындар мен коммунистердің жеке ісі жөніндегі мәселелерді қарайтын арнаулы комиссиялар құрылды. Партия мүшелерінің қоғамдық негізде белсене араласар жұмыс саласының бірі осы болып отыр.

Бұл комиссиялардың республикамызда тұрақты жұмыс істей бастағанына сегіз жыл болды. Осы уақыт ішінде олар едәуір тәжірибе жинады. Әсіресе, комиссиялар коммунистердің жеке істерін карауда, партияға адам қабылдау мәселесінде, сондай-ақ КПСС мүшелерін партияның лениндік нормаларын орындауға тәрбиелеуде, КПСС Уставының талаптарын жүзеге асыруда аудандық, қалалық партия ұйымдарына елеулі көмек көрсетіп келеді.

Әсіресе КПСС XXIII съезінен кейін штаттан тыс партия комиссияларының ролі бұрынғыдан да арта түсті. Олар Устав талаптарын жүзеге асыруда партия комитеттерінің нағыз көмекшісі, сүйенер тірегі болып алды.

Қарағанды облысындағы Балқаш қалалық партия комитетінің штаттан тыс партия комиссиясының (председателі Ф. Воликова жолдас) құрамында 11 адам бар. Олардың жетеуі өнеркәсіп орындарында істейді де, төртеуі — пенсионер. Бұлардың бәрі партия жұмысын жақсы білетін тәжірибелі коммунистер.

Комиссия жұмысы жүйелі жүргізіледі. Коммунистің жеке ісін немесе партияға кіретін адамның бастауыш ұйымнан келіп түскен ісін қалалық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінен алған соң комиссия председателі оны комиссия мүшелеріне бөліп береді. Комиссия мүшесі ең алдымен істі мұқият қарап шығады, ол КПСС-Уставының талаптарына сай келе ме, соны тексереді. Егер белгілі бір документтер

жетіспей жатса, істі толықтыруға көмектеседі, қажет болса, жергілікті жерлерге барып тексереді, коммунистермен әңгімелеседі, партиялық жазаға тартылған адамның өзімен сөйлеседі, жай-жағдайды әбден анықтап алған соң барып қана ол комиссия мәжілісінде өз ұсынысын ортаға салады.

Штаттан тыс комиссияның мәжілісі қай күні, қай уақытта болатыны алдын ала белгіленіп қойылады. Коммунистің жеке ісі мұқият зерттеледі, партия мүшесінің нендей себептен, қандай жағдайда қателікке ұрынғаны анықталады.

Комиссия мүшелері партия ұйымына коммунистерді тәрбиелеу ісіндегі кемшіліктерді жоюға да көмектеседі. Осы мақсатта партия комиссиясының председателі Ф. Воликова мен комиссия мүшелері партия ұйымындағы тәртіптің жай-жағдайы жөніндегі мәселелерді қалалық комитеттің бюросына әзірлеуге белсене араласады. Мәселен, жақында қалалық комитет Балқаш кен-металлургия комбинаты партия комитетінің жас коммунистер арасындағы тәрбие жұмысын талқылады. Бұл мәселені әзірлеуге партия комиссиясы қызу ат салысты. Ал қаладағы бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарында КПСС Уставының талаптарын коммунистердің орындауы жөнінде комиссия председателі баяндама жасады.

Комиссия уставтық талаптардан ауытқулардың бәрін үнемі түзетіп отырады. Мұның өзі істегі кемшіліктерді жоюға көмектесуде. Оған өткен жылдың кейбір жұмысы дәлел. Айталық, белгіленген мерзімінен кешіктіріліп қаралған істер былтырғыдан биыл үш есе кеміп отыр. Партия уставының басқа талаптары да қатаң сақтала бастады. Бірқатар партия ұйымдарында коммунистер арасында тәртіпті бұзушылар да азайды. Комиссия жұмысына басшылық жақсара түсті. Қалалық комитеттің секретарьлары комиссия жұмысына көбірек көңіл бөліп, олардың мәжілістеріне үнемі қатысып, бағыт-бағдар сілтеп отыратын болды.

Талдықорған аудандық партия комитетінің Н. И. Горбатов жолдас басқаратын штаттан тыс комиссиясы да аудандық комитеттің нағыз тірегі болып отыр. Бастауыш ұйымдар арасында оның беделі күшті. Өйткені комиссия партия қатарына адам алу, коммунистің жеке ісін қарау мәселесінде оларға күнбе-күн көмектесіп келеді. Өткен жылы комиссия барлық жеке істердің бастауыш партия ұйымдарында және олардың көпшілігінің КПСС Уставы белгілеген мерзім ішінде қаралуын қамтамасыз етті. Комиссия партия ұйымдарының басты міндеті өз қатарының тазалығын сақтау екенін жақсы түсінеді. Сондықтан да ол КПСС мүшесі деген ардақты атаққа кір келтіргендердің ісін қарағанда солқылдақтыққа, көңілшектікке жол берілмеуіне, мәселенің әділ шешілуіне ерекше зер салады.

Мәселен, Киров атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымы еңбек тәртібін бұзып, жұмысқа шықпағаны үшін Н. деген кісіні КПСС мүшелігінен шығарыпты. Комиссия істі қолға алып қарағанда, кейбір жәйттер үстірт зерттелгенін аңғарды. Бұл іс қайта тексерілді. Шындығында Н. кінәсіз нақаттан жазаланған болып шықты. Ол өзі шошқа өсіруші, озат, колхозшылар арасында үлкен беделі бар, бұрын бірнеше рет аудандық партия комитетіне мүшелікке сайланған адам екен. Істің мән-жайын толық анықтаған соң комиссия бастауыш партия ұйымының шешімін негізсіз деп тауып, оны бекітпеу жөнінде аудандық партия комитетінің бюросына ұсыныс жасады. Бюро бұл пікірді қолдады.

Комиссия партия қатарына адам қабылдаумен және коммунистердің жеке ісін қараумен ғана шектелмейді. Ол партия ұйымдарының КПСС Уставы белгілеген талаптарды орындауы жөніндегі мәселелерді бюроға әзірлеуге аудандық комитетке үнемі көмектесіп келеді. Сондай-ақ комиссия мүшелері аудандық комитеттің тапсыруымен еңбекшілерден түскен шағымдарды тексереді, партиялық жазаның тәрбиелік мәнін

көтеру жолында жүйелі жұмыстар жүргізеді. Әсіресе бастауыш партия ұйымдарын әрбір коммунистің тағдырына асқан жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Партия ұйымы жазаланған коммунистің өз қатесін түсініп, оны жөндеуіне жәрдемдесіп отыруға тиіс. Комиссия ұйымның бұл міндетін әсте ұмытпауын үнемі ескертіп отырады. Жасаған қатеден өмірлік сабақ алған болса, оның жазасын алып тастау жөніндегі мәселені кешеуілдетпей жиналыста қарауды ұйымдастырады. Міне комиссияның осылайша жүйелі жұмыс жүргізуі нәтижесінде ауданда өткен жылы коммунистердің жеке ісін қарау мәселесі дұрыс жолға қойылды, партиялық жазаның тәрбиелік мәні көтерілді. Сонымен қатар былтыр кезінде жазаланған, кейін онан тиісті қорытынды шығарған ондаған коммунистердің ісі қаралып, олардың партиялық жазасы алынып тасталды. Мұның өзі партия тәртібін нығайта түсуге, коммунистердің белсенділігін күшейтуге көмектесті. Кейінгі кезде аудандық комитет партиялық жазадан гөрі тәрбиелік шараларды көбірек қолдануда. Партиялық тәртіптің нығаюы ауданның экономикасын көтеріп, 1968 жылы мемлекетке астық және қант қызылшасын сату жоспарын орындап шығуына ықпал етті.

Алматы облысы, Жамбыл ауданының штаттан тыс комиссиясы да (председателі И. С. Афонин жолдас) өз міндетін ойдағыдай атқарып, бастауыш партия ұйымдары мен аудандық комитетке елеулі көмек көрсетіп келеді. 1968 жылы аудандық партия комитетіне келіп түскен 35 жеке істің 33-і комиссияның көмегі арқасында Уставта көрсетілген мерзім ішінде қаралды. Ал 15 жеке істі комиссия мүшелері қайта зерттеп барып бюроға ұсынды. Сондай-ақ штаттан тыс комиссия мүшелері партия қатарын өсіру ісімен де дәйекті шұғылданады. Әсіресе партия қатарына өндіріс озаттарын қабылдауға айрықша көңіл бөледі. Соның нәтижесінде былтыр 1967 жылмен салыстырғанда партия қатарына алынған жұмысшылар саны 10,5 процент артық болды.

Комиссия мүшелері партия қатарына өтуге арыз берген әрбір адаммен жеке-жеке әңгімелесіп, оның тұрмыс жағдайын, өндіріске қатысуын, білім дәрежесін біліп отырады. Бірде «Ұзынағаш» совхозының партия ұйымы КПСС мүшелігіне кандидаттыққа С. П. деген біреуді қабылдапты. Комиссия әңгімелескенде оның бұрын жарамсыз қылығы үшін кандидаттықтан шығарылғанын жасырғандығын анықтады. Комиссия бастауыш ұйымның бұл қатесін түзетті. Кейін бұл жәйт аудан бастауыш партия ұйымдары секретарьларының бас қосқан семинарында сөз болды.

Әдетте инициатива бар жерде іс те жемісті болмақ. Мұны көптеген штаттан тыс комиссиялардың жұмыс тәжірибесінен де көруге болады. Олар жоғарғы орындардан нұсқау күтіп отырмайды. Партия ұйымдарының Устав талаптарын орындауын қадағалап, керек жерінде нақты көмек көрсетіп отырады. Сөйтіп ауданның партия ұйымдарында партиялық тәртіпті нығайтуға септігін тигізеді.

Мысалға Гурьев қалалық партия комитетінің штаттан тыс комиссиясын алайық. Ет комбинатының партия ұйымы Б. деген біреудің жеке ісін қарапты. Бірақ ешқандай партиялық жаза қолданбаған. Оған тағылған кінә де жоққа шығарылмаған. Неге бұлай? Комиссия бұл істі қайта зерттеді. Тексеру нәтижесінде комбинат жұмысындағы көптеген кемшіліктер ашылды. Бастауыш партия ұйымының Б.-нің жеке ісін қарауда ымырашылдыққа, көңіл жықпастыққа жол бергені анықталды. Комиссия бұл мәселені қалалық партия комитетінің бюросында қарауға ұсынды. Бюро Б.-ні партия қатарынан аластап, бастауыш ұйымның қатесін түзетті.

Шығыс Қазақстан облысындағы Глубокое аудандық партия комитетінің штаттан тыс комиссиясының мүшесі В. Н. Косьянчук жолдас автобаза бастауыш партия ұйымында коммунистердің жеке ісін қараудың жәй-жағдайымен танысқан соң коммунистердің Уставта белгілен-

ген міндеттерді орындауы жөнінде аудандық комитетте арнаулы мәселе қарауды ұсынды. Аудандық комитет бұл ұсынысты қолдады, бюрода автобаза бастауыш партия ұйымының есебін тыңдады, ұйым коммунистері арасындағы партия тәртібін нығайтуға бағытталған нақтылы шаралар белгіледі. Осы партия комиссиясының ұсынысы бойынша аудандық комитеттің бюросында «Коммунистің жеке ісін қарауда және партия қатарына адам қабылдауда КПСС Уставының талаптарын дұрыс сақтау жөнінде» «Фрунзенский» совхозы мен Куйбышев атындағы колхоз бастауыш партия ұйымдарының есептері тыңдалды. Бюро бұл саладағы кемшіліктерді ашып берді, әсіресе жас коммунистер арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсарту қажеттігін атап көрсетті.

Әрине, штаттан тыс комиссиялардың жемісті жұмыс істеуі аудандық, қалалық партия комитеттері тарапынан жасалған басшылыққа тікелей байланысты. Комиссияларды құру жөніндегі КПСС Орталық Комитетінің қаулысында олардың құрамын бюрода бекіту, комиссияның мәжілісіне қалалық, аудандық комитет секретарьларының бірі үнемі қатысып отыруы керектігі жайлы атап көрсетілген болатын. Мұның өзі комиссия жұмысына партия комитеттерінің жауапты екенін аңғартса керек.

Алайда бұл сияқты тәуір істер көптеген аудандық, қалалық партия комитеттерінің штаттан тыс комиссияларының жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін жоққа шығара алмайды. Бірсыпыра комиссиялар қағаз жүзінде құрылса да, іс жүзінде жөнді ешнәрсе тындыра алмай келеді. Өз міндеттеріне жауапсыз қарайтындары да аз емес. Оқта-текте бір бас қосып, аудандық немесе қалалық комитеттің ұйымдастыру бөлімі ұсынған бірді-екілі істі ғана атүсті қарап, өз міндеттерін осымен біттіге санайтын комиссиялар да бар. Мәселен, Талдықорған қалалық партия комитетінің штаттан тыс комиссиясының жұмысы осы дәрежеден асып көрген емес.

Әрине, бұл дұрыс емес. Партия комиссияларын құрудағы мақсат — қоғамдық негіздегі бөлім жұмысына коммунистердің белгілі бір бөлегін қатыстыру арқылы аудандық, қалалық партия комитеттерінің қызметкерлерін бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсартуға, алда тұрған айбынды міндеттерді орындауда олардың ұйымдастырушылық, жетекшілік ролін көтере түсуге пайдалану болатын. Ендеше партия комиссиялары әзір істі қараумен ғана шектелмеуге тиіс. Қайта олар қаралатын істерді әзірлеуге өздері белсене араласуға міндетті.

Кейбір штаттан тыс комиссиялар бастауыш партия ұйымдарын өндірістік, территориялық ерекшеліктеріне қарай топ-топқа бөліп, оларға өздерінің мүшелерін бекітіп қояды. Бұл да орынды. Өйткені әрбір комиссия мүшесі өзіне бөлінген бастауыш партия ұйымдарынан келіп түскен істерді ғана зерттеп, соларды мәжіліске әзірлеп қоймайды, сонымен бірге сол бастауыш ұйымдардағы саяси-тәрбие жұмыстарына да араласады, коммунистерді КПСС Уставының талаптарын қатаң сақтауға тәрбиелеуге көмектеседі. Ал комиссия жұмысының ең маңызды саласы да осы — коммунистерді партия тұрмысының леңіндік нормаларын бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу. Өз міндеттерін осылай түсінген комиссия мүшелері бастауыш партия ұйымдарында жиі болып тұрады, коммунистермен КПСС Уставы жайлы үнемі әңгімелер өткізіп отырады. Сондай-ақ олар партиялық тәртіпті бұзған коммунистерді партия жиналыстарында дер кезінде талқылап, тиісті әділ шара қолданып отыруын қадағалайды. Бұлай ету арқылы олар сол ұйымдағы коммунистер арасындағы тәртіпті нығайтуға, нағыз партиялық принциптік күшеюіне көмектеседі.

Шынын айту керек, бірсыпыра ұйымдарда коммунистердің жарамсыз қылықтары кейде елеусіз қалады, уақтылы көпшілік талқысына

салынбайды, кейін ол мәселе ескіріп кетеді де, қанша талқыланғанмен дер кезіндегідей әсері, тәрбиелік мәні болмайды.

Реті келгенде мына жәйтті де штаттан тыс комиссияларға ескерте кеткен артық болмайтын сияқты. Ең алдымен коммунистің жеке ісін қарағанда Устав талаптарының қатаң сақталуын қадағалау керек. КПСС Уставында коммунисті партиядан шығаруды бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысы шешетіндігі, ал шешім тек аудандық немесе қалалық комитет бекіткенде ғана күшіне енетіні атап көрсетілген.

Рас, өткен жылы бұл ретте едәуір жұмыстар жүргізілді. Көптеген аудандық, қалалық партия комитеттері коммунистердің жеке ісін бастауыш ұйымнан тыс шешуге тиым салды. Бұл қуанарлық жәйт. Әйтсе де Устав талаптарын бұзушылар да табылады. Әрине, аса қажет жағдайда, істің өзі солай жасауды талап етіп тұрған кезде коммунистің жеке ісін бастауыш ұйым талқысына салмай-ақ аудандық, қалалық комитетте қарауға болады. Солай еткеннің өзінде де қабылданған шешімді әлгі коммунист есепте тұрған бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысында талқылау керек.

Уставта коммунистің жеке ісі, сондай-ақ оның бұл жөніндегі шағымы бір ай мерзім ішінде қаралуы керек делінген. Бұл мерзімнің бұзылмауын қадағалау да комиссияның борышы.

Өзінің қызметі немесе жеке басының ісі жөнінде мәселе қаралған кезде жиналысқа, партия комитетінің мәжілісіне сол коммунистің өзі міндетті түрде қатысуға тиіс. Партия комиссиясы коммунистің жеке ісін сырттай қарауға жол бермеуі керек. Әрине, кейде бұл ережеден ауытқуға да тура келеді. Мәселен, бастауыш ұйым жиналысының қаулысы бойынша партия қатарынан шығарылған кісі аудандық немесе қалалық комитет ісін қарағанша басқа жаққа көшіп кетіп қалды делік, онда аудандық немесе қалалық партия комитеті оған жеке ісінің қай күні қаралатынын хабарлап шақыру жібереді. Қелуден бас тартқан жағдайда ғана ол адамның жеке ісін сырттай-ақ қарай беруге болады.

Егер біреуді жарамсыз қылығы үшін партиядан шығарған кезде жиналысқа қатысқан коммунистердің үштен екісі дауыс беретін болса, онда жиналыстың шешімі заңды деп саналады. КПСС Уставында дәл осылай деп көрсетілген. Жеке істі қараған кезде партия комиссиясы бұған да баса назар аударуға тиіс.

Штаттан тыс партия комиссиясы бастауыш ұйым жиналысының қаулысының дұрыс жазылуына да көңіл бөлуге міндетті. Өйткені кейде коммунисті партия қатарынан шығарылсын деудің орнына КПСС қатарынан шығып қалды деп саналсын, деп жазады. Бұл формальды жәйт емес. Уставтан келіп шығатын принциптік талап. Оны қатаң сақтау керек. Осы ретте мынаны да ескерте кеткен жөн. КПСС Уставының 8-тармағына сәйкес коммунист ешқандай себепсіз үш ай бойы мүшелік жарнасын төлемесе, партия жиналыстарына қатыспаса, ешқандай партиялық тапсырма орындамаса, бастауыш ұйыммен байланысын үзген болса, онда ол коммунист партия қатарынан өзінен өзі шығып қалған болып саналады. Ал егер ол әлгі айтылғандардан тыс тағы да КПСС мүшесі деген құрметті атаққа кір келтіретін жарамсыз қылықтар жасаса, онда КПСС Уставының тоғызыншы тармағына орай партия ұйымы оның жеке ісін қарап, партия қатарынан шығарады. Сондықтан партия қатарынан шығып қалған мен шығарылғанның арасын ашып алу керек. Комиссия бұл жағына да баса назар аударуға тиіс.

Штаттан тыс партия комиссиялары атқарар іс ауқымы кең. Міндет — олардың жұмыс әдісін барынша жетілдіріп, партия ұйымдарының нағыз көмекшісіне, сүйенер тірегіне айналдыру.

**Н. ХИСМАТУЛИН,**

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің  
партия комиссиясының мүшесі.

# БҰҚАРАНЫҢ ОЙ-ПІКІРІН БІЛІП ОТЫРУ КЕРЕК

Р. ЕГІЗБАЕВ,

*Жәнібек аудандық партия комитетінің бірінші секретары*

Коммунистік партия мен совет халқы үнемі бірлікте, өйткені партияның да, халықтың да көздейтін максаты — елімізде коммунистік қоғам орнату, осы жолда ынтымақтаса творчестволық еңбек ету. Әрине, партия халықтың алдыңғы қатарлы өкілдерінен құралған авангард болғандықтан, ол — коммунизм орнату ісінде еңбекшілерге ұстаз, саяси басшы әрі ұйымдастырушы, ал қалың бұқара — оның қолдаушысы, сүйенер тірегі. Сондықтан еліміздегі елеулі табыс партияның дана басшылығының нәтижесі десек, партияның күші еңбекші халықпен үнемі тығыз байланыста болуында, соның мүддесі үшін күресуінде дейміз.

КПСС XXIII съезі мен Орталық Комитет Пленумдары коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңдегі аса күрделі міндеттерін белгілеп берді. Оларды жүзеге асыру партия ұйымдарының іскерлігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне, бұқара арасындағы саяси-тәрбие жұмысының дәрежесіне байланысты. Еңбекшілер арасындағы ұйымдастыру ісі жүйелі де тиімді жүргізілсе, жұмыс та жемісті болмақ. Сондықтан қалың бұқара алда тұрған айбынды міндеттерді айқын түсініп, өмірде болып жатқан елеулі оқиғалар мен өзгерістердің бәрін біліп отыруы керек.

Сондай-ақ келелі міндеттерді ойдағыдай орындау үшін қалың бұқараның ой-пікірін де біліп отырған жөн. Мұның өзі, — әділін айтсақ, өмірді зерттеу, өндіріс жағдайын білу, көпшіліктің пікіріне сүйене отырып, іске ғылыми негізде басшылық ету деген сөз. Еңбекшілердің пікірін біліп отырудың екінші артықшылығы — жалт еткен жаңалықтан жаза баспаймыз. Оның бержағында «көп ақылы — көл» деген бар. Ендеше көпшіліктен үйренер жәйттер де көп. Бұқарамен үнемі ақылдасып, олардың пікіріне құлақ қойып отыру басқару ісіндегі ағаттықтар мен қателіктерден сақтандырады. Сондықтан партия ұйымдары бұқарамен байланысты үздіксіз жақсарту беруге тиіс.

Кезінде бұл мәселеге ұлы көсеміміз Ленин ерекше мән берді. Ол халықпен әркез қалтқысыз, ашық сөйлесіп, онан алдағы қиыншылықтар мен істегі кемшіліктерді жасырмай, онымен үнемі кеңесіп, ақылдасып отыру керек деген болатын. Біздің аудан партия ұйымы көсеміміздің осы өсиетін басшылыққа ала отырып, проблемалық мәселелерді еңбекшілердің белсене қатысуымен шешуге ұмтылады.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан (1965 ж.) кейін аудан совхоздарының жұмысына терең талдау жасалды. Әсіресе олардың экономикасын өркендету мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Сонда бұрын еленбей келген кейбір жәйттер де анықталды. Атап айтқанда, бірқатар совхоздар егіншілік саласында да, мал шаруашылығында да зиян шегіп келді. Өте-мөте мал шаруашылығының жәй-жағдайы ауыр еді. Мұның негізгі себебі — жемшөптің жеткіліксіз, судың тапшы болуы. Тіпті ауа райы қолайлы болды деген жылдардың өзінде шабындықтың әрбір гектарынан жиналған пішен 1,9 центнерден аспады. Бұл жағдайда қоғамдық малды жемшөппен қамтамасыз ету қиын екені даусыз. Сондықтан жемшөпті молайту мәселесі әркімді-ақ

қатты ойландырды. Аудандық партия комитеті бұл мәселе жөнінде ауыл шаруашылығы мамандары мен шаруашылық басшыларының кеңесін өткізіп, кең пікір алысты. Көптің пікірін саралай келгенде жемшөпке арналған қара бидай егісінің көлемін арттыру керек деген тұжырым жасалды. Әйтсе де ғалымдармен ақылдасуда артық болмас деп ұйғардық та, СССР Ғылым академиясының Докучаев атындағы институтының Жәнібектегі стационарында жұмыс істейтін ғылыми қызметкерлермен кеңестік. Олар аудан территориясындағы топырақ қыртысының негізінен сортаң болып келетінін, оның қара бидай егуге қолайлы екенін айтты. Әйтсе де, іс мұнымен де тынбады. Енді кеңеске коммунистер мен жұмысшылар араласты. Совхоздарда партия ұйымдарының, еңбекшілер коллективтерінің жиналыстары өткізілді. Осыдан кейін барып, көпшіліктің пікірлері мен ұсыныстары жинақталды. Аудандық партия комитеті ауыл шаруашылық мамандарымен бірлесе отырып, жинақталған пікірлер мен ұсыныстарды зерттеп, талдау жасады. Мұнан кейін аудандық комитет пленум өткізді, онда қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау жөнінде 1965—1970 жылдарға арналған шаралар белгіледі.

Соңғы жылдарда сол шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бізде мал азығы үшін егілетін қара бидайдың көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Қуаншылық жылдардың өзінде оның әр гектарынан 5—6 центнерден, ал ауа райы қолайлы жылдарда 10—12 центнерден көкшөп алынуда. Әрі мал азығына арналған қара бидайды егуге қаржы да аз жұмсалады. Оған арнайы өңделген алқап қажет емес, аңызға немесе жазық учаскелерге себіле береді. Ал бұрын жүгері және тары егілген жер онан да жақсы. Кейбір шаруашылықтар 5—6 жыл қатарынан жемшөп үшін қара бидай егілген жерді тынаюға қалдырарда да қылды піскеннен кейін орып, жинап алады да, аңызды тырмалап, дискілеп тастайды. Келесі жылы бұл алқаптан тұқым сеппей-ақ әжептәуір өнім алынады. Демек бұдан шаруашылық қыруар пайда табады.

Әйтсе де қара бидайға қарағанда көпжылдық шөптер егу тиімді, әрі оның мал азығындық сапасы да артық. Осы жағын ескеріп, аудан шаруашылықтары 1970 жылы көпжылдық шөптің көлемін 110—120 мың гектарға жеткізуді көздеп отыр. Қазір «Талов» совхозында 1 500 гектар, Калинин атындағы совхозда 2 400 гектар көпжылдық шөп өнім бере бастады. Қалған колхоздар мен совхоздар да көпжылдық шөп егуді қолға алып жатыр. Мамандардың ұйғарымы бойынша Калинин атындағы совхоз көпжылдық шөп тұқымын өсіретін шаруашылық болуға тиіс. Онда өсірілген көпжылдық екпе шөптердің, әсіресе еркек шөптің тұқымы ауданның барлық колхоздары мен совхоздарына таратылатын болады.

Малшылар қауымын толғандырып жүрген екінші мәселе — су мәселесі. Аудан жерін басып өтетін өзен жоқ, құдық суы шынырау тереңнен шығады. Осының салдарынан да мал бағуға аса қолайлы шөбі шүйгін 500 мың гектар жайылым әлі күнге дейін игерілмей келеді. Қоғамдық мал саны жылдан жылға көбейіп, кең өріс талап етуде. Ал бұл, түптеп келгенде күн тәртібіне су проблемасын қойып отыр.

КПСС Орталық Комитеті май Пленумының шешімдерін колхоздар мен совхоздар талқылаған кезде көптеген мамандар мен байырғы диқандалар біздің аудан жағдайында жер суландыру мәселесін шешудің тиімді жолы көктемгі қар суы жиналатын сай-салалардан тоғандар салу деген пікір айтқан еді. Ол үшін әрбір шаруашылықта өнімсіз пайдаланылып жүрген бірді-екілі жер қазатын машиналарды бір орталыққа жинап, арнаулы отряд құру қажет деген ұсыныс жасалды. Бұл ұсыныстар кейін аудандағы барлық шаруашылық басшыларының бас қосқан жиналысында талқыланып, бір ауыздан қолдау тапты. Ендігісі «Казсельхозтехниканың» аудандық бірлестігі мен аудандық ауыл шаруашылық өндіріс басқармасына тапсырылды.



ҚПСС Орталық Комитетінің май Пленумы шешімдерін жүзеге асыру жөнінде жасалған шараларда 1965—1970 жылдары ауданда 52 бөгет пен тоған салу, 300 шахта құдық қазу, суару жүйесінің көлемін 4—4,5 мың гектар ұлғайту, 10 мың гектар шабындыққа су жіберу көзделді.

Жер суландыру отряды совхоз коллективтерінің көмегі арқасында өткен үш жылда шаруашылықтарда 26 бөгет, 11 тоған салды, 116 шахта құдықты пайдалануға берді. Олардың ішінде Тайыр Жароков атындағы совхоздың Беріш аралы бөгеті 2 553 гектар жерге су шығарады. Мәншүк Мәметова атындағы совхоздың Соқыр қарт бөгетіне 10—12 миллион текше метр су жиналды.

Сондай-ақ аудан совхоздарында өткен жылдары іске қосылған Тәтікен сайы, Бояулы, Үштамақ, Астау, Бегалы сайы, Тарылған, Нысан сайы бөгеттерінің алқабында жүздеген мың гектар шабындықтар мен жайылымдықтар суландырылды. Осы бөгеттер мен соңғы жылдары қазылған құдықтар суландырылған алқаптарда қазір аудан шаруашылықтарының 5 000 ірі қарасы, 40 000 қойы жаз жайлап, қыс қыстайтын болды.

Бұқара ортасынан шыққан жаңа бастама, жарқын істі қолдау — шаруашылықтардың экономикасы мен мәдениетін шұғыл өрге бастырудың сарқылмас бұлағы.

Соңғы жылдарға дейін ауданымызда мал шаруашылығының өнімділігі ойдағыдай болмай келді. Неге бұлай? Қайткенде оны жақсартуға болады? Осындай өзекті мәселелер бізді — аудан басшыларын ғана емес, байырғы малшылар мен мамандарды да толғандырып жүр екен. Оны бас қосып ақылдасқанда білдік. Әсіресе озат малшылардың өмірде сыннан өткен тәжірибелерін кең тарату керектігі баса айтылды. Осыдан кейін аудандық партия комитеті мен өндіріс басқармасы малшылар мен мамандардың күш-жігерін сол озаттар тәжірибесін қолдауға жұмылдырып, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, жұмыс процестерін механикаландыру ісін қолға алды. Соның нәтижесінде бұл салада жаңа бір өрлеу басталды. Оған мына фактінің өзі-ақ дәлел. Егер 1964 жылы әр қойдан орта есеппен 2,6 килограмм жүн қырқылып, аудан бойынша мемлекетке небәрі 6 600 центнер ғана жүн өткізілген болса, өткен жылы мемлекетке сатылған жүннің мөлшері онан 1,5 есе артып, аудан бойынша орта есеппен әр қойдан 3,5 килограмм жүн қырқылды. Тіпті Жароков, Калинин, Мәметова атындағы совхоздарда әр қойдан қырқылған жүн мөлшері 3,7—4,2 килограмм болып отыр. Бұл — бір. Ал енді мал бордақылауды алайық. Мұнда да соны серпін сезіледі. Мәселен, 1964 жылы етке тапсырылған әрбір ірі қараның тірідей орта салмағы 261 килограмм болған еді. Қазір бұл көрсеткіш 316 килограммға көтеріліп отыр. Ал Свердлов, Калинин атындағы, «Талов», «Ұзынкөл» совхоздары етке өткізілген әрбір ірі қараның орташа салмағын 312—375 килограммға жеткізді.

Өткен күзде Калинин атындағы, «Талов» совхоздарының механизаторлары игі бір іске ұйтқы болды. Олар В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу жолындағы жарысқа қосыла отырып, лениндік қорға қаржы жинауға ұйғарды. Оған «Талов» совхозының механизаторлары 5 250 сом, Калинин атындағы совхоздың механизаторлары 7 320 сом үлес қосуды межеледі. Аудандық партия комитетінің бюросы бұл бастаманы мақұлдап, оны басқа коллективтерге ұсынды. Көптің көкейінде жүрген мәселе болса керек, бастаманы жұрт іле қолдап әкетті. Аудан механизаторлары өз мүмкіншіліктерін мұқият есептеп, жанар, жағар майлар мен жөндеу материалдарын ұқыпты жұмсаудың негізінде биыл лениндік қорға 40 мың сом үлес қосуға міндеттенді. Қазір бұл жұмыс қызу жүріп жатыр. Аудан бойынша қорға 6 410 сом қаржы жиналды.

Өрге басқан шаруашылықтың қай саласында болса да қалың бұқараның игі бастамасы мен ізгі ойының ізі бар. Табыс көзі, жетістік сыры соларда. Аудандық комитет, бастауыш партия ұйымдары сол соны серпінді, жаңа лепті дер кезінде қолдап, көпшілік игілігіне айналдыруға, іс жүзіне асыруға ұйтқы болып отыр. Еңбекшілер қауымының белсенділігі мен ой-пікіріне сүйену табысқа жетудің кепілі екенін өткен жылдың қорытындысы тағы да дәлелдеді. Аудан былтыр мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруды 102—111 процент орындаса, Отан қоймасына астықты жоспардағыдан 6,5 есе артық құйды. Астық сатудан бесжылдық жоспарды 186 процент орындағаны үшін аудан және «Талов», «Қайрат», Свердлов, Калинин атындағы совхоздар республиканың құрмет тақтасына жазылды.

Алайда ауданда ауыл шаруашылығын өркендету мәселесі толық шешілді деген пікірден аулақпыз. Бізде коммунистер мен еңбекшілер қауымын қатты толғандырып жүрген, әлі де шешілмей келе жатқан келелі мәселелер аз емес. Әйтсе де ол мәселелерді шешудің де жолдарын іздестірудеміз. Бұл ретте аудан партия ұйымына В. И. Лениннің халықпен ашық та адал сөйлесу, қиыншылықтар мен кемшіліктерді оған жасырмау жөніндегі өсиеті жарық жұлдыздай жол сілтеуде. Әсіресе басты назар аударып отырғанымыз — бастауыш партия ұйымдарының қалың бұқарамен байланысын нығайту, олардың іскерлігі мен жауынгерлік қабілетін арттыру, әрбір коммунистің өндірісте де, өмірде де өзгеге өнеге болуына жету. Осыған орай коммунистер арасында жүргізілген алуан түрлі саяси-тәрбие жұмыстарының нәтижесінде қазір совхоз бастауыш партия ұйымдарының есебінде тұратын коммунистердің 80 проценті өндірістің шешуші учаскелеріне орналастырылды. Олар еңбегімен, қоғам жұмысына белсене араласуымен қалың бұқараға үлгі болуда.

Халық арасында саяси-көпшілік жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырып, жұртшылықтың ой-пікіріне үнемі құлақ түріп отыратын бастауыш партия ұйымдары да аз емес. Мысалға Мәншүк Мәметова атындағы совхоздың партия комитетін (секретары К. Асанов жолдас) алайық. Партия комитеті шаруашылықтың өзекті мәселесін шешуге коллективті жұмылдыра біледі. Тіпті мәдениет құрылысы да, ауыл-селоны көркейту, жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жақсарту мәселелері де оның назарынан тыс қалмайды. Партия ұйымының осы қасиетін білгендіктен де қатардағы жұмысшылар да, мамандар да белгілі бір мәселе жөніндегі өз пікірлері мен ұсыныстарын комитетке келіп айтады. Ал совхоздың партия комитеті соларды саралап, қажеттілерін іс жүзіне асыруға мұрындық болады. Осы тұста совхоздың 1957 жылғы алғаш ұйымдастырылған кезі ойға оралады. Онда совхоздағы жетекші сала — қой шаруашылығының өнімі төмен болатын. Отарлардағы қойдың 2 проценті ғана биязы жүнді, 59 проценті жартылай биязы жүнді, ал 33 проценті қылшық жүнді еді. Бұл жағдай совхоз басшылары да, мамандарды да, бүкіл коллективті де қатты ойландырды. Совхоз коллективі мал тұқымын асылдандыруды қолға алды. Биязы жүнді қойлар сатып алынды, зоотехникалық-селекциялық жұмыс жолға қойылды. Әсіресе шопандар бұл іске белсене араласты. Соның арқасында үш-төрт жылда-ақ совхозда жергілікті жағдайға төзімді, ет пен жүнді көп беретін волгоградтық қой тұқымы өсіріле бастады. Осындай жоспарлы жұмыстың нәтижесінде 1968 жылдың аяғында совхоздағы барлық қойдың 68 проценті биязы жүнді, 29 проценті жартылай биязы жүнді болды. 1964 жылы әр қойдан 3,1 килограмнан жүн қырқылып, әр килограмм жүн мемлекетке 3 сом 18 тиыннан сатылса, 1968 жылы әр қойдан 4,2 килограмнан жүн алынып, әр килограмм жүн орта есеппен 4 сомнан өтті. Сөйтіп аз уақыт ішінде қой шаруашылығы табысты салаға айналды. Совхозда мал шаруашылығынан алынатын табыстың 80 проценті осы қой шаруашылығынан түсуде.

Жемшөптің тапшылығын, қыстың қиыншылығын бұл совхоздың малшылары да көруде. 1967—1968 жылғы қыста жағдай өте ауыр болды. Қыстақтарда шөп қоры азая бастады. Совхоз дирекциясы, партия комитеті, ауылдық Совет қорамдық малды қыстан шығынсыз алып шығу жөнінде еңбек ардагерлерімен, жағдайды жақсы білетін коммунист Қ. Кенжәлиев, аға шопан, Социалистік Еңбек Ері Е. Есімов жолдас-тармен ақылдасып, пікір алысты. Олар 25 мың қойды шөбі шүйгін, ықтасыны мол Хакки сорында жайып бағуды ұсынды. Отар-отар қой сонда көшірілді. Март айына дейін сол сорда бағылды. Осыдан үнемделген 70 мың центнер шөп совхоздың басқа малын азықтандыруға жұмсалды. Мал қыстан шығынсыз шықты. Ал биыл совхоз сол жерлерге қора салып, жеткілікті жем апарып, қолайсыз күндер үшін азық-аулақ шөп жинап, 26 мың қойды қыстай сонда бақты.

КПСС Орталық Комитетінің май Пленумының қорытындыларын талқылаған жиналыста совхоз коммунистері арнасында 16 миллион текше метр суы бар Мұратсай бөгетінің өнебойын суармалы егіске айналдыруды ұйғарды. Қазір мұнда жаңа ауыл пайда болды. Селода магазин, бастауыш мектеп, электр станциясы жұмыс істейді. Суармалы егіс учаскесінің көлемі 1000 гектарға жеткізіліп, онан әжептеуір өнім алына бастады. Бұл да совхоз коммунистерінің шаруашылықтың болашағын ойлап, оны іске асыруда игі жұмыстар атқарып отырғанын көрсетеді.

Коллектив пікірін білдіретін трибуна — жұмысшылар жиналысы. Партия, кәсіподақ ұйымдары жұмысшылардың жиналысын өткізуге әрдайым басшылық етеді. Жиналыстарда айтылған сын ескертпелер мен ұсыныстар жинақталып, тиісті ұйымдар арқылы іске асырылып отырады. Селолық Советтер еңбекшілердің жиындарын шақырып, селоны көркейту, еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсету мәселелерін талқылайды.

Аудан партия ұйымы жұмыстың стилі мен әдісін онан әрі жетілдіре отырып, саяси-шаруашылық міндеттерді орындауда еңбеккерлермен ұдайы ақылдасып, олардың бағалы ұсыныстарын үнемі қостап, бұқараның творчестволық белсенділігіне сүйене отырып, аудан экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендету үшін күреседі.

Орал облысы.

# СҰРАҚҚА ЖАУАП

## КОММУНИСТКЕ ҚОЙЫЛАР ТАЛАП ҚАТАН

Алматылық коммунист Р. Досжанов жолдас мына сұраққа жауап беруді өтінеді.

**Сұрақ.** Егер коммунист өзінің жарамсыз қылығы үшін партиялық жаза алған болса, бірақ КПСС қатарынан шығарылмаса, сот органдары сол қылығы үшін коммунисті соттай ала ма?

**Жауап.** КПСС мүшелерінің басқа да совет адамдарынан артық ешқандай правосы жоқ деп үйретеді партия. Совет заңы алдында жұрттың бәрі бірдей. Қайта, заң жүзінде айыпталатын жарамсыз қылықтар жасаған партия мүшесі өзгелерден қатан-ырақ жауапқа тартылуға тиіс, өйткені ол партия алдында да, сот алдында да жауап береді. Міне сондықтан да Ленин партиясының мүшесі деген құрметті атаққа кір келтіретіндерге ешбір ымырашылдық, ешқандай көңілшектік болмауы керек.

Әрине, бұл жерде Устав талабының екінші жағын да, коммунистің тағдырына барынша сезімталдықпен мұқият қарау жағын да естен шығармаған жөн. Адам тағдыры — аса маңызды, аса жауапты мәселе.

Тергеу-сот органдары партия ұйымдарының шешімін күтпестен-ақ қылмыс жасаған коммунистің үстінен іс қозғауға правосы. Бірақ бұл жағдайда олар қозғалған іс жөнінде тиісті партия комитетіне білдіруге және ол адамның партиялығы туралы мәселені шешуге қажет болатын материалдарды жіберуге міндетті.

Егер коммунист жазықсыз немесе қателіктен айыпталған болса, онда партия ұйымы оның тағдырына енжар қарай алмайды. Партия ұйымы ол коммунистің өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуіне көмектеседі.

Қажет болған жағдайда партия органдары белгілі бір коммунистің партиялығы жөнінде бұрын қабылдаған өз шешімін қайта қарап, өзгертуі де мүмкін. Бірақ бұл — жазықты болған коммунисті партия қатарында қалдыру немесе қалдырмау мәселесі сот шешіміне байланысты болады деген сөз емес. Ол мәселені партия комитеттері өздері шешеді.

## ПАРТИЯ КОМИТЕТТЕРІ ШЕШЕДІ

Орал облысындағы Жосалы совхозында тұратын партия мүшесі Е. Данағұлов жолдас редакцияға хат жолдап, төмендегі жәйттерді толығырақ түсіндіруді сұрайды.

**Сұрақ.** Әр түрлі жағдайларға байланысты бұрын партия қатарынан шығып қалған коммунисті партияға қайта алудың тәртібі қалай?

**Жауап.** КПСС Уставына сәйкес партия қатарынан шығарылған адамның екі ай мерзім ішінде жоғарғы партия ұйымдарына шағым беруге правосы бар. Сондай-ақ КПСС Уставының 13-тармағына орай партиядан шығарылған адамның шағымын тиісті партия ұйымы іс келіп түскен соң бір айдың ішінде қарауға тиіс.

Партиядан шығару жөніндегі мәселе, әрине, алдымен бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысында шешіледі. Ол үшін жиналысқа қатысқандардың үштен екі бөлігі дауыс беруге тиіс. Кейін сол шешімді аудандық немесе қалалық комитет бекітеді. Соған кейін барып ол күшіне енеді.

Егер коммунист сотқа тартылуына байланысты партия қатарынан шығарылса, ал біраз уақыттан кейін ол ақталса, онда партия комитеті оны партиядан шығару жөніндегі өзінің бұрынғы шешімін қайта қарай алады. Ал егер бұрын сотталған адам кейін ақталып, өзінің кінәсіз екендігін тиісті документтермен дәлелдеп бере алса, сондай-ақ партиядан шығарылғаннан кейінгі жерде де жұмыста, коллективте жақсы жағынан көрініп жүрген болса, онда ол да өзін партия қатарынан шығарған партия комитетіне немесе жоғарғы ұйымға өз мәселесін қайта қарауды сұрап шағым беруіне болады.

Әрине, мұндай шағымдарды қарау, оны қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау жөніндегі мәселені партия комитеттері шешеді, оған белгілі бір рецепт беруге болмайды.

## КОЛХОЗ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ПРАВОСЫ ЖАЙЫНДА

КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) Пленумында Л. И. Брежнев жолдас атап көрсеткендей, колхоз Уставы—артельдің қоғамдық өмірі мен оны басқарудың негіздерінің негізі. Асылында солай екенін колхоз құрылысының талай жылғы тәжірибесі дәлелдеді. Болашақта колхоз Уставының саяси, әлеуметтік, экономикалық ролі бұрынғыдан да арта түспекші. Сондықтан да колхозшылардың Бүкіл одақтық екінші съезінде қабылданған Устав ереже-қаридаларын жаңарту керек болып отыр. Содан бері өткен 40 жылға жуық уақыт ішінде совет деревнясында айтулы өзгерістер болды. Колхоздар ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайды. Колхоз құрылысы совет шаруаларын бақытқа бөледі, аukatты тұрмысқа кенелтті. Қазір колхоздар еліміздің бүкіл халық шаруашылығының ажыратылмас құрамды бөлігі болып отыр. Қолхоз егіншілігі мен мал шаруашылығы өнімдері еңбекшілеріміздің азық-түлік қажетін өтеуге жұмсалады. Колхозшылардың еңбегі коммунистік құрылыс ісіне лайықты үлес болып қосылып келе жатқанын біз орынды мақтан етеміз.

Бүкіл халықтың сарабына салынып отырған колхоздың үлгі жаңа Уставы жобасында колхоз құрылысының қол жеткен табыстары сындарлы түрде қорытылған, алдағы ноябрьде болатын колхозшылардың Бүкіл одақтық III съезі жаңа Уставты қабылдамақ. Бұл қуанышты күнді асыға күтудеміз.

Колхозшылар Устав жобасын оқып, танысқан сайын оның әрбір ережесіне, тармағына ынтызарлық, қумарлығы артып отыр. Колхоздың әр учаскесінде Устав жобасын талқылауға арналған жиналыстар болып өтті.

Колхозды шаруалар өзіне бақыт әперген, аukatты да шаттық тұрмысқа кенелткен алтын ұясы деп санайды. Артель өмірінің негізгі заңының сындарлы да мазмұнды болуына олардың шын қамқорлықпен қарап, асқан ынтық танысуы да осыдан.

Колхоздың гүлденіп көркейе түсуіне барлық совет адамы, әсіресе колхозшылар жан-тәнімен мүдделі. Өйткені колхоздың қоғамдық байлығы колхозшылардың әл-ауқат игілігінің қайнар көзі екенін олар кәміл түсінеді.

Үлгі Устав жобасында колхоз демократиясын кеңейтуге, артель ісін басқаруды жетілдіруге мейлінше зор көңіл бөлінген. Колхозшылардың жалпы жиналысының правосы едәуір ұлғайтылған. Жиналыс колхоз Уставына өзгерістер жасап, қосымшалар енгізуге правосы. Колхоздың бас мамандары мен бас бухгалтерлерін жұмысқа тағайындау және жұмыстан босату туралы колхоз басқармасының шешімдерін бекітеді. 1935 жылы қабылданған Уставтан жаңа үлгі жобасының бір айырмашылығы осында.

Жиналыс шешетін мәселелердің шеңбері ұлғайғанын біз құба-құп қарсы аламыз. Бұл орынды да. Өйткені осы арқылы артель мүшелері колхоз ісін басқаруға белсене қатысып, кең демократияны іс жүзіне асырады. Мұның өзі біздің советтік құрылысымыздың табиғатына да сай келеді. Жаңа Устав жобасы село еңбеккерлерінің басым көпшілігін қоғамдық өмірге белсене қатыстырып отыруды көздейді.

Сонымен жиналыс— артель ісін басқарудың жоғары органы. Бірақ Устав жобасында осы жиналысты шақыру тәртібі жөнінде ережені нақтылай түсу керек сияқты. Жеке жағдайларға байланысты жалпы жиналысты шақыру кейде қиынға түседі. Мысалы, бұрын колхоз құрылысына айтулы еңбек сіңіріп, енді құрметті демалысқа шыққан пенсионерлер аз емес. Алайда олар қазір колхоз ісіне енді белсене қатыса алмайды. Оның өзіндік себептері де бар. Кейбіреулері әбден қартайған, енді біреулері ауру-сырқау. Жалпы жиналысқа үнемі қатысуға олардың осы себептерден де мүмкіндігі бола бермейді. Жиналысқа қатысып, мәселе шешуге олардың кейбіреулері онша мүдделі емес. Біз бұл арада колхозшы пенсионерлерді колхоз ісін басқарудан мүлде шеттетуге керек деуден аулақпыз. Егер мүмкіндігі болса жиналысқа қатыса берсін. Бірақ олар шешуші дауыспен емес, тек кеңесші дауыспен қана қатысатын болса демекпіз. Міне осы жағдайды Уставта қайткенде де бейнелеу керек.

Жобада демократияны кеңейтумен бірге колхоз басқармасының правосы жөніндегі мәселеге де назар аударылған. Бірақ біздің пікірімізше, басқарма правосы әлі де жеткіліксіздеу, оны кеңейте түсу керек сияқты. Бұл арада мен оны колхоздың қоғамдық мүддесін, мемлекет мүддесін жоғары санау тұрғысынан айтып отырмын. Жобада: «Колхоз басқармасы колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы алдында жауап бере-

тін атқарушы — жарлық етуші орган және ол колхоздың бүкіл ұйымдастыру, өндіріс-финанс, мәдени-тұрмыс және тәрбие жұмысына басшылық етеді» делінген. Осының бәрі дұрыс-ақ. Өкінішке қарай, кейде колхоз басқармасының шешуге шамасы келмей қалатын мәселелер де өмірде кездесіп қалады. Ал оған беріліп жүрген право шеңберінің тарлығы қол байлайды. Колхозшылардың алдағы съезі қабылдаған соң Уставтың кейбір ереже қағидалары республика заңы кодексіне енгізілсе, сонымен үйлестірілсе жақсы болар еді. Әрине, колхоздың ерікті кооперативтік сипатына бұл ешбір қайшы келмейді. Қайта мұның өзі колхозды ұйымдық жағынан нығайта түсуге септігін тигізер еді деп ойлаймыз.

Мынадай мәселені алып қараныз. Айталық, колхоздан дәлелсіз тек қара басының қамы үшін пайда іздеп кеткен колхозшыларды мемлекеттік жүйе бойынша тәртіпке шақыру заңға айналса нұр үстіне нұр. Міне сонда колхозда берік тәртіп орнамақ. Мысалы, мемлекеттік кәсіпорындарда жұмысшылар дирекцияның, әкімшіліктің рұқсатынсыз жұмысты тастап кете алмайды. Ал мұндай тәртіпті колхозда неге орнатуға болмайды. Кейде колхоз ауласының семья басшысы өнеркәсіп орындарына жұмысқа кетіп қалады. Колхозда оның әйелі, бала-шағасы қалады да, олар жұмысты әйтеуір жеңілдік астымен, ауырдың үстімен жүрдім-бардым істейді. Колхозға келтірер пайдасы шамалы. Бірақ олар колхозшыларға берілген правоны түгел пайдаланады. Біздіңше, мұндай жағдайда жаңағы семья басшысы колхоздан кеткенде семьясын да бір жолата алып кетсе дейміз. Сонда ол басқалардың адал еңбек етуіне бөгет жасамаған болар еді.

Устав жобасында колхозшы семьясы (колхоз ауласы) ұстай алатын үй іргесіндегі учаскенің көлемі мен малдың санын колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы белгілеп беретіні, бұл ретте семья мүшелерінің саны және олардың қоғамдық шаруашылыққа еңбекпен қатысуы жайы еске алынатыны жайлы айтылған.

Бұл тәртіп кейде сақтала бермейді. Адамдардың бәрі бірдей емес қой. Қайсы біреулер өздерінің көмекші шаруашылығын далита беруге, одан пайданы көбірек түсіруге біртабан жақын тұрады. Көмекші шаруашылығына көбірек алаң болып, ол колхоздың қоғамдық жұмысына жөнді қатыса алмайды. Сондай-ақ Уставта колхоз басқармасы үй іргесіндегі учаскенің белгіленген көлемін сақтауға, белгіленген нормадан тыс мал ұстауға тиым салуға бақылау жасап отыратыны айтылған. Міне осындай жағдайды реттеу колхоз басқармасының күшінен келмей қалатын уақыттар кездеседі. Нормадан артық жерін, артық малын Уставта белгіленген мөлшерге келтіру үшін айтып түсіндіру, көндіру мүмкін болмайтын шақ та болады. Ал осындай мәселені тиісті орындардың алдына қою жөнінде колхоз басқармасына право берілсе дейміз.

Біздің ойымызша, Устав жобасында колхоз меншігін сақтау жөніндегі тармақты біраз күшейте түскен жөн. Мұның өзін мемлекеттік меншікті сақтау, қорғау жөніндегі дәрежеге көтеру керек. Дәл осы арада да колхоз басқармасының правосы кеңейтілгені абзал. Жасыратыны жоқ бізде де колхоз мүлкін сақтауға салдыр-салақ қарайтын, ол жөнінде тіпті төзгісіз бейқамдық, жауапсыздық жасайтын адамдар да кездеседі. Солардан колхозға келтірілген залалдың орнын өндіріп алу жайында басқармаға право берілген. «Колхоз басқармасы залал келтіргендегі нақты жағдайды ескере отырып, колхоз мүшесінің айлық негізгі табысының 1—3 бөлігіне дейінгі мөлшерде, ал бұдан артық залалды — халық сот арқылы өндіріп алады» делінген жобада. Іс жүзінде мұның орындалуы да кейде қиынға соғады. Өйткені келтірілген залалды кінәлілерден күштеп өндіріп алу жағынан колхоз басқармасы дәрменсіз, өйткені оған мұндай право берілмеген. Сондықтан көрінген жағдайда сот арқылы өндіруді қолдана берудің өзі ынғайсыз қой.

Уставтың жаңа жобасында жұмысты ұқыпсыз, сапасыз орындағаны үшін жауап беру шаралары қарастырылған. Мұның да бір қолайсыз жері бар сияқты. Мұндай шараны тек қатардағы колхозшыларға ғана қолдану көзделеді. Біздіңше, мұның өзі онша әділеттілік емес. Іс жүзінде қайсыбір уақытта жұмыстың сапасыз орындалуына тек қатардағы колхозшы ғана емес, сонымен бірге көп ретте бригадирлер, звено жетекшілері, немесе мамандар кінәлі болып шығады. Осылардың кінәсінен материалдық залал келгенде соның орнын соммен толтыру шарасы көзделгені мақұл. Міне осыған орай Устав жобасының 27-тармағын ішінара кеңейткен жөн. Аталған тармақтағы «Колхозшының кінәсінен сапасыз атқарылған жұмысқа ақы төленбейді немесе оған төленетін ақының мөлшері тиісінше кемітіледі» деген сөйлемнен кейін «Сондай-ақ өндірістік бөлімше басшыларының, мамандардың тікелей кінәсінен колхозға материалдық залал келсе, сол үшін олар да ақшалай түрде жауап беретін болады» деп жазылуын ұсынамыз. Әлбетте осы залалдың шынайы мөлшерін де колхоз басқармасы жан-жақты зерттеу арқылы анықтап беруі тиіс.

Ауыл шаруашылық жұмыстарының жыл бойы толастамай бірінен соң бірі келіп жататыны аян. Ал осы науқанды жұмыстардың кезінде дұрыс орындалып отыруы алдымен еңбек ұйымдастыруға, еңбекке ақы төлеуге, жұртшылықты материалдық-моральдық жағынан ынталандыруға, еңбек тәртібін берік сақтауға тікелей байланысты. Бұл жағдай Устав жобасында жақсы көрсетілген. Уставтың 28-тармағында қоғамдық шаруашылыққа еңбекпен қатысудың белгіленген минимумын дәлелсіз себеппен орындамаған артель мүшелерін колхоз басқармасының шешімі бойынша қосымша ақыдан және материалдық жағынан көтермелеудің басқа түрлерінен ішінара немесе толық айыруға болады, — деп белгіленген. Алайда осы шараның қолданылу әсер-ықпалы онша болмайтынын тәжірибеден көріп жүрміз. Біздің ойымызша, Уставтың бұл тармағын біраз толықтырып, қолданылатын шараларды күшейте түсу керек. Еңбек минимумын дәлелсіз

орындамағаны үшін еңбек ақыдан шегеріліп қалатын айыпты өндіріп алуға үнемі мүмкіндік бола бермейді. Ол мына жағдайдан келіп туады. Еңбек минимумын орындамаған адамның жұмысы берекесіздіктен оның тапқан табысы да, оған тиісті ақы да жөнді болмай шығады. Айыпты өндіріп алу үшін ұстап қалатын оған тиесілі ақы да болмай қалады. Содан барып жаңағы колхозшы не істесендер де мейлі дегендей еңбек минимумын орындауға немкетті қарай береді. Бұған тыйым салудың мынадай жолы бар сияқты. Еңбек минимумын орындамағаны үшін алынатын айыпты сол ауланың яки семьяның еңбекке жарамды басқа біреуінің тапқан ақысынан ұстап қалу тәртібін қолдану керек деп санаймыз. Міне сонда еңбек тәртібін нығайтуға бұл да бір себепкер болмақ. Осы мәселелерді шешу жөнінен колхоз басқармасына тиісінше право берілгені абзал.

Біздің «Коммунизм» колхозында да он жылдық мектепті бітірген жастардың бәрі бірдей қаншама талпынғанымен жоғары оқу орындарына түсе алмайды. Өйткені конкурстен өте алмайды. Сөйтіп олар ауылға лажсыз қайтып оралады. Бірақ не әке-шешесіне, не колхозға түк пайда келтірмей сандалып босқа жүреді. Кейде сотқарлыққа бой ұрып, ішуге салынады, әжептәуір жұмыс істеп жүрген колхоз жастарына жаман әсер етеді. Олардың көпшілігі басқа жаққа кетіп жұмыс істеуге тырысады. Колхозда жұмыс күші жетпей жатқанда мұндай жағдайға жол беру дұрыс емес сияқты. Мұндай жастардың колхоздан кетуіне басқармадан рұқсат болмаса жібермеу керек. Осы мәселеде Уставтың жобасынан өз бейнесін тапса демекпіз.

Колхозшыларға пенсия беру, түрлі жәрдем төлеу, олар үшін санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдамалар сатып алу, әлеуметтік сақтықтың басқа түрлерін қолдану — осының бәрі колхоз құрылысының күдіретті күші, оның орасан бір жеңісі. Мұндай жағдайды Октябрь революциясынан бұрын шаруалар өңінде түгіл түсінде де көрген жоқ еді. Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі шаралар ауыл-село еңбеккерлерінің тұрмыс күйін жақсарту беруге деген лениндік қамқорлықтың тағы бір жарқын белгісі.

Мамандар дегенде мына бір жағдайды ескермей кетуге болмайды. Біз мамандарды колхоз өндірісінің шынайы технологтары, ұйымдастырушылары дейміз. Әрине ол солай да. Өкінішке қарай, мамандардың осы реттегі праволары жайлы Уставта жөнді айтылмаған. Колхоз құрылысының қазіргі кезеңінде, ірілендірілген, механикаландырылған, ғылыми негізде өркенделіп отырған ауыл шаруашылығында мамандардың ролін Устав бойынша дәйектеудің маңызы айрықша.

Ірі кәсіпорындарында жұмысшы-жастар мектебі, кешкі техникумдар, сырттан оқытатын жоғары оқу орындары ұйымдастырылған. Ал ауылдық жерде мұндай жүйе әзірге жоқ. Мұның өзі колхоздарға керекті кадрларды даярлау ісін жоспарлы негізде ұйымдастыруға бөгет болып жүр. Сондықтан колхоздарда (немесе колхоз аралық) тұрақты жұмыс істейтін курстар ашып, жаппай мамандығы бар кадрлар даярлауды мықтап қолға алған дұрыс.

Демократияны өрістетуге, колхоз ісін басқаруды жетілдіруге дегенде колхоздағы кәсіподақ ұйымы туралы айтпай кетуге болмайды. Бұл колхоз тіршілігіне жақында ғана араласа бастаған ұйым. Қазіргі уақытта кәсіподаққа тек механизаторлар мен мамандар ғана мүше бола алатын тәртіп орнатылған. Колхоздың басқа мүшелері жөнінде мұны қолдануға болмайды. Қазіргі тәртіпке сәйкес колхозшылар кәсіподаққа мүше болып қабылданбайды. Кәсіподақ басшы органдарының мұндай сынаржақ тәртіп белгілегеніне таңымыз бар. Колхоз деген ол да еңбекшілердің тұтас коллективі. Ондағы механизаторлар мен мамандардан колхозшыларды оқшауландырып қарауға болмайды. Демек колхозшылар да кәсіподақ мүшесі болуға тиіс. Колхоз кәсіподақ ролін арттыру мақсатында оны совхоздағы сияқты басы бос қызметкер басқарғаны нәтижелі болмақ. Ал жұмысы дұрыс жолға қойылса кәсіподақтың колхозда да тындырар жұмысы, келтірер пайдасы аз емес. Сайып келгенде, кәсіподақтың колхозды басқару ісін ұтымды ұйымдастыруға жәрдемін тигізетінінде күмән жоқ.

Тәжірибе көрсетіп, жұмыс практикасы талап етіп отырғанындай, шаруашылық қызметінің қайсыбір мәселелерін шешу жөнінде басқарманың билігі ұлғайтылғаны жөн сияқты. Өмірде кейде жалпы жиналысты шақырып жатуды күтуге болмайтын, дереу шешуді қажет ететін мәселелер болады. Мәселені жиналыс ашып шешем деп жүргенде уақыт өтіп кетеді де, содан барып колхозға нұқсан келетін жәйттер де кездеседі. Колхоздың өте-мөте зару мүдделері үшін өндірістік-финанс жоспарындағы қаржыны бір статьядан екінші статьяға көшіруге тура келетін жағдайлар да болады. Мұны жүзеге асыру жөнінде колхоз басқармасына дербес билік берілгені жөн. Әрине, кейіннен оны жалпы жиналыс, немесе уәкілдер жиналысы міндетті түрде бекітуі шарт болып қойылуы керек.

Устав жобасында шаруашылықты арнаулы кәсіпке бейімдеп өркендету экономикалық жағынан тиімді екені атап көрсетілген. Бірақ біз өз колхозымызда осы жөнінен берік тәртіп орната алмай келеміз. Оның да түрлі себептері бар. Біздің жер жағдайымызда, мысалы, сиыр малын өсіру үшін, оны рентабельді салаға айналдыру үшін мүмкіндік жоқ. Бұл арада сиыр ұстауға лайықты жемшөп қоры тапшы. Сондықтан біз бұл саладан соңғы жылдарда үнемі зиян шегіп келеміз. Ал табыстың негізі күріш, овоц, басқа дақылдар өндіруден, қой өсіруден ғана алынады. Осы арада жерді пайдалану мәселесіне соқпай кетуге болмайды. Жобада жерді пайдалану мәселесі жалпылама түрде айтылған сияқты. Барлық колхоз жерінің егіске, жайылымға, шабындыққа жарамдылығын барлық жағынан зерттеу керек. Ондай зерттеу бізде болған жоқ. Кол-

хозға бекітіп берілген жердің гектар саны аз емес. Бірақ соның кейбір шаруашылық салаларына жарамдысы шамалы-ақ. Әсіресе жайылым тапшы. Мал көбейіп кетті де, оның жемшөп қорын жасау мәселесі қенже қалып қойды. КПСС XXIII съезінің шешімдеріне сәйкес жерді сапасына қарай бағалау шаралары жүзеге асырылуы керек. Міне мұның Устав жобасында бейнеленуін қалаймыз.

«Коммунизм» колхозы партия мен мемлекеттің қамқорлығы арқасында, колхозшылардың қажырлы еңбегі нәтижесінде механикаландырылған ірі шаруашылыққа айналды. Әсіресе тарихи март (1965 ж) Пленумынан, КПСС XXIII съезінен кейінгі жерде колхоз экономикасы нығайып, оның қоғамдық байлығы артты, колхозшылардың тұрмыс күйі жақсара түсті. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан былтыр артеліміз ауыл шаруашылық жылын біршама тәуір аяқтады: жалпы табыс 1 миллион 502 мың сомға жетті, мемлекетке жоспардағы 23 мың центнердің орнына 25 мың 300 центнер күріш сатылды. Мал шаруашылығындағы табыстарымыз да жаман болған жоқ. Ет, жүн дайындау жоспарлары абыроймен орындалды.

Бізде ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын, жалпы түсімін арттыру, қаржы мен еңбекті аз жұмсай отырып, өнімді мол өндіру, өнімдердің өзіндік құнын кеміту жолындағы күрес күшейтілді. Бұған колхоздың бастауыш партия ұйымы, колхоз басқармасы активтерге сүйене отырып нақты басшылық етіп келеді. Жеке бригадалар, звенолар шаруашылықты табысты жүргізу жөнінен өнеге көрсетуде. Бұған тек өткен жылдың жұмыс көрсеткішін мысалға алсақ та жеткілікті. Ленин орденді Ш. Қазанбаева басқарған звено былтыр 25 гектар күріштің әрбір гектарынан жоспардағы 30 центнер орнына 61 центнер өнім жинады. Ең бастысы — ол күрішті арзанға түсірді. Күріштің әр центнерінің өзіндік құны жоспардағы 21 сом 56 тиынның орнына, 11 сом 74 тиыннан айналды. Әрбір центнер күріш өндіруге жұмсалған шығын едәуір кемітілді. Звено бір жыл ішінде ғана колхозға 28 мың сомның ақшалай табысын келтірді. Социалистік Еңбек Ері Б. Оразов жолдастың звеносы да күріштен мол өнім алып, оның әрбір центнерінің өзіндік құнын 13 сомға түсірді. Мұндай озаттар бізде аз емес.

Биылғы жыл колхоз қозғалысының тарихына алтын әріппен жазылмақ. 1969 жылы жаңа үлгі Устав қабылданатын колхозшылардың Бүкіл одақтық III съезі өткізілгелі отыр. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіндегі бүкіл халықтық жарысқа бір кісідей қосылған біздің колхозшыларымыз осы съезді лайықты табыстармен қарсы алуға күш салуда. Сол мақсатпен де олар білек сыбана, белсене еңбек етуде. Колхоз бойынша биыл күріштің әр гектарынан кемінде 40 центнер өнім алу, мемлекетке 40 мың центнер күріш өткізу, сөйтіп астық сатудың бесжылдық жоспарын осы жылы орындап шығу — біздің алдымызға қойып отырған биік нысанамыз осындай. Мал шаруашылығы саласында да алар асуларымыз белгіленген. Жыл аяғында қойдың саны 35 мыңға, ірі қара 2500-ге, жылқы 500-ге, түйе 200-ге жеткізілуге тиіс. Малдан алынатын өнім, оның мемлекетке тапсыру мөлшері де едәуір арттырылмақ. Бұл міндеттемелердің абыроймен орындалатынында күмән жоқ. Оған қазірдің өзінде берік негіз қаланып отыр. Көктемгі егіс жұмыстары сапалы аяқталды. Қазір күрішті баптап күту жақсы жүргізілуде. Мал азығының берік қорын жасау жұмысы ұйымшылдықпен өткізілуде. Биыл төл алу жақсы аяқталды. Орта есеппен әрбір 100 саулықтан 106 қозы өсірілді. Бізде әрбір 100 саулыққа 135, тіпті 170 қозы ерткен шопандар қатары көбейді.

Колхоздың жаңа үлгі Уставының жобасы біздерді, колхозшыларды еңбекте жаңа табыстарға жетуге шабыттандырып отыр. Жұмысты бұрынғыдан да жақсы істеп, 1969 жылы жаңа табыстарға жетуге барлық күш-жігерімізді аямай жұмсаймыз. Колхозшылар қауымының Отан алдында, партия алдында берген серті міне осындай.

Қызылорда облысы.

**Р. НҮРКЕЕВ,**  
Шиелі ауданындағы «Коммунизм»  
колхозының председателі.



## МАҢҚЫСТАУ МҰНАЙЫ

Жал-жал бұйратты, құм жоталар. Күнге қақталып, әбден пісіп қалған сарғылт жондар. Аспаннан карағанда кеуіп, тек сұлдемі қалған ағаш секілді айыр-айыр, өрнекті құмдар. Нақыс-бедері әдемі-ақ. Жансыз жатқан жапаң дала. Кезінде ұшқан құстың қанаты талып, жортқан аның тұяғы күйген суылдаған шеге құм. Төбеден үңілгенге тіршіліксіз де тәрізді. Бірақ бұл сыртқы көрініс. Мәңгі тұнған байлығын қойнына қапсыра жасырған Манқыстау түбегінің түлегенін көрер кезен алда екен әлі.

...Гурьевтен ұшқалы ешбір әсем елді мекен ұшыраспай, құм қабақтар мен келенсіз көріністерге көз үйрене бастаған шақта біз мінген болат топшы ақ сұңқар қанатының астынан әлде бір жапаң көрініс бой көрсете бастаған еді. Дәл осы сәтте көздерін ашып-жұмып, уқалап жатқан жолаушылар да аз емес-ті. Адамның қызық кездері көп қой. Кейде өз көзіне-өзі сенбейтін сәттер де бола береді. Сондай құбылмалы шақтың бірі осы еді. Бұл не керемет! Жана ғана ылғи бір сұрғылт көріністі, көп күйіннің үстінен самғап, қалғып-мүлгіп келе жатқан жанның көз алдына енді бір ерекше келбетті көрініс ашылып сала берді. Ақ шулан көбікті толқының жағаға сабаларан айдың теңіз. Өңкей бір ақ шаңқан тастан өрілген тоғыз қабатты тұрғын үйлі әсем қала. Жай-қалған бау. Қызыл-жасылды киінген сымбатты жандар. Көшелерде ағылған машина. Әр үйдің маңында ақ брезентке күндақтап қойған 40—50 машинаның қаз-қатар тізіліп тұрғаны айқын аңғарылады.

...Шевченко — жас қала. Соңғы он жыл ішінде совет адамдарының қайратты қолымен тұрғызылған бұл қала сәулет өнерінің салтанатын танытқандай. Сонадайдан көз тартатын ылғи бір еңселі, көп қатарлы үйлер. Әсем ансамбльдер. Қала әсіресе теңізден түнде карағанда ерекше. Тоғыз қабатты үйлердің терезесінен төгілген Ильич нұры теңіз толқынына еркелеп, еңбек адамының ерлігін паш еткендей толқып, діріл қағып жатады. Қала болашағы да зор. Шевченконы маңқыстаулықтар түлеген түбектің орталығы деп орынды мақтаныш етеді.

Манқыстауда қат нәрсенің бірі су болатын. Қанатын кең жайып өсіп келе жатқан қаланың шығыс тұсындағы қолтығында теңіз суын қанша қажет болса, сонша мөлшерде тұшытып, беріп жатқан әлемге әйгілі атом реакторы тұр. Бұл — теңіз суын тұрмыс тіршілігі үшін тұшытып тұрған жер шарындағы тұңғыш реактор. Бұл — атомды бейбіт ел мүддесіне жұмсаудың нақты дәлелі. Ғасырлар бойы бұйығып жатқан Манқыстау жерінде табылған дәулет те, соған орай жасалған сәулет те молшылық.

Бетіміз — Өзен. Шевченкодан шыға шығысқа қарай тартқан тура асфальт жол алдымызда сайрап жатыр. Ешбір бөгде-кедергісі жоқ. Күйінмен жарысқан ақсұр «Волга» спидометрінің қылтылдаған қызыл тілі лезде-ақ жүзге жетіп барды. Атақты Каракия ойпатында келеміз. Европа көлеміндегі ең төмен ойпат осы. Белеске көтеріле сөз төркіні жол жағдайына ауысты. Асфальттың айналасында Манқыстау жерін мынсан андызға бөлген жол жатыр. Олардың көптігі сондай сіз бұл жерлердің бүтіндігіне шәк келтіресіз. Әлемдегі барлық соқпақ, жол торабы осында тоғысқандай танданасыз.

Тандану кейіні бірден сезген жол серіктер сан жол сырын толық түсіндіреді. Осыдан бірер жыл бұрын Манқыстау маңайында асфальт атымен болмағанда кез келген шофер көңілі қалаған жермен жүре берген. Манқыстаудың ұлпадай майда топырағы бетіне, бейне опадай сінетін болғандықтан одан сәтте болса саябыр іздегендер түбек төскейін білгенінше тілгілей берген. Бірақ одап мән болмаған. Асфальт жол тартылғалы көз шайдай ашылған. Енді үліп деп тозақ қонбайды жүзіне дегендей етеді серіктер. Рас та. Машинаны тоқтатып, жол жиегіне шығып, биыл қалың өскен ебелек пен жусанды қызықтап жүргенде аяқ астынан көтерілген шаң қойын-қоншымызға еніп те үлгерді. Шаңға, қояр кінә жоқ. Асфальт артықшылығы айғақты қажет етпейді.

Дәл осы тұста Манқыстауда бірінші атқылаған мұнай фонтаны жайында толғана, тебірене жазған Ғабит ағаның мына сөздері еске еріксіз оралады: «Манқыстау шаңы күршілдеген ұлпа шаң. Ондай шаң Қызылорда да, Түркетанда да жоқ. Бұл бұрқылдаған ордалы шаң, қопарылма қордалы шаң. Екі машина бірінің ізімен бірі жүріп кетсе болғаны, атом ракетасы атылғандай бұрқыраған шаң аспанды белдеулеп әкетеді. Кең

далада құйын да көп. Шиырылып тік шаншылған шанды ұршықтай иіріп, ойды-қырды кезеді де жүреді... Маңқыстау мыңғырған қала болар кезі әлі алда. Ол кезде мыңдаран мұнай бұлағы атқылайды».

Көңілге ұялап қалатын сәуегей сөз деп осыны айтса да болады. Қазір Маңқыстау өңірі мыңғырған қалаға айналып та отыр. Жалғыз Шевченко емес, мұнда бүгінде Ер-әлі, Жетібай, Жаңаөзен қалалары бой түзей бастады. Мұнай бұлағы да мыңдап атқы-лауда. Жаңа құрылған Өзен ауданы — мұнайлы аудан. Мына асфальт жол жаңа аудан-ның орталығы Жаңаөзен қаласына қала берді әрбір мұнай скважинасына апарады.

Енді Маңқыстаудың мұнар күндері шәйдай ашық жаз күндерімен ауысқан. Жаз демекші, шапак шашып келе жатқан күн суреті жаңа ауданның гербісі іспетті екен. Қайда барсаңда әсем тұғыр-қадаға орнатқан немесе бояулы суретке салған сол бел-гіні көресің. Маңқыстаудың қай түкпіріне барсаң да түбекті түлеткен жайдары жүзді, жігері күшті адамдар шығады алдыңнан. Қиындыққа мойымай, тапшылыққа тыжы-рынбай жұмыс десе білекті белсене сыбанып, құлшына кірісіп жүрген қыран қуатты азаматтар өңкей. Алғашқы фонтаннан атқылаған тұнғыш Маңқыстау мұнайын мемле-летке жөнелткендердің бірі — Рахмет Өтесінов. Ол — Өзен мұнай кәсіпшілігі басқар-масының бастығы. Мұнайлы Маңқыстаудың өзегі Өзенге бірінші келген кісі. Маңқыс-таудың мол шуағына күйіп тотыққан осы бір жігерлі жігіт жас та болса, алып істі бастай білген, білімді де білгір маман.

Атырау алқабында мұнайшы кәсібін ата мұраға айналдырған еңбеккер жандар көп. Солардың бірі — осы Өтесінов. «Ата көрген оқ жонардың» кейпімен Москвадағы Губкин атындағы мұнай институтын 1951 жылы бітірген ол азлаған жылдар партия жұмысында болғанын айтпағанда мұнай маңындағы жұмыста келеді. Өзен мұнай кәсіп-шілігін қолымен құрысқан алғашқы ардагерлердің бірі. Маңқыстау мұнайының табы-лу, өндірілу, халық шаруашылығына пайдаланылу шежіресі Өтесіновтың жадында бе-рік сақтаулы. Мұнай жайын сұраған жанға жалықпастан баяндай жөнеледі.

...Бұл — 1964 жылдың 15-июлі болатын. Шілденің суды қайнатар аптабы. Аспан аясында түбіттей де бұлт жоқ. Күнге қақталған қу медиен, қу дала. Көз сүріндірер жа-сыл ағаш, не түбір жоқ. Тек құрылысы аяқталмаған бір барак пен оншақты вагон бол-ды. Жалпақ даланың шөл табанында тұрған осы азын-аулақ баспананы құрылысшы-лар не деп атауды да білмейті. Осы жерде біз келешек мұнайлы ауданның тұнғыш қадасын қақтық. Алғашында Ембі мұнайшысына Маңқыстау маңы жұтаң да көрінді. Әйткенмен борпылдық шанды тізеден кеше жүріп, алдағы күнге үміт арттық. Ол үміт-тің бүгінде ақталғанын көзбен көріп те отырсыздар.

Асылында барлық істің тетігі адамда ғой. Өзен мұнайын селдетіп ағызу үшін қажырлы жандар қажет болды. Көп ұзамай мұндай жандар бас құрай бастады. Маң-қыстау мұнайшыларының алғашқы тобын құрағандар ішінде Ембінің байырғы мұнай-шы коммунистері Б. Жұбанов, А. Қаржауов, О. Бейсалиев, Ә. Назарұмбетовтер бол-са, оларға қанаттаса Каспий теңізінің ар жағында қойнауласа жатқан бауырлас Ба-куден Азербайжан Компартиясы Орталық Комитетінің инспекторы Н. Эфендиев бас-таған Я. Максимов, Д. Рагимов, М. Зейналовтар келді, Түркменстаннан Қуаныш Тоқ-панов бастаған Небитдаг мұнайшылары, сол секілді Краснодар, Куйбышев, Волгоград-тан Маңқыстау мұнайын игеруге қол созған елгезек мұнайшылар жинала берді. Сөйтіп Совет Одағын мекендеуші 44 ұлт өкілінен Өзеннің интернационалдық мұнайшылар жасағы қалыптасты. Құрылыс ісі қолға алынды. Жұмыс қыза түсті.

1965 жылдың февраль айында Маңқыстау мұнай-газ құрылыс тресі ұйымдасты-рылды. Мұның өзі барлық жұмыстың баянды да қарқынды жүргізілуіне себепкер бол-ды. Маңқыстау маңайына келген адам түлеген түбектегі тұнғыш нәрсе, алғашқы адам, бірінші байлық деген тіркестерді жиі естиді. Оның да өзіндік сыры бар. Түрен тісі тимеген бұл өңірде совет адамдарының қажырлы қолымен тұрғызылған, салынған, әлі де жасалып жатқан ғажайыптар мол. Солардың бірі — 800 километрлік Мақат-Маң-қыстау темір жолы. Болат жолдың батырлары 1965 жылдың 19-июні күні Маңқыстау-Өзен темір жолының құрылысын аяқтады. Бұл үлкен жеңіс еді.

Болат жолдың батырларынан Маңқыстау мұнайшылары да қалыспады. Жұмысты жоқтан (нольдік циклден) бастаған кәсігі мұнайшылар барлық қиыншылыққа төтеп бере отырып, 1965 жылдың 1-июні күні алғашқы № 2 мұнай жинайтын, айыратын топ-тық қондырғыны іске қосты. Осы топтық қондырғыға мұнай айдайтын № 13, 33, 37 және 38 скважиналар тәулігіне 200 тонна мұнай өндірді. Бұл — Маңқыстау мұнайының тұн-ғышы болатын.

1965 жылдың 10-июлі Маңқыстау мұнайшыларының мәңгі есінде қалатын күн. Дәл осы күні Өзен мұнайының алғашқы эшелоны темір жолмен тұнғыш рет Гурьев мұнай өңдеу зауытына жөнелтілді. Бұл күн Маңқыстау шежіресіне қуаныш күні бо-лып енді.

Жаңаөзендегі құрылыс қарқыны ешбір толас көрмеді. Құрылысшылар күні-түні бірдей жұмыс істеді. Аз уақытта қала келбеті кескінделе түсті. Құбырмен Сауысқаннан тұщы су келтірілді. Көшелер нобайы жасалып, ағаштар отырғызыла бастады. Мұнай-шылар жұмысы бастан асып жатты. Август айында Өзен-Шевченко мұнай құбыры пай-далануға берілді. Енді Өзен мұнайына теңізден жол ашылды. 1965 жылдың аяғына қарай мұнай өндіру тәулігіне 2350 тоннаға жетіп, кәсіпшілік бойынша 334,6 мың тонна мұнай өндірілді.

Маңқыстау мұнайының қоры мол. Сондықтан да партияның XXIII съезінде «мұнай мен газдың жаңа ірі аудандары — Тюмень және Маңқыстау кендері пайдаланыла бастайды» деп көрсетілді. 1966 жылы сентябрьде Шевченко — Өзен асфальт жолы пайдалануға берілді. Декабрьде Шевченкодан Өзенге электр желісі тартылды. Тұрғын үй құрылысы қарыштап өсті.

Бұрын білтелі шамнан басқа жарығы болмаған Маңқыстау маңында қазір Ильич нұры самаладай жарқырайды. Кеш сайын осы өңірде көк жұлдызы жер жұлдызымен астасып, жымындасып жатады. Мұндай кездері олар Маңқыстау мұнайшыларының еңбек шабыты мен көңіл қуанышының куәсіндей құлпырып, жайнайды. Қазір Маңқыстаудағы Қазақстан мұнай бірлестігінің бір жылда пайдаланатын электр қуаты 1965 жылға дейін күллі түбектегі Баутино, Таушық, Аташ поселкелері мен Форт Шевченко қаласындағы өндіріс орындары пайдаланған электр қуатынан 10 есе артық. Бұл бүгінгі шындық, керемет келешек алда.

Бүгінде Өзенде 340 скважина жұмыс істеп тұр. Жыл аяғына дейін тағы да 220 скважина іске қосылуы керек. Мұнай әлі де бір жерден емес, мыңдаған жерден атқылайтын сыңайы бар. Бірақ оған иелік ету жағы жетіспей жатыр. Әйткенмен Өзен—Шевченко—Гурьев—Куйбышев мұнай құбырының іске қосылуы тосылып тұрған мұнай селін тасқындатуға тиісті. Салынып жатқан осы құбыр арқылы Өзен мұнайы халық шаруашылығына ерекше нәр болып құйылмақ. Шеңбері үлкен осы мұнай құбырымен тәулігіне тынбастан мыңдаған тонна мұнай айдалады. Бұлай етпесен парафини мол Маңқыстау мұнайы ешкінің майындай тез тоңазиды. Осындай шапшаңдықпен айдауға бұлақ болып аққалы тұрған Өзен мұнайының қор-қуаты әбден жетеді.

Біздің өмірімізде қалыптасып кеткен өнеге салты бойынша, әр уақыттағыдай қиындық өтінде коммунистер келеді. Олар жаңалықтың жаршысы, жақсылыққа ұйтқы болуда. Атқарылған аршынды істердің алдыңғы шебінде де солар жүр. Сондай коммунистердің бірі — № 2 кәсіпшіліктің мастеры Қуаныш Токпанов. Ол басқарған учаске коллективі жыл сайын тамаша көрсеткіштерге ие болуда. Олар мерекелі жылы ерен табысқа жетті. Комсомолдың жарты ғасырлық мерекесіне орай жарыста озып шыққан К. Токпановтың комсомолец-жастар бригадасына «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы атындағы учаске» құрметті атағы берілді.

Өткен жылы еліміздің ең маңдай алды 33 бригадасы отандық 300-ші миллион тонна мұнай өндіру жарысына шыққанда, бұл бәйгеге Қазақстаннан Қуаныш Токпанов басқарған комсомолец-жастар бригадасы ат қосты. Жарыс қорытындысы жамаң болған жоқ. Коммунист К. Токпанов басқарған учаске топ жарып, 1968 жылдың он айының қорытындысы бойынша бүкіл одақтық жарыста екінші орынды жеңіп алды. Бұл учаске бесжылдықтың үшінші жылының жоспарын 102 процент орындап, жоспардан тыс 2.370 тонна мұнай өндірді. Сөйтіп Одақ бойынша өндірілген 300-ші миллион тонна мұнайға елеулі үлес қосты. Бұл табысы үшін учаске коллективіне СССР Мұнай өндіру министрлігі мен мұнай және химия өнеркәсібі қызметкерлері кәсіподағы Орталық Комитетінің екінші дәрежелі ақшадай сыйлығы берілді.

Біз тік қабақта тұрмыз. Алда Өзен ойпаты жатыр. Ойпат толған от. Шілденің тамылжыған ыссы аптабында әуелеп аспанға атылған күшәк жалынды сарғыш алау ана жерден де, мына жерден де лаулап жатыр. Дәл осы ойпаттағы отты жалынның қызуына адам шыдамастай, бірақ бұл бірінші сезім және жалған сезім. Соңадайдан шапшып аспанға атыла жанған алаулардың жанында жүрген мұнайшылар да анық көрінеді. Алыстан қараған кісіге олар хұн ыстығы мен жар жалынының арасында отпен алысқан алыптар секілді көрінеді. Ал ақиқатында да олар екі қызудың арасында қажырлы еңбек етіп жүрген қарапайым жандар.

Жаңаөзен қаласы мейманханасының үшінші қабатынан түнде қаланы айнала жанып жатқан биік алауларды көргенбіз. Ол алаулар Маңқыстау мұнайшыларының ел алдындағы ерен еңбегін әлемге паш еткендей сүйір тілдерін қарақошқыл түннің жұлдызды күмбездеріне қадай-қадай жанып тұрған. Ерлік еңбектің өшпес ескерткіші осы ғой деп ойлағанбыз. Енді сол оттардың дәл жанында тұрмыз. Бұл бір аса тағайып көрініс. Әрбір оттын түбіне бір-бір монумент орнатаа, Маңқыстауды игерушілердің есімі мәңгі сақталар еді-ау дейсің.

Осы ойымызды сезгендей, жанымызға жақындаған Р. Өтесінов: «Ойпатта осындай отыз от бар. Оның саны келешекте тіпті көбейеді. Бұл шығарылған мұнайдан бөлініп жатқан қисапсыз көп табиғи газ ғой» деді. Міне, байлық көзі қайда. Одан әрі сәл үнсіз тұрған Рахан Өзендегі барлық газды бір жерге жинап, өңдейтін завод салуға да мұрша болмай, уақыт жетпей жатқанын айтты. Әзірге бұл оттар Маңқыстау мұнайшыларының түнгі шырағы ретінде осылайша маздап жана бермек.

Асфальт жол ойпат енісіне жетектей жөнелді. Биікте тұрып байқамалпыз. Ойпатты жиектеген жәрда белдеуленіп ақ жолақ көрінеді екен көзге. Бұл да Маңқыстаудың бір байлығы — ақ тас екен. Жаңаөзендегі шаңқан ақ үйлер осы тастан өрілген. Ойпат табанына жете жасыл желекке оранған шағын қосқа тап болдық. Бұл — К. Токпанов басқаратын учаскеге қарасты № 5 топтық қондырғы екен. Қос көрінісі ерекше көз тартады. Аңадай жерде ақ бояуы күнге шағылысып еңселі сепаратор тұр. Осы сепараторға жер астымен жалғастырылған 15 скважинадан қарақошқыл, сұйықттау мұнай толас-сыз құйылып жатыр. Сепараторға құйылған мұнай сылдырында ерекше сыр сарыны бардай. Келіп жатқан мұнайды өлшегіш те осы жерде. Оның қылт-қылт еткен қызыл тілі

осы топтағы скважиналардың тәулігіне қанша мұнай өндіретінін дәл өлшеп, безбендейді. Алып сепаратор майды айырып насосқа, газды бөліп, алау болып жанып жатқан ошаққа айдайды. Осының бәрі техника күшімен атқарылуда. Сөйтсе де мұндағы оператор атқаратын жұмыс өте жауапты да қиын. Жер қойнауынан қысылып шыққан мұнай әркез осылай тыныш күйінде сепараторға ақтарыла бермейді. Кейде ала қашатын асау аттай сызаттанып, кез келген жаққа жосатыны бар. Сонда оператордан бастап, барлық мұнайшыға түсетін ауырлық сыны бір бөтен...

Төртпактау келген орта бойлы кісі қол беріп амандасты. Жөн сұраса келе оның 5-разрядты мұнайшы оператор екенін білдік. Есімі — Василий Александрович Кочан, краснодарлық екен. Мән-жайды түсіндіріп жатыр. Маңқыстауға келгеніне қуанышты. Осы өңірде туып өскендей мақтана сөйлейді. — Осы учаскедегі № 5 және 6 топтық қондырғылар көктем шыға тәулігіне 2300—2400 тоннадан мұнай өндіріп тұр. Мүмкіндігіміз тіпті мол-ақ, — дейді ол. Көктем күн қақтап, жерден жалын шарпыған бізді оператор қос-вагонға кіруге шақырды.

Қос іші кірсе, шыққысыз. Қабырға әсем безендірілген. Көрсеткіш ақпары да осында. «Факел» қабырға газетінің соңғы саны анадайдан көңіл аударарды. Кемекгер көсем В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай жасалған фотомонтаж да көрікті. Ұзынша келген шағын столдың үстінде газет-журналдар. Өз ойнаушысын дойбы, шахмат, домино да күтіп тұр. Коммунистік еңбек бригадасы деген абзал атағы бар бригаданың ұқыпты, еңбек сүйгіш жандардан құралғанын әрбір нәрсе дәлелдеп баққандай. Оператор Кочан сөз арасында әрбір мұнайшының айына 280—300 сом табатынын да айтып қойды.

Мұнайшы атағы кімге болса да өндірісте 12 жыл істегеннен соң барып қана беріледі екен. Сондықтан болар, олар қашанда өзінен гөрі өзгені мақтап, үлгі тұта сөйлеуді салтқа айналдырған. Сол дағдыға басқан оператор В. Кочан да өз жолдастары, озат мұнайшылар Ы. Жалғасбаев, И. Добренко, С. Бердіғожина, С. Тілеубаев, Б. Жұмырова, Ж. Оспанов, Ж. Ханжановалар туралы көп әңгіме шертті. Шағын коллективтің шынайы істерін баяндады. Әңгімені есітіп отырғанда анау маздап жатқан алауды осындай қарапайым еңбек адамдарының жүрек жалыны ма екен деп те қаласың.

...Толық, етженді келген, әдемі сақал-мұртты қария анда-санда демігін басып қойып, әңгіме шертіп отыр. Айтып отырғаны әңгіме емес, шежіре. Сонау Ұлы Октябрьдің алдындағы тақсиреті мен тауқыметі мол мұнайшының күйкі күйбінінен бастап күллі Ембі өңірінің гүлденген көркі, бүгінгі мұнайшының жарқын келбеті мен шадыман бақытын баяндай отырып, сөз түйінін Маңқыстау мұнайына әкеп тірейді. Көпті көріп, қыруар іс тындырған қарияның сөзі ерекше нанымды. Қарияның сонау көп жылғы жемісті еңбегінің айқын куәсіндей оның ескі пішінде тігілген кителінің өңіріне тағылған Ленин ордені мен Еңбек Қызыл Ту ордені жарқырайды. Сөйлей берсе, тындай бергің келеді. Бірақ сексеннің төрінде малдас құрған қарт мұнайшы Өтесін Жайлыбаев кідіріссіз сөйлей бермейді. Әңгіме әсері қандай дегендей анда-санда бізге сынай қарап қояды. Бұл қарт — Өтесінов Рахметтің әкесі.

— Қазіргі балалардың істеп жүргендері жұмыс па, — дейді әдейі өз баласын қиядағы қиындыққа баулитын бапкер, кәрі қыран секілді Өтекен. — Біз сонау Ембінің күллі өңірін кезінде жаяу аралап жүрген болсақ, бұлар машинамен шабады. Көліксіз адым аттап баспайды. Мұнайды барлаған, қазған қыруар техниканың тұрысы анау. Бұлардың еселеп еңбек етуіне әбден жардай жасалған. Кездесетін қиындық та көп шығар-ау, бірақ мұндай абыройлы істе оған мойымай, жеңе білу ер жігітке тән қасиет, — деп барып сөзін аяқтады еңбек ардагері.

Аталы сөз кімді болса да ойландырғандай. Көшпелі құм мен құрсаулы тастың қойнауында тұсап жатқан Маңқыстау мұнайын тауып, халық игілігіне айналдыру оңай шаруа болмағаны кімге де болса аян. Алда тұрған асулар да биік. Ата мұраты өз баласы Рахметті ғана емес, осы Маңқыстау мұнайының жорығында жүрген бар баласын сол қиындықтардан да тайсалмайтындай етіп, шындап шынықтыру. Мұнайшы кәсібін атадан балаға мирас еткен қадірменді қарияның қамқор сөзі бұл.

Қазір Маңқыстау мұнайы халық шаруашылығының қажетіне тасымал күйінде ғана жаратылуда. Ал Өзен — Шевченко — Гурьев — Куйбышев мұнай құбыры іске қосылған шақта ол сел болып арып, халық шаруашылығының күре тамырына нәр болып құйылады. Сонда еңбек қарқыны да үдей түсетін болады. Бұл күндері Өзенде тәулігіне 18—20 мың тонна мұнай өндіріледі. Биыл олар елімізге 7 миллион тонна мұнай беру үшін күресуде. Ол алынатын асу. Оған Маңқыстау мұнайшыларының бүгінгі қажырлы еңбегі куә.

Ш. ЕСМҰРЗАЕВ.

Жаңаөзен — Шевченко — Алматы

## ПОЛЬША ХАЛҚЫНЫҢ БАҚЫТЫ

Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесі өзінің негізгі Документінде империализмге қарсы, бейбітшілік пен әлеуметтік прогресс жолындағы күресте социализмнің дүние жүзілік системасы шешуші роль атқаратынын ерекше атап көрсетті. Социализм лагері және ең алдымен Совет Одағы қандай да болсын азаттық қозғалысын барынша қолдап отырады. Халықтардың осы достық семьясының қатарындағы мемлекеттер тарихи прогресті шапшаңдатуға, социализмнің бүкіл әлемде жеңіп шығуына көмектеседі. Сөйтіп социализмнің дүние жүзілік системасы адамзат тарихының дамуында шешуші факторға, күдіретті де қозғаушы күшке айналды. Қазір мұны социализмнің жаулары да мойындап отыр.

Осы туысқан социализм елдерінің берік семьясының іргелі де тең праволы және ажырамас мүшесінің бірі — Поляк Халық Республикасы. Екінші дүние жүзілік соғыстың от-жалынында дүниеге келген Польша топырағындағы тұңғыш халықтық, демократиялық республиканың отау тіккеніне міне ширек ғасыр болып қалды. Елде халықтық өкіметтің орнағанына 25 жыл толған торқалы тойын Польша социалистік елдердің туысқан семьясының құшағында, іргелі елге айналып, кемелденген шағында қарсы алды. Осы тарихи қысқа мерзімде өзінің экономикалық, мәдени және рухани өмірінде поляк халқы алып адыммен алға басты.

Егер қай елдің болсын халық шаруашылығының даму барысы ұлттық табыстың өсу дәрежесімен белгіленетініне жүгінсек, онда Польшаның жетістігі қомақты екенін бірден байқаймыз. Атап айтқанда, 1938 жылғымен салыстырғанда Поляк Халық Республикасының ұлттық табысы 4 есе ұлғайған. Осы мерзім ішінде ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру 1,6 есе көбейсе, өнеркәсіп өнімдерін шығару мөлшері 13 есе ұлғайды. Атап өтетін бір жәйт, өнеркәсіп өнімінің тек үстіміздегі жылғы өсімінің өзі елдің өнеркәсібінің соғысқа дейінгі бір жылда өндірген өнімінің құнынан асып түседі. Осы деректердің өзі-ақ социалистік шаруашылықтың капиталистік экономикадан түбегейлі артықшылығын айқын дәлелдейді.

Бір кездегі аграрлық елде ауыр индустрия ерекше өркен жайды. Мысалы, қазір жылына балқытылатын 11 миллион тонна болат Польшаның соғысқа дейінгі дәрежесінен 8 есе асып түседі. Поляк Халық Республикасы қалайы өндіру жөнінде дүние жүзінде жетінші орынға шықты. Химия өнеркәсібінің даму қарқынын да поляк халқы орынды мақтан етеді. Бұл өнеркәсіптің өнімі соғысқа дейінгі мөлшерден 50 есе асып түскен. Мәселен, үстіміздегі жылы жасанды талшық жан басына шаққанда 4 килограмнан өндірілгелі отыр. Өнеркәсіптің осы саласында Польша дүние жүзінде 9-шы орынға ие болды. Қазір елдің химия өнеркәсібі жылына бір миллион тоннадан аса азот, 600 мың тоннадай фос-

форлы тыңайтқыш өндіреді. Ал 1938 жылы тиісінше 42 және 43 мың тонна ғана өндірілген болатын.

Польшада өндірілетін бүкіл өнеркәсіп өнімінің 29 проценті машина жасау саласының үлесіне тиеді. Халықтық өкіметтің 25 жылы ішінде елде индустрияның екі жетекші саласы — кеме жасау мен энергетика жабдықтарын өндіру салалары жетіліп өркендеді. Негізі жаңа қаланған индустрияның осы екі саласының өнімдері сапасы жөнінен қазір дүние жүзілік дәрежеге көтерілді. Гданьскідегі, Щецин мен Гдыньдегі кеме жасайтын верфтер — Польшаның мақтанышы. Халықтық Польшада жасалған тұңғыш кеме суға 1948 жылдың ноябрінде түсірілген болатын. Бұл кеме верфь жұмысшысы, еңбек озаты Станислав Солдектің есімімен аталды. Польшаның кеме жасау жөніндегі жетістіктері шын мәнісінде ғажап. Республика бірнеше жылдан бері дүние жүзіндегі теңіз кемелерін жасайтын қуатты он мемлекет қатарынан берік орын алды, ал балық аулайтын кемелер жасау жөнінде Польша Жапонияны басып озып, бірінші орынға шықты. Совет Одағы поляк кеме жасау өнеркәсібінің негізін қалауға көмектесумен бірге одан кемелерді көптеп сатып алуда.

Ауыр өнеркәсіппен бірге республикада жеңіл және тамақ өнеркәсібі де жедел өркендеуде. Бұған елде ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету мәселесінің ойдағыдай шешілуі де себепкер болып отыр. Ауыл шаруашылығында ірі әлеуметтік және саяси шаралар қолданумен қатар оған көп қаржы жұмсалуда. Соның нәтижесінде соңғы үш жылда жиналған ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 14 процент артты, ал дәнді дақылдардың шығымдылығы гектарына 19 центнерден айналды. Ауыл шаруашылығы жұмыстарын механикаландыру жөнінде едәуір іс тындырылды. Тек соңғы бес жылда ғана село еңбеккерінің 115 мың трактор алғаны осының айғағы. Республикадағы 7 ауыл шаруашылық институты, 285 орта оқу орындары білгір мамандарды: инженерлер мен агрономдарды, зоотехниктер мен мал дәрігерлерін даярлап шығарады.

Барлығы адам үшін, оның материалдық әл-ауқатын жақсарту үшін — Польша Біріккен жұмысшы партиясы қызметінің түпкі мақсаты міне осы. Бұл салада әсіресе 1964—1968 жылдары, Польша Біріккен жұмысшы партиясының IV және V съездері арасында едәуір табысқа қол жетті. Әрбір жұмысшының еңбек ақысы 1963 жылы 1711 злотых болса 1968 жылы ол 2059 злотыхқа жетіпті, яғни 20 процент ұлғайған. Партия халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешуге күш салып келеді. Өткен бесжылдықта 1,9 миллион тұрғын бөлме пайдалануға берілді. Бұл мұның алдындағы бесжылдықтағыдан 34 процент артық.

Халықтық өкімет тұсында поляк халқы ғылым мен мәдениетті өркендетуде бұрын болып көрмеген шынға шырқады. Елдің жоғары оқу орындарында қазір 300 мыңнан аса студент оқып жүр. Бұлар негізінен жұмысшылар мен шаруалардың балалары. Поляк Ғылым академиясы — ірі ғылым ордасы және ғалымдар дүкені. Польшаның ғалымдары 130 халықаралық ғылыми мекеменің мүшелері және 141 шетелдік ғылыми қоғамдарда қызмет етеді. Поляктің аса көрнекті төрт ғалымы халықаралық ғылыми мекемелерді басқарады.

Жаңа, социалистік Польша жұртшылығының рухани өмірінде кітап елеулі орын алады. Қазір елде жұмыс істеп отырған 50 мыңдай кітапхананың 170 миллион томнан аса кітабы бар. Әрбір жүз адамның 30-ы кітапхана оқушысы болып отыр.

Партия елдің экономикасын одан әрі өркендетіп, социалистік әлеуметтік қатынастарды жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асырып келеді. Бұл міндеттерді орындауда экономикалық реформа елеулі роль атқара бастады. Реформа қазірдің өзінде бұл елдің өнеркәсібіне күшті ықпал ете бастады.

Польша Біріккен жұмысшы партиясы — поляк еңбекшілерінің сыннан өткен авангарды және жетекшісі. 1968 жылы Польша Коммунистік

партиясының құрылғанына 50 жыл толуын бүкіл ел салтанатты түрде атап өтті. Мұның өзі жаңа Польшаны — дүние жүзілік саясатта маңызды роль атқарып отырған, тәуелсіз социалистік мемлекетті құру жолындағы коммунистердің тарихи еңбегін жоғары бағалағандықтың тамаша айғағы еді.

Поляк халқына әлеуметтік бостандық әперу жолындағы қайтармандық күресі арқасында поляк коммунистері тек жұмысшылар мен шаруалардың ғана емес, интеллигенттердің маңдай алды өкілдерінің сүйіспеншілігіне ие болды. 1918 жылы олар Польшада жұмысшылар депутаттарының тұңғыш Советтерін құрған болатын. Ал ел басына күн туған шақта коммунистер астыртын жағдайға көшті. Қиын-қыстау жағдайда олар гитлершіл басқыншылармен аяусыз күрес жүргізген қарсыласу қозғалысын ұйымдастырды. Коммунистер Поляк әскерлері отрядтарының алдыңғы сапында шайқасты, Совет Армиясымен бірлесе отырып, Польша жерін фашистік жендеттердің езгісі мен азабынан азат етті.

Қоғамның жетекші күшіне айналған Польша Біріккен жұмысшы партиясы өз халқын социалистік жолмен алға бастап, бүгінде социализмнің берік іргетасын қалауда. Бұған жоғарыда келтірілген деректер толық айғақ. Польшада социализм тек экономика мен мәдениет саласында ғана емес, сонымен бірге елдің саяси өмірінде де берік орын тепкенін биылғы 1 июньде болып өткен сейм мен халық советтерін сайлаудың барысы мен қорытындысы айқын сипаттап берді.

Поляк Халық Республикасының қоғамдық-саяси құрылымының бір ерекшелігі сол, мұнда үш партия өмір сүріп отыр. Бірақ қоғам өмірінде Польша Біріккен жұмысшы партиясы шешуші роль атқарады. Оның қатарында қазір 2 миллион коммунист бар. Қалған екі партия — Біріккен шаруалар партиясы және Демократиялық партия маркстік-лениндік партия емес. Алайда бұған қарамастан олар социализм құрылысын жақтайды, коммунистердің басшы ролін толық мойындап, олармен бірлесіп қызмет етеді. Үш партияның осы мызғымас бірлестігі халықтық өкімет билігінің саяси негізін құрайды. Үкіметте, өкіметтің жергілікті органдарында осы екі партияның өкілдері бар. Барлық партиялар сайлауға ортақ программа — Халық бірлігінің майданы программасының төңірегіне топтасып қатысты. Осы Халық бірлігінің майданы Поляк Халық Республикасындағы халықтық биліктің бұқаралық тұғыры болып саналады.

Халық бірлігі майданының сайлау программасында поляк халқының социализмге адалдығы тағы да дәйектелді және осы жолдағы қол жеткен жеңістерге қорытынды жасалды.

Польша Біріккен жұмысшы партиясының Варшава воеводалық конференциясында сөйлеген сөзінде Владислав Гомулка былай деп атап көрсетті: Халық бірлігі майданының сайлау программасы сонымен қатар саяси партиялар мен үкіметтің, сейм мен халық советтерінің, саяси және экономикалық ұйымдардың, бүкіл халықтың программасы болып табылады. Бұл программада Польшаның таяу жылдардағы дамуының негізгі бағыттары белгіленген. Сондықтан да бүкіл халық бұл программаны бірауыздан қолдады.

1 июньдегі сайлауға 20,6 миллион адам қатысты. Бұл тізімге жазылған барлық азаматтардың 97,6 проценті. Осыдан Халық бірлігінің майданы ұсынған кандидаттарды жақтап 99,22 проценті дауыс берді. Бұл Польша Біріккен жұмысшы партиясының саясатын халық бірауыздан қолдайтынын дәлелдейді.

Польшада сеймге 460 депутат және воеводалық, қалалық, аудандық, селолық халық Советтеріне 165 725 депутат сайланды. Сайлау қорытындысы жұмысшы табының, бүкіл поляк халқының саяси сана-сезімінің өскендігін сипаттап берді.

Әрине халықтық Польшаның социалистік құрылыстағы қол жеткен табыстары, ең алдымен, Польша Біріккен жұмысшы партиясы бастаған жұмысшылар мен шаруалардың, интеллигенцияның жанқиярлық еңбегінің нәтижесі. Поляк Халық Республикасы халық шаруашылығының өрге басуында елдің Совет Одағымен және басқа социалистік елдермен өзара ынтымақ орнатып, өзара көмектесуі шешуші роль атқарғаны ақиқат. Польша республикасының әлеуметтік-экономикалық жағынан жан-жақты өркендеуі оның социалистік елдермен ынтымағына тікелей байланысты. Бұл ынтымақ ортақ идеология, туысқан партиялардың мақсат бірлігі негізінде өріс алуда. Поляк Халық Республикасы — Экономикалық Өзара көмек Советінің белсенді мүшесі. Польша әсіресе Совет Одағымен жан-жақты достық қарым-қатынасты өрістетуге зор маңыз береді. Поляк-совет достық ынтымағы сан салалы бағытта: саясатта, экономикада, ғылымда, техника мен мәдениетте өріс алып, екі жақ үшін де жемісті іске айналып отыр. Польшадағы жаңа салынған 500 өнеркәсіп орнының 93-і толығынан совет құрал-жабдықтарымен жарақталып, советтік техникалық көмек арқасында салынды. Соның ішінде Краков түбіндегі В. И. Ленин атындағы алып металлургиялық комбинат, «Варшава» сапалы болат заводы, Легництегі мыс қорыту заводы, Скавиндегі алюминий заводы, Варшава мен Люблиндегі автомобиль заводтары, Базуведегі күкірт қышқылы заводы, тағы басқа индустрия алыптарын атауға болады.

Екі ел арасындағы товар айналымы жылдан жылға өсуде. 1968 жылы товар айналымы 1,8 миллиард сомға жетті. Ал 1946 жылы ол 130 миллион сом болатын. СССР Польшаның сауда жөніндегі ең ірі серіктесі. Поляк Халық Республикасының сыртқы сауда товар айналымындағы оның үлесі 36 процент.

Социалистік Польша — экономикасы өркендеген іргелі ел. Ол өзінің ежелгі батыс жерлерін қайтып алды, қазір Варшава Договорына қатысушы басқа елдердің әскерлерімен бірге Польша Қарулы күштері өз шекарасының хауіпсіздігін берік қорғауда. Сонымен қатар Поляк Халық Республикасы Европа хауіпсіздігін қамтамасыз ету, дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолында және қоғамдық саяси құрылымы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі принциптерін берік сақтау жолында батыл күрес жүргізуде.

Міне сондықтан Поляк Халық Республикасы Варшава Договорын осы мақсатқа жету жолындағы маңызды құрал деп санап қана қоймай, оның белсенді бір мүшесі болып отыр. Мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру саясатын жүзеге асыруда Варшава Договорына қатысушы мемлекеттердің биылғы Будапештегі сессиясында қабылданған Үндеудің маңызы ерекше зор. Бұл Үндеуге қол қоя отырып, Поляк Халық Республикасы барлық мемлекеттердің жалпыевропалық конференциясын шақыру жөнінде ұсыныс жасады. Будапешт сессиясы мақұлдаған бұл конференцияда Европа хауіпсіздігінің мәселелерін талқылау, Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы Договор жасасу, Европа халықтарының бейбіт ынтымағын орнату проблемаларын талқылау ұсынылды.

Мұндай конференцияның шақырылуы және осы договордың жасалуы Европадағы барлық мемлекеттердің мүдделеріне жауап берер еді. Конференцияның соғысқа итермелейтін дау-жанжалдар мен алауыздықтарды ушықтырмау тәсілдерін табуға, сондай-ақ Европа елдерінің арасындағы ынтымаққа дәнекер болатын мәдени және экономикалық байланыстарды дамыту жолдарын көптеп-көмектеп табуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Дүние жүзінің жұртшылығы Будапешт үндеуін қызу мақұлдап, оның кезінде қолданылған шара екенін атап көрсетті. Европадағы бей-



бітшілік пен ынтымақтың сенімді бір тірегіне айналған Поляк Халық Республикасы мен Польша Біріккен жұмысшы партиясының бүгінгі тіршілігі мен ішкі-сыртқы саясаты осындай. Олардың бұл қызметін туысқан социалистік елдердің халықтары мен партиялары жоғары бағалауда.

Л. И. Брежнев, Н. В. Подгорный және А. Н. Косыгин жолдастар Польшаның қайта жаңаруының 25 жылдығына байланысты В. Гомулка, М. Спыхальский және Ю. Циранкевич жолдастарға құттықтау телеграмма жолдап, онда былай деп атап көрсетті: «Поляк халқының социалистік құрылыстағы тамаша жетістіктері, Поляк Халық Республикасының белсенді бейбітшілік саясаты, поляк халқының айбынды авангарды мен басшы күші — Польша Біріккен жұмысшы партиясының қызметіне тығыз байланысты.

Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Совет Одағының Коммунистік партиясымен және басқа туысқан партиялармен қоян-қолтықта са отырып, социалистік мемлекеттердің топтасқандығын жан-жақты нығайтуды, дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігін нығайтуды дәйектілікпен жақтап келді және қазір де жақтап келеді».

Польша Біріккен жұмысшы партиясы ұлттық мәселелерді шешу ісін интернационалдық борышты өтеумен шебер ұштастырудың ерекше зор маңызы бар деп санауда. Және өзінің күнделікті ісінде осы принципті басшылыққа алып отырады. Ол социалистік елдердің ынтымағы мен дүние жүзілік коммунистік қозғалысты нығайта беру жолында табанды күрес жүргізіп келеді. Польша Біріккен жұмысшы партиясы — халықаралық жұмысшы қозғалысының қатарын марксизм-ленинизм, пролетарлық интернационализм негізінде топтастырып нығайту жолында тынбастан күресуде. Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінде сөйлеген сөзінде Польша Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары В. Гомулка атап көрсеткеніндей, Польша Біріккен жұмысшы партиясы Мао Цзэ-дун тобының жікшілдік, авантюристік бағытын қатты айыптайды. Ол оппортунизмнің барлық көріністеріне, империализмнің арандатушы әрекеттеріне қарсы ымырасыз күрес жүргізеді, сөйтіп өзінің интернационалдық борышын орындайды.

Польша Біріккен жұмысшы партиясы бастаған поляк еңбекшілері марксизм-ленинизм туын жоғары көтере отырып, социализм құрылысында жаңа табыстарға жету жолында ілгері қарай берік қадам басуда.

П. КУЗЬМИН

УГ08376.	<b>РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:</b> Қ. САҒЫНДЫҚОВ (бас редактор), З. АЙТМАҒАМБЕТОВ (жауапты секретарь), Ә. АХМЕТОВ, С. БЕЙСЕНБАЕВ, Ш. ЕСМҰРЗАЕВ, Т. ЖАНКЕЛДИН, С. ҚОЖАМСЕЙІТОВ, Қ. МЕНДІБАЕВ, Т. ЫДЫРЫСОВ.
Зак. 20.	
Тираж 44226	

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, насихат және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03

7/VIII-1969 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×1081/16. 2,5 қар. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы. Алматы, Ленин проспекті, 4.